



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



1/2013

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ
ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ



Қоғам Дәуір

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры
Жауапты редактор
Үлес НЫСАНБЕК

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов

Беттеу
А. Жұмағалиева

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
кезқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.

Қоғам Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН	
Гүлбахар Халикова Елбасы Жолдауындағы заман талабына сай болатын білім беру жүйесінің басымдықтары	5
СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК	
Болат Әуелбаев Орталық Азия мемлекеттері мен Ауғанстан арасындағы энергетикалық және көліктік өзара әрекеттестікті дамыту шарттары	9
Нұрлыхан Әділжанов Орталық Азия және еуразиялық кеңістігіндегі қауіпсіздік мәселелері	18
ІШКІ САЯСАТ	
Гүлжан Қамырова, Әсем Қуанышова Президенттік-парламенттік басқару нысанына өтудегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі аясындағы реформалар	24
Лесбек Ілебаев Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесіндегі билік тармақтарының қалыптасуы мен өзара әрекеттестік мәселелері	34
ЭКОНОМИКА	
Мерuert Сейдуманова Қазақстанның инвестициялық қауіпсіздігін қамтамсыз етудегі шетелдік тікелей инвестициялардың рөлі	48

Салтанат Қондыбаева Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй саясатын жүзеге асырудың жаңа бағыттары: тұрғын үй бағасын бағалаудың оптималды-экономикалық моделі	58
ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ	
Құрманғали Даркенов 1921–1922 жылғы ашаршылық және «торғай ісі»	68
Кұлжазира Әбікенова Әліпби реформасы және қазақ зиялыларының қызметі.	87
Эльмира Телеуова Қазақ- қырғыз тайпаларының этно-саяси байланыстары тарихынан	95
Әбу Алпамыс Хан жарлықтары және дипломатиялық байланыстың зерттелу тарихынан	102
Қайсар Назарбек Діни экстремизм түсінігі және «ислам» экстремизмінің идеологиялық тамырлары	109
Түйіндеме	115



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ	–	редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Үлес НЫСАНБЕК	–	жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК	–	ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Рахман АЛШАНОВ	–	«Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ	–	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БҰРХАНОВ	–	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	–	әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ	–	ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
Ләйлә МҰЗАПАРОВА	–	ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Мараг ТӘЖИН	–	ҚР Мемлекеттік хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
Зарема ШӘУКЕНОВА	–	ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Булат СУЛТАНОВ – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
- Улес НЫСАНБЕК – ответственный редактор, заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Нуржамал АЛДАБЕК – заместитель председателя Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Рахман АЛШАНОВ – президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
- Маулен АШИМБАЕВ – депутат Мажлиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
- Камал БУРХАНОВ – депутат Мажлиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
- Қуанышбек КАРАЖАН – профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук
- Баглан МАЙЛЫБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Лейла МУЗАПАРОВА – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Марат ТАЖИН – Государственный секретарь РК, доктор социологических наук, профессор
- Зарема ШАУКЕНОВА – директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК

Елбасы Жолдауындағы заман талабына сай болатын білім беру жүйесінің басымдықтары

Гүлбахар ХАЛИКОВА,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың
Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің
ғылыми қызметкері

К

азақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жұртшылыққа арнаған Жолдаулары бағдарламалық құжаттардың арасында жыл сайын ерекше орын алады. Олардың ерқайсысында Елбасы ең негізгі және маңызды мәселелерді көтеріп, нақты шешім жолдарын көрсетеді.

«Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты» атты Жолдауында Елбасы мемлекетіміздің 2050-ші жылға дейінгі мақсаттарын белгілеп отыр. Оларды жүзеге асыру – «тәуелсіздік ұрпағының» міндеті. Сондықтан Жолдауда жастардың жарқын болашағының кепілі – инновациялық, сапалы білім мәселесіне үлкен көңіл бөлінді.

Н.Ә. Назарбаев ұлттық білім саласын жаңа деңгейге көтеру үшін төрт даму жолын жоспарлады:

1. Әлемдік тәжірибеге сай, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жана әдістеріне көшу;
2. Инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды қамтамасыз ету;
3. Жеке бизнестің, үкіметтік емес және қайырымдылық ұйымдарының, жеке адамдардың әлеуметтік жауапкершілігі білім беру саласында айрықша болуы;

4. *Оқыту әдістемелерін жаңғырту* және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту.

Бірінші бағыт бойынша 2010 жылдан бастап Елбасы бастамасымен көтерілген «Балапан» бағдарламасы жүргізіліп жатыр. Президент оның жүзеге асырыла бастаған сәттен бері 3 956 жаңа балабақша мен шағын орталықтар іске қосылғанын мәлімдеді.

Бағдарламаның 2013 жылғы 15 қаңтардағы жағдайы бойынша елде 8590 мектепке дейінгі ұйымдар қызмет етуде. Ондағы балалар саны 644,3 мың. Былтырғы жылмен салыстырғанда, желі 999 бірлікке артты (537 балабақша, 462 шағын орталық), балаларды камту – 6,2%-ға өсіп, 71,5%-ды құрады. Нәтижесінде Қазақстан балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен камту бойынша ТМД елдері аумағында алдыңғы қатарға шығып, жетекші елдердің көрсеткіштеріне жақындап келеді (80-90% камтылған).

Президент Жолдауында 2014 жылға дейін арналған «Балапан» бағдарламасын 2020 жылға дейін ұзарту керектігін айтты. Бұған дейін балаларға мектепке дейінгі білім беру көрсеткішін 100% дейін жеткізу міндетін қойды.

Сонымен қатар, *ұлттық экономиканың қазіргі және келешектегі талаптарына барынша сай болатын инженерлік білім және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту маңыздылығы үлкен.*

Бүгінгі таңда мұндай білім жүйесі, шынымен де, көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Олардың ішінде:

- 1) экологиялық қауіпсіздік және бірқалыпты даму;
- 2) жаңартылатын энергетика және энергия үнемдейтін тәсілдемелер;
- 3) жаһандық экономикалық өзгерістер және мемлекеттер арасындағы бәсеке қабілеттілігі;
- 4) ақпараттық технологиялар мен қауіпсіздік мәселелері.

ҚР Білім және ғылым Министірінің (БҒМ) хабарлауынша, Қазақстанда қазіргі кезеңде 882 кәсіптік-техникалық оқу мекемелері жұмыс істеп жатыр. Оның 513-ші – мемлекеттік, 369-зы – жеке. Онда 177 мамандық пен 416 біліктілік бойынша 609 мың студент оқуда. Өткен жылы кәсіптік-техникалық мектептердің жабдықтарын жаңарту мақсатында жергілікті бюджеттен 818,9 млн. теңге бөлінді. Күзден бастап БҒМ Дүниежүзілік банкпен бірлесе отырып Қазақстандағы техникалық-кәсіби білім саласын жаңғырту мақсатында үлкен жоба жүзеге асыруда.

«Мемлекеттік білім беруді дамыту» бағдарламасы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде мемлекеттік тапсырыспен оқыған және оқуларын бітірген соң бірінші жылы жұмыспен камтылған түлектердің үлесі 2015 жылы – 78%, 2020 жылы – 80% құрайтын болады.

«Жол картасы» бағдарламасының 2012 жылдың қыркүйек айының нәтижелеріне тоқталатын болсақ, индустриялық-инновациялық даму жобасына арналған кадрларды дайындау мемлекет тапсырысы бойынша 13 510 адам оқуға қабылданды, оқуды жалғастырып келе жатқандардың саны 14 589-ге жетті.

Сонымен қатар, Президент айтқандай, «жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет. Біз академиялық автономия кепілдігін берген жоғары оқу орындары тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс».

Әрине, сапалы білім – жақсы жұмысқа орналасудың кепілдігі. Сол үшін жұмыс берушілер мен білім беретін мекемелердің ынтымақтастық байланыстары – болашақтағы кадрлармен камтудың маңызды шарты. Осы міндетті жүзеге асыру бойынша техникалық және кәсіптік білім беру саласында кәсіпорындар мен оқу орындары арасында 22,1 мың келісім-шартқа қол қойылды және олар іске асырылуда. Білім алушылардың тәжірибеден өтуіне 170,3 мың жұмыс орны берілді. Жұмыс берушілер 5,5 мыңнан аса стипендиялар бөлді, 2091 оқытушы өндірісте машықтанды.

Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы жағдайында оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту назарға алынғаны жөн. Мәселен, дамыған мемлекеттерде студенттердің 90% ғаламтор арқылы білім алады және жоғары білім беретін мекемелердің арасында 80% онлайн-білім қызметтерін ұсынады. Осы тұрғыда, мемлекеттің алға басуына үлес қосатын отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіс. Оны орындау үшін Жолдауда айтылған келесі шараларды жүзеге асыру керек:

- Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми пәндерден арылу, сонымен бірге, сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет.
- Орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтарын өзгерту және тәжірибелік

біліктілік пен тәжірибелік машықтар бойынша бағдарламаларды қосу.

- Кәсіпкерлікке бағдарланған оқу бағдарламаларын, білім беру курстары мен институттарын құру.

Қорыта келгенде, ХХІ ғасыр – серпінді білім және ғаламтор заманы. Сапалы инновациялық білім жүйесі – бүгінгі және болашақ жастардың мақсаттарына жетуіне арналған тиімді құрал. Сондықтан мемлекетіміздің әр азаматы бүгінгі білім саласындағы мүмкіндіктерді қолданып, отыз дамыған елдің қатарына енуіне үлес қосуы керек.

Орталық Азия мемлекеттері мен Ауғанстан арасындағы энергетикалық және көліктік өзара әрекеттестікті дамыту шарттары

Болат ӘУЕЛБАЕВ,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың
Сыртқы саясат және халықаралық қауіпсіздік
бөлімінің меңгерушісі

Қ

азіргі таңда Ауғанстанмен көршілес мемлекеттерді Құрама Штаттардың аталынған елден өзінің әскери қосындарын шығару туралы шешіміне қатысты бас-талатын үрдістер алаңдатып отыр. Халықаралық қатынастардың барлық ойыншылары да АҚШ-тың аталынған шиеленістіктегі рөлінің маңызды екендігін түсінеді, және де Ақ үйдің ауған жеріндегі әскеріне қатысты шешімі мен оның жүзеге асу барысы Қауіпсіздікті қолдаушы халықаралық күштер (ISAF) мүшелерінің өзіндік саясатын өзгерту мен жаңалауға алып келетіндігін біледі.

Ауғанстандағы ішкі саяси жағдайға АҚШ және оның жақтастарының араласуына қатысты БАҚ құралдарында айтарлық-тай сын-пікірлер айтылғандығымен де, Орталық Азия елдері мен Ауғанстанмен көршілес басқа да аймақтық деңгейдегі державалар қазіргі таңдағы ауған жерінің тыныштығы мен тұрақтылығын сақтап тұратын күш ҚҚХК екендігін түсінеді.

Бірақ, Обама әкімшілігі мен АҚШ әскери басшылығы өз әскерінің бұл елде тұруына әскери-теңіз қосындарының алыс бо-

луы, таулы ландшафт пен Азия құрлығындағы сенімді серіктесінің болмауы қолайсыз жағдай тудыратындығын түсініп, Ауғанстаннан Халықаралық күш қосындарын біртіндеп шығару туралы шешімге келген болатын. Бұл үрдістің қарқын алуына Солтүстік Африка аймағындағы «қара нарыққа» әуе күштеріне қарсы қарулардың жаппай жеткізілуі де ықпал етті [1].

Қазіргі таңда орын алған әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс та ауған жеріндегі шиеленістіктің «қымбатқа» түсетіндігін танытып, қажетті шешімнің табылуына өз әсерін тигізді.

Осы айтылған мәселелер аймақтағы америкалық әскери тұрғыдағы қатысуды шектеді, бірақ та келесі бір маңызды – АҚШ аймақтық деңгейдегі геосаяси ықпалын сақтап қалады ма және ауған жеріндегі стратегиялық әскери базаларды сақтап қалу қандай артықшылықтар береді деген сұрақ туындайды.

Әрине, бұл жерде АҚШ-тың геосаяси ықпалына қатысты Х. Клинтонның «XXI ғасыр тарихының басым бөлігі Азия құрлығында жазылады, ал АҚШ өзінің жаһандық басшылығын сақтап қалуды көзден, бұл аймақта саяси, әскери және экономикалық салада резидент-держава ретінде қалуы тиіс» деген жауабын келтіруге болады [2].

Соған қарамастан америка әскерінің ауған жерінен кетуі АҚШ-тың Азия құрлығының дамуына ықпал етуін төмендетеді, бұл өз кезегінде батыс өркениетінің жақтаушысы рөліне нұқсан келтіреді.

Ал қазіргі таңда АҚШ және НАТО күштерімен серіктестік келісімге келіп отырған Ресей, Қытай, Үндістан, Пәкістан, Иран және Түркия секілді елдер батыс коалициясының әлсіреуін күтіп отыр. Бұл ретте аталынған елдердің әр қайсысының көздеген мақсаттарының ортақ мәнінің болғанына қарамастан, оған жету жолындағы ұстанған әдістері мен позицияларының әртүрлі екендігін атап өтуге болады. Ал Орталық Азия мемлекеттері секілді дамушы елдер Халықаралық күштердің кету кезеңінен кейінгі Ауғанстан мен аймақтық қауіпсіздігі мәселесін қазіргі күннен бастап-ақ талқылауға көшкен.

Бұған жақын күндерде Алматы қаласында өткен Стамбул процесі меншара барысында қарастырылған мәселелер мысал болады. Кезеңде су барысында сөз сөйлеген ҚР Президенті Н. Назарбаев: «Ауғанстан жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Елдегі Халықаралық күштердің шығарылып, қазіргі таңда ауған жерінің басым бөлігі Ұлттық Үкімет құзырында. ... Бірақ, халықаралық күштердің шығарылуы Ауғанстанға деген әлем назарының төмендегенін танытпау қажет.

...Негізгі мақсат – ішкі келсімге қол жеткізіп, ұзақ мерзімдік бейбітшіліктің негізін қалау. ... Әлемдік қауымдастық бұл талпынысты қолдауы тиіс. ... Халықаралық қолдау бағдарламасының негізгі элементі – Ауғанстанның экономикалық жаңартылуы. Аймақтағы экономикалық интеграцияны дамытып, оған Ауған елін барынша тарту қажет. ... Аймақтық интеграцияның жақтаушысы болып отырған Қазақ елі аймақтық көліктік инфрақұрылымды дамытуға айтарлықтай қаржы салып отыр» деп атап өтті.

Жоғарыда айтылғандай қазіргі таңда әлемдік геосаяси зерттеулердің өзекті мәселесі Ауғанстан, Орталық және Оңтүстік Азия елдері арасындағы өзара тығыз аймақтық әрекеттестікті қалыптастыру болып отыр. Бұл ретте көліктік-байланыс, энергетикалық және инфрақұрылымдық жобаларды жасау мен жүзеге асыру жоспарлары барлық аймақ елдері тұрғысынан қарастырылып, талқылануда.

Мысалы, Парсы тілдес мемлекеттер одағы аясында Иран, Ауғанстан және Тәжікстан елдері арасындағы жолдар жүйесін жасау жобасы бар. Сонымен бірге Қытай да Орталық Азия аймағында автокөлік жолдарын дамыту және электрэнергиясы желілерін тартуға айтарлықтай инвестиция салып, аймақтағы тау-кен орындарының қолжетімділігін арттыру мақсатында Қырғызстан мен Ауғанстанда темір жол тораптары мен жолдар құрылысын жүргізуді жоспарлап отыр.

Үндістан да өз кезегінде орталықазия аймағы мен Ауғанстанның көліктік-энергетика жобаларына белсене ат салысып, Тәжікстанның Айни қаласындағы әуежайды жаңалау жоспарын жүзеге асыруда. Дели мен Кабул арасындағы 2011 жылғы стратегиялық серіктестік туралы хаттама аясында Үндістан өзінің сыртқы экономикалық қызметін ауған тарапы негізінде кеңейтуді көзден, қазіргі таңда Ауғанстан экономикасына инвестиция салудан 2,1 млрд АҚШ долларымен алтыншы орында тұр.

Ауғанстанның тағы бір көршісі Пәкістан елі де екі мемлекет арасындағы көліктік тасымалдауларды арттырған, және де Исламабад пен Кабул арасында Тәжікстан мен Қырғызстаннан электрэнергиясын тасымалдау, ал Түркменстаннан газ тасымалы туралы көпбағыттық келісімдер жасалынған.

Аймақаралық байланыстардың дамуына деген кешендік көзқарасты АҚШ-тың «Жаңа Жібек жолы» стратегиясынан байқауға болады. АҚШ әрекетінің бұл тұжырымдамасын жасаған авторлардың пікірінше, әскери қосынның шығарылуынан соңғы кезде АҚШ бар қызметі мен әрекеті тұрақты ауған экономикасын қалыптастыру мен аймақаралық байланыстарды нығайтуға бағытталуы тиіс. АҚШ пен

НАТО өкілдері әскери-саяси дағдарыстан шығудың жолы ретінде Ауғанстан экономикасын келесі бағыттар бойынша дамыту маңызды болмақ:

- 1) Ауған ұлттық көлік жүйесін қалыптастыру:
 - Мазари-Шариф, Кабул, Кандагар, Герат қалаларын өзара біріктіретін 3000 шақырымдық ауған айналма тас жолын қалпына келтіру және Герат-Кабул жаңа көлік жолын салу;
 - трансауғандық темір жол желісін аяқтау. Келешекте оны Гераттағы ирандық темір жолмен қосу, Хайратон-Мазари-Шариф-тен Гератқа дейінгі желі, және де Кандагар-Спин Болдақ бағытын салу жоспарланған.
 - автокөлік және темір жол қатынастарының халықаралық көліктік байланыс желілеріне, оның ішінде бірінші кезекте пәкістандық Гвадар айлағына шығу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
 - Ауғанстан жерінде теміржолдың үш түрі – еуропалық, еуразиялық және үнді-пәкістандық үлгілерінің түйісетін көліктік хабын жасау.

2) Ауғанстанды аймақтық және жаһандық энергетика нарығына қосу:

- өзбек, тәжік және түркмен электрэнергиясын Ауғанстан және одан ары Пәкістанға экспорттау мүмкіндігін арттыру;
- халықаралық құбырлық тасымалдауды дамыту: орташа кезеңде – ТАРІ газқұбырын; ұзақ мерзімдік жоспар бойынша – «Қазақстан-Түркмения-Ауғанстан-Пәкістан» мұнай құбыры қарастырылады [3].

АҚШ тарапынан ұсынылған бұл бастама халықаралық конференциялар мен жоғарғы деңгейлік саяси кездесулерде талқыланды, сонымен бірге АҚШ Мемлекеттік департаменті мен Иран, Пәкістан және орталықазия елдері арасындағы екіжақты кездесулерде қарастырылды.

Орталық Азия елдері мен Ауғанстан өзінің геосаяси тиімді орналасуы тұрғысынан көліктік-энергетикалық және байланыс салаларындағы өздерінің транзиттік әлеуетін арттыруға айтарлықтай мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар кең ауқымды өзара тиімді сауда жүргізуге қажетті өзіндік ресурстарға ие.

Қазірдің өзінде-ақ Орталық Азиядан Ауған жеріне, одан ары Оңтүстік Азия аймағына бағытталған энергетикалық тасымалдау жоспарлары жасалынып, аймақаралық көліктік инфрақұрылымды кеңейтуге әлеует танытып отыр.

Соңғы онжылдықта Орталық Азияның энергетикалық саласында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Мысалы, Өзбекстан

2009 жылдың желтоқсанында Орталық Азияның Біріккен энергетикалық жүйесінен (ОА БЭЖ) шығу туралы мәлімдеме жасады. Осы жылдар аралығында өзбек үкіметі өз энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты белсенді түрде саясат жүргізді. Өзбекстанның энергетикалық жүйесін жаңарту жобасына на беделді шетелдік компаниялар – жапондық Mitsubishi Heavy Industries Ltd корпорациясы, испандық Inites Energia SA инжиниринг фирмасы, германдық Siemens компаниялары қатысты. Несиенің негізгі бөлігін Өзбекстан даму және қалпына келтіру қоры, Ислам даму банкі, Азия даму банкі, Қытайлық Эксимбанк, Жапондық халықаралық даму банкі және басқа да коммерциялық банктер қаржыландырды.

2009 жылы «Өзбекэнерго» мемлекеттік-акционерлік компаниясы «Сурхан» подстанциясынан ауғандық Хайратон қаласына дейін 220 кВ электр желісін жүргізді, ал 500 кВ желіні «Гузар» ПС «Сурхан» ПС дейін тарту арқылы Ауғанстанға шығарылатын өзбектік электр энергиясының экспортын 300 мВт жеткізді. Осылайша, Ауғанстанға электр энергиясын жеткізушілер арасында Өзбекстан жетекші орынға шығып, алдағы уақытта осы бағыт бойынша экспорттық әлеуетті арттыруды көздейді [4].

Өзбекстан әрекеттерінен соң тәжік басшылығы 2010–2011 жылдары электрэнергиясының өткізу нарығының болмауына байланысты ірі су қоймаларындағы суды көктем-жаз айларында босқа ағызуға шешім шығарған. Бұл өз аймағында 220 кВ «Сантуд» – Пули Хум-ри» электр тасымалы желісін салу қарқынын арттырды. Сонымен қатар жоба бойынша жұмысты жүргізуші KEC International и RPG Transmission үнділік бас мердігердің өтініші бойынша Тәжікстан билігі аталынған желінің ауған жеріндегі салынуының кедергілеріне қатысты Ауғанстан президентімен келіссөздер жүргізді. Сонымен қатар Өзбекстанға тәуелділікті жою үшін Тәжікстанда республиканың барлық аймақтарын біріктіретін 110 кВ «Север (Варзоб) – Айни», 220 кВ «Худжанд – Айни» электр желілері салынып, біртұтас энергетикалық шеңбер қалыптастырылды.

Ресми Ташкенттің ОА БЭЖ шығу туралы шешімі Кыргызстан мен Қазақстанға да ықпал етіп, осы салада Датқа-Кемин-Алматы электр тасымалы желісі құрылысын бастау бойынша өзара әрекеттестік негізін салды.

Датқа-Кемин жобасын жүзеге асыру үшін АҚШ агенттігі қаржысына Auriga Corporation фирмасы ТЭН жасады. Бірақ та, 2012 жылы бұл жоба өзгеріске ұшырап, құны 390 млн долларға артты.

ЭТЖ салуға қытайлық TBEA компаниясы тартылып, ол 342 млн долларға желінің қуатын арттырусыз үлгісін жасауға келісті, ал қуатты арттыруға қосымша 48 млн доллар бөлінді.

Сонымен қатар Қазақстанда 2009 жылы «Солтүстік-Оңтүстік Қазақстан» электр тасымалы желілері құрылысының аяқталуы мен 2011 жылы Мойнақ ГЭС іске қосылуы мен Балқаш ЖЭС жобасы оңтүстік облыстардағы қырғыз электр энергиясына деген тәуелділікті төмендетеді [5].

Осыған байланысты Қырғызстан мен Тәжікстанның өндірушілік қуаттары Ауғанстан мен Оңтүстік Азияға бағытталды, бұл CASA-1000 бағдарламасының негізі болып отыр. Тәжікстанның жеріндегі Сангтуда ГЭС – 1 және 2, салынуы тиіс Рогун суқоймасын, сонымен бірге Қырғыз еліндегі Қамбарат ГЭС – 1 және 2 есепке аларт болсақ аталынған елдердің экспорттық әлеуеті артады.

Ауғанстанға электрэнергиясын тасымалдаушылар арасында Түрікменстанда өзіндік маңызға ие. Бұл ортазиялық ел ОА БЭЖ 2003 жылы шыққан болатын, сондықтан да оның дамуы аймақтық қатынастарға айтарлықтай ықпал етпеді. Тәуелсіздік жылдарында республиканың энергожүйелері жаңартылды, оған көптеген шетелдік корпорациялар: америкалық General Electric, француз Schneider Electric, германдық Siemens AG және бірқатар түрік компаниялары қатысты.

Ғасыр басында Түрікменстан Ауғанстанға бағытталған 120 шақырымдық Серхетабад (бұрынғы Кушка) – Герат – Балх аймағы электр желісін тартып, Гератта электрстансасын салды. Екіжақты келісімдерге сәйкес Түрікменстан жыл сайын Ауғанстанға 325 млн. квтс электр\энергиясын экспорттайды. Қазіргі таңда түріктік Lotus Proje Akayakit Enerji Madencilik Telekomunikasyon Insaat Sanayi Taahhut ve Ticaret A.S. компаниясы Лебап облысында инфрақұрылымдық жұмыстар жасауда, оның ішінде Мары ГЭС – Атамурат ЭЖ, одан ары ауғандық Андхой қаласына дейін желі тартуды. Аталынған желінің 125 шақырымдық бірінші кезеңі 390,5 млн АҚШ долларын құрайды. Екінші кезеңде Сердар-Зергер-Атамурат аралығында 300 шақырым болатын ЭЖ-500 салу жоспарланған, бұл Ауғанстанға бағытталған энергия тасымалын 5 есе арттырып, көрші елдің тұтыну мүмкіндігінің 70% қамтып, артығын Пәкістанға экспорттауға мүмкіндік береді. Жалпы құны 390 млн АҚШ доллар болатын бұл жобаны Түрікменстан үкіметі толығымен өз мсойнына алып отыр [6].

Орталық Азия елдеріндегі энергетикалық саладағы өзгерістермен қатар көліктік-байланыс саласында жаңару үрдісі орын алауда. Жал-

пы ұлттық көлік жүйесінің даму үдері көп жағдайда энергетикалық желілер инфрақұрылымының дамуымен ұқсас келеді, тек темір және автомобиль жолдарына шетелдік инвесторлар қаржыны сыртқы экспортқа негізделген құбыр немесе ЭТЖ қарағанда айтарлықтай аз мөлшерде салады. Осыған байланысты көлік магистральдары мен логистикалық дамудағы бар салмақ мемлекеттік бюджет пен ұлттық компаниялардың үлесіне тиеді. Мысалы, Қазақстандағы солтүстік облыстарды елдің батысындағы Ақтау портымен байланыстыруға негізделген Хромтау-Алтынсарин темір жол тарауына жалпы 230,8 млн АҚШ доллары шығындалса, оның 25,85 млрд теңгесін республикалық бюджет, ал 4,16 млрд долларын «Қазақстан темір жолы» ҰК қаржыландырды.

Бірақ, орталық азия аймағы шекарасына жақындаған сайын көлік саласына салынатын инвестицияның тартымдылығы көрсеткіші өзгереді. Дәл осындай жағдайды Өзбекстан үшін стратегиялық болып саналатын ішкі облыстарын біріктіретін темір жол шығынынан да көреміз. Мысалы, 1996–2001 жж. салынған 342 шақырымдық «Навои-Учкудук-Султануизда-Нукус» темір жолына 100 млн доллар жұмсалып, ол толығымен «Узбекистон темир йуллари» МК тарапынан қаржыландырылды. Бұл тарау Новои облысы мен Қарақалпақстанды өзара жалғастырды. Сонымен қатар «Ташгузар-Бойсун-Қумқурган» теміржол тарауын аяқтауға Жапон халықаралық ынтымақтастық банкінің 151,47 млн доллар қаржысы (жалпы жоба құны 447 млн доллар) пайдаланылды. Бұл жол да Түрікменстанды айналып өтіп, Қашқандария және Сурхандария облыстарын жалғастыруға негізделді. Оның жобасына, инженеринг қызметі, құрылыстық бақылау қызметі үшін Japan Transportation Consultants Inc. тартылды.

2011 жылдың басында ұзындығы 389 шақырым болатын Мараканд – Карши – Ташгузар – Байсун – Қумқурган теміржол бөлігін электрлендіру басталды, оның жалпы құнының 156 млн долларын «Узбекистон темир йуллари» МК, 163,4 мн долларын жапондық JIBIC банкі және 50 млн долларын Өзбекстан даму және қалпына келтіру қоры өтеді. Сонымен қатар 2004 жылы 320 шақырымдық Келес-Самарканд теміржол бөлігі қалпына келтірілді, оған қажетті қаржыны (70 млн доллар) Азия дму банкі бөлді. Бұл теміржол бөліктерін қалпына келтіру ұлттық темір жол жүйесін біріктіріп, оның қазақ-өзбек шекарасынан Амудариядағы өзбек-ауған өткізу бекетіне дейінгі жерді қамтуға мүмкіндік берді. Осылайша, Өзбекстанның транзиттік әлеуеті артты, бұл Ауғанстанға НАТО-ның Солтүстік жеткізу жолы жүзеге асқанда анық байқалды.

Ауған сыртқы істер министрі А. Абдуллоның 2004 жылғы Ташкентке іссапары барысында Термезден Хайратон арқылы Мазари-Шарифке дейінгі 80 шақырымдық теміржол салу мәселесі келісілді. Бұл кезеңде Өзбекстан АҚШ тығыз байланыста болғандықтан, Ауғанстандағы көлік магистралдарын қалпына келтіру мен жанартуға қатысты америкалық бастамаларды қолдаған еді.

Өзбек басшылығы Мазари-Шариф, Шиберган, Герат және Кандагар арқылы өтіп, Иран мен Пәкістанның халықаралық порттарына шығатын трансауғандық дәліздің құрылуына мүдделі болатын. Осы жоспарға сәйкес ТЭН құжаттары да дайындалды, бірақ АҚШ пен Өзбекстан арасындағы қатынастар салқын тартып, Ташкенттің Мәскеумен одақтастық байланыстарды жандандыруы бұл жобаның жүзеге асуын кешуілетті [7].

2008 жылдың қараша айында АДБ, Өзбекстан және Ауғанстан үкіметтері арасында «Хайратон – Мазари-Шариф – Герат» теміржолын салу туралы меморандумға қол қойылды. Құрылысқа жетті 165 млн АҚШ долларын АДБ қаржыландырып, құрылысты 2010 жылдың наурыз-қараша айларында «Узбекистон темир йуллари» МК жүргізді. Темір жолдың жалпы ұзындығы 106,5 шақырым, ал негізгі жол ұзындығы 75 шақырым болады [8].

Өзбек теміржол көлігі жүйесінің мысалынан көріп отырғанымыздай байланыс жүйесі геосаяси маңызға ие болып, құрылысқа қажетті қаржыны көп жағдайда мүдделі тараптар мен халықаралық қаржы ұйымдары бөледі.

Қырғызстандағы көлік коммуникациясының дамуы мәселесіне жақын мерзімде салынуы тиіс Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан темір жолы мысал болады. Бұл жоба бойынша келісімдер 2011 жылдың соңында аяқталып, жобаның ТЭН мен құрылысын қытайлық «China Road» және China National Machinery Imp. & Exp. Corporation компаниялары жүзеге асырады деп шешілді.

Темір жол бағыты шамамен қытайлық Қашқар қаласынан (Шыңжаң аймағындағы темір жолдың оңтүстік нүктесі) шекаралық Торугарт арқылы Арпа жазығы – Ферғана жотасы – Узген және Өзбекстандық Қара-Суу мекеніне дейін болады. Жобаның құны жалпы шамамен 1 миллиард 350 миллион АҚШ долларын қамтиды. Бұл жобаның жүзеге асуы барысында Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Ауғанстанды қамтитын біртұтас темір жол бағыты пайда болады.

Осылайша, АҚШ-тың «Жаңа Ұлы Жібек жолы» стратегиясы бойынша қарқынды түрде Ауғанстанның көрші аймақтарында

инфрақұрылымды дамыту және де аймақ елдерінің ауған жұртын аймақтық экономикалық ынтымақтастыққа тарту көзделінген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Игнатченко И. НАТО открыл ливийский ящик Пандоры // www.ng.ru
2. Хиллари Клинтон: США делают «разворот» и хотят стать «державой-резидентом» в Азии // www.regnum.ru
3. S.Frederick Starr, Andrew C.Kuchins. The Key to Success in Afghanistan. A Modern Silk Road Strategy. Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. Silk Road Paper. May 2010. – P. – 33-404
4. Давыдов А. Узбекистан продолжает оставаться основным поставщиком электроэнергии в Афганистан // www.centralasiaonline.com; Узбекистан построит новую ТЭС для повышения экспорта электроэнергии в Афганистан // www.news.olan.uz
5. Казахстан намерен ограничить импорт электроэнергии из Кыргызстана // www.trend.az; Казахстан стал независимым от импортных поставок электроэнергии // ИА «Казахстан Сегодня», 17 сентября 2009 г. // www.kaz-news.info
6. В Туркменистане начинается официальный визит президента Афганистана // www.trend.az; Туркменистан собирает статью ведущим поставщиком электроэнергии в Афганистан // www.afghanistan.ru; Туркменистан намерен в пять раз увеличить объем экспорта электроэнергии в Афганистан // www.turkmenistan.ru
7. Зачем Узбекистану афганская железная дорога? // www.fergana.news.com
8. В Афганистане запустили железнодорожное сообщение // www.regnum.ru.

Орталық Азия және еуразиялық кеңістігіндегі қауіпсіздік мәселелері

Нұрлыхан ӘДІЛЖАНОВ,
Л. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
докторанты

Күрделі геосаяси үдерістер мен экономикалық интеграцияның өсуіне байланысты соңғы жылдары Еуразиялық кеңістігіндегі қауіпсіздік қатынастардың құрылымы әртүрлі өзгерістерден өтті. Бұл жағдай өзара сенімділіктің, ұлттық егемендік пен жан-жақты ынтымақтастықтың негізінде қауіпсіздік саласындағы жаңа қатынастар моделінің қалыптасуы қажеттілігін белгіледі.

Еуразиялық ой-пікір мектебінің дәстүрлер талдауы және жаңа шынайылықтың теориялық түсінігі бүкіл еуразия материгінде еуразиялық геосаяси кеңістікті кеңейту түсінігі мен өңірлік қауіпсіздік мәселелерін атап көрсетеді.

Күштер тендігінің деңгейін төмендету мен мүдделер тендігіне жету арқылы өңірдің елдері арасындағы қатынастарды жаңарту болашағы қолжетімді болып көрінеді. Бұл жағдай Еуразиядағы халықаралық өмірінің заманауи динамикасы қарама-қайшы ынтымақтастықпен күш бәсекелестігімен анықталады.

Еуразияда қауіпсіздік өңірлік режимдерінің барлық негізгі модельдері ұсынылған: жалпы қауіпсіздік (Common Security), ұжымдық қауіпсіздік (Collective Security) және ынтымақтастық негізіндегі қауіпсіздік (Cooperative Security).

Бірінші, жалпы қауіпсіздіктің концепциясы өзара келісім және конфронтациядан бас тарту негізінде қауіпсіздік мәселелерінің жолдарын көздейді; оның негізінде жалпы мүдделердің жеке мүдделерінен асу принципі бар. Мүдделердің бірізділігі мен қауіпсіздіктің жалпы қаупі. Оларды аталған қауіптерге қарсы шығу бойынша өз күштерін үйлестіруге итермелейді. Еуразиялық өңірге

негізгі қауіп төндіретін, тұрақсыздандыратын – бұл діни экстремизм, халықаралық терроризм, есірткі трафигі, энергетикалық қауіпсіздік болып табылады.

Дінге экстремизм өңірдің екі жанжал аумағынан шығады: Синьцзян-Ұйғыр автономдық ауданы мен Ферғана алқабы Орталық Азияның бірнеше мемлекетін біріктіретін облысынан (Қырғызстан – Ош, Жезал-Абад, Баткент; Өзбекстан – Андижан, Наманған, Ферғана, Тәжікстан – Соғдия).

Ферғана алқабындағы экстремисттердің әрекеттерінен шығатын қауіпті 2005 жылы Андижан оқиғалары толық түрде көрсете алды.

Исламисттердің жоспарлары бойынша алқапта билік орнатудың сәтті мүмкіндігі Қырғызстанға, Өзбекстанға және Тәжікстанға ислам әсерінің орнатылуына әкелуі мүмкін болды. Мұндай жағдай әлемдік Халифаттың орнатылуына елеулі кадам болар еді.

Бірыңғай ислам мемлекетін құру идеясы – 1995 жылы құрылған Бостандық ислам партиясы (Хизб ут-Тахрир) тарапынан ұсынылды.

Ферғана алқабындағы Хизб ут-Тахрир идеяларының өсіп жатқан тарихи және әлеуметтік-экономикалық бағыттағы себептердің кешенімен түсіндіріледі.

1999 жылы, Өзбекстанның Ислам қозғалысы Ош облысына енгеннен кейін Баткент облысы құрылған болатын. Бұл Қырғызстанның ең кедей аумақтарының бірі. Облыс шеңберіндегі мемлекеттік шекара өте күрделі және көптеген шекаралық өткелдермен қамтамасыз етілген. Баткент облысының аумағында үш ірі анклав орналасқан – Сох және Шахимардан (Өзбекстан), Ворух (Тәжікстан). Сан-килы этникалық көрініс, шекара арқылы адамдардың, тауарлардың жылжуы кезіндегі мәселелер өңірдегі күрделі жағдайды туғызады. Осы факторларға орай дағдарысты болдырмау бойынша халықаралық топ 2001 жылы Баткент облысын «жанжалдар көбейткіші» деп атады.

Есірткілерді заңсыз тасымалдау мен айналымы еуразиялық мемлекеттер үшін дәстүрлі емес және үлкен қауіптердің бірі болып табылады. Ресей және Қазақстан Еуропамен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы «ауыр есірткілердің» транзиттік аумағына айналады. Ауғанстаннан шығатын есірткі Өзбекстанның, Түркменстан мен Тәжікстанның шекаралары арқылы тасымалданады. Бұл қауіптер күн тәртібіне есірткітрафигі мен наркоманияға өзара қарсылық әрекеттерді қалыптастыру мәселесін қояды.

Энергетикалық қауіпсіздіктің мәселесі Орталық Азия елдерінің энергетика саласындағы өзара әрекеттесудің тиімді жүйесінің

құрылуымен және өз ресурстарын сыртқы қол сұғушылықтардан қорғаумен байланысты. Қазақстан, Өзбекстан, Түркменстан және өңірдің басқа да елдерінің мақсаты өз энергетикалық жобаларын кедергісіз толық түрде жүзеге асыра алатын арнайы қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру және өңірде тұрақтылықты сақтау.

Екінші, ұжымдық қауіпсіздіктің концепциясы – бұл мемлекетаралық ынтымақтастық жүйесі болып табылады, ол кезінде қатысушылардың біреуіне қарсы жасалған зұлымдық актісі барлық жүйеге қарсы жасалған зұлымдық ретінде танылады. Сыртқы агрессордан қорғау мақсатында құрылатын альянстар мен коалициялармен салыстырғанда, ұжымдық қауіпсіздік «ішкі жағына», зұлымдық әрекеттерді жасай алатын жүйенің қатысушысына қарсы бағытталуы мүмкін. Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің тиімділіктеріне зұлымдыққа қарсылық көрсете алумен қатар, олардың халықаралық ынтымақтастық пен сенімділікті жалпы нығайту да жатады. Еуразиялық кеңістігіндегі өзгеше қауіпсіздік институты ретінде Ұжымдық қауіпсіздігі туралы келісім ұйымы (ҰҚКҰ) қызмет етеді, оның жауапкершілік аумағына Еуразиядағы дәстүрлі, сондай-ақ жаңа қауіптер кіреді. Шекаралық мәселелерді шешумен және сыртқы саяси қауіптерді болдырмаумен қатар, ҰҚКҰ есірткітрафигіне қарсы күрес сияқты маңызды мәселелерді шешеді. Бұл бағытта жыл сайын «Арна» арнайы операция өткізіледі. ҰҚКҰ Жарғысында (Бүгінгі күні оның құрамына Ресей, Қазақстан, Беларусь, Армения, Қырғызстан, Тәжікстан кіреді) бейбітшілікті, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту мен қатар тәуелсіздіктің, аумақтық, бірізділік пен мше-мемлекеттердің егемендігін ұжымдық негізіндегі қорғау да маңызды болып табылады. Өзбекстанның ұйымнан екінші рет шығуына байланысты ұйым ішіндегі құрылымдық мәселелерге қарамастан, болашақта ҰҚКҰ оның құрамына кіретін елдердің әскери-техникалық байланысты сақтайтын және өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі ұйым болып қалады.

Үшінші, ынтымақтастық негізіндегі қауіпсіздік концепциясы барлық жағынан жалпы қауіпсіздік концепциясымен ұқсас. Ынтымақтастық негізіндегі қауіпсіздік көбінесе қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттер арасындағы дипломатиялық ынтымақтастық ретінде танылады. Күштер теңдігінің концепциялары әскери жағдайлардағы мемлекеттердің іс әрекеттерін қарастырады, ал қауіпсіздік концепциясы ынтымақтастық арқылы превентивті дипломатиямен әскери-саяси сенімділік шараларына, нақтылай айтқанда қауіпсіздік мәселелері бойынша тұрақты халықаралық арналарын

және шешім қабылдау тетіктерінің қалыптасуына көп көңіл бөледі. Еуразиядағы ынтымақтастық негізіндегі қауіпсіздік режимінің мысалы ретінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы бола алады. 1996 жылдың сәуір айында ҚХР, Қырғызстанның, Қазақстанның, Ресей мен Тәжікстанның өкілдері «Шекара аумағында әскери саладағы сенімділік іс-шараларды нығайту туралы» келісімге қол қойды. Бұл келісімге сәйкес бұрынғы кеңес-қытай шекарасының екі жағы бойынша 100 шақырым ашықтылық және әскери сенімділік аумағы белгіленді. Уақыт өте келе «Шанхай бестігі» ұдайы қызмет ететін жан-жақты форумға айналды, оның жұмыс топтарының шеңберінде еуразиядағы ядролықсыз аумақ жобасы әзерленді, халықаралық терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа және есірткі трафигіне қарсы күреске бағытталған трансшекаралық ынтымақтастық жобаларының талқылауы басталды. Шанхайлық ұйым халықаралық экономикалық режимінің және қауіпсіздік режимінің перспективалық нысаны болды.

Қазіргі уақытта мұнда ұйымды Еуразияда және одан тыс аймақтар арқылы географиялық кеңейту перспективалары байқалады. Бақылаушы-мемлекеттер дәрежесін Ауғанстан, Үндістан, Иран, Монғолия, Пәкістан және сұхбаттасу бойынша серіктес елдер Беларусь, Түркия, Шри-Ланка алды.

Шанхайлық ұйым Орта Азияда Ресейлік жән Қытайлық қауіпсіздік тәсілдерін қолданады. Бұл жағдай ШЫҰ-да бар ішкі шиеленістердің себебі болды. Бастапқы кезде ұйымның мақсаты «үш зұлымдыққа» қарсы күресу болды: сепаратизм, экстремизм және терроризм. Уақыт өте келе Орталық Азия елдерінің көбі үшін бұл мәселе өз өзектілігін жоғалтты. «Шанхай бестігінің» барлық мүшелері үшін діни экстремизм жалпы мәселе болып қалуда. Алайда, ұйым қауіпсіздіктің жаңа қауіптеріне жедел ықпал етіп, Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және өңірдегі жалпы дамуды өз жауапкершілігіне алуға дайындығын көрсетеді. Сонымен қатар, ШЫҰ Орта Азия кеңістігінде қауіпсіздік жүйесінің құрама бөлшегі болатын Энергетикалық клубты құру жобасын дамытуда [3].

Еуразиялық кеңістігінің геосаяси координаттары жүйесінде басты орынды үлкен стратегиялық маңызы бар Ортазиялық өңір алады. Біріншіден, бұл күрделі шиеленіс орындарында орналасқан Орталық Азия елдерінің географиялық орналасуына байланысты – олар: Ауғанстан, Иран, Ирак. Қазіргі кезде Орта Азия Ресей, АҚШ және Қытай секілді үш әлемдік державаның геосаяси мүдделерінің қиылысатын объектісі болып табылады.

«Ірі» мемлекеттер өңірдің елдеріне қатысты олар үшін екіталай ынтымақтастық – қарсыластық жағдайында болып табылады. Осы елдерінің әрқайсысы, сөзсіз, өңірдегі энергоресурстарға және көліктік мұнайгаз жолдарына экономикалық бақылау орнатуды қалайды. Осы мағынада олар – қарсыластар. Алайда, АҚШ, Еуроодақ, Ресей және Қытай ұқсас деңгейде исламдық терроризмге қарсы күресте, сондай-ақ өз елдеріне есерткі трафигінің жолын кесуде мүдделі. Осы бағытта олар одақтастар, сондай-ақ барлық мемлекеттер ортазия өңірінің саяси және әскери тұрақтылығын қалайды.

Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздігіне Ауғанстандағы жағдай қауіп төндіреді. Ауғанстан қаруды сату және контрабандалау нарығына айналды. Осы елде есірткі өндірісі кеңейіп, Орталық Азия өңірінде және өңір арқылы сатылады. Әлемдік бірлестіктің тәжірибесі көрсеткендей, Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды факторларының бірі өңірдегі интеграциялық үдерістердің кеңеюі болып табылады. Өңірдегі су, энергетикалық ресурстарды пайдалану, көлік пен коммуникацияларды дамыту және т.б. мемлекетаралық шешімдерді талап етеді. Орталық Азияда интеграциямен оның қауіпсіздікке әсері арасындағы байланыс тұрақсыз түрде көрсетілген. Бірыңғай энергетикалық жүйені құру өңірдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, оның қауіпсіздігін нығайта алады. Су ресурстарына біріккен бақылау өңірдің ішкі қауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндік береді, өйткені жан-жалдардың көбі су ресурстарының жеткіліксіздігінен туады. Бұл жағдайда қауіпсіздік факторы интеграциялық үдерісте әсерлі болып көрінеді. Өңірдегі интеграциялық үдерістің одан әрі дамуы кең салаларға еніп, біртіндеп кеңейеді және экономикалық гуманитарлық, сондай-ақ басқа да мәселелерді шешеді. Осылай Кеңес Одағынан кейінгі кеңістігінде және барлық әлемде субөңірлік қауіпсіздіктің құрама бөлігі ретінде шығатын, Орталық Азиядағы өңірлік қауіпсіздіктің берік негізін қалай алады.

Орта Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз етудің көп деңгейлік тәсілі қалыптасты және колданыстағы қауіпсіздік құрылымдарының бәсекелестігіне қарамастан, жалпы жүйе қызмет етіп, күрделі халықаралық мәселелер бойынша шешу жолдарын тауып өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Бірінші деңгей «консультациялық» ретінде белгіленеді. Бұл деңгейде консенсусті іздеуге мүмкіндік беретін негізгі тегі – Азиядағы өзара әрекеттесу және сенімділік шаралары бойын-

ша кеңес (АӘШК). АӘШК шеңберінде қызмет ететін тегі жан-жал мәселелерді қаруланған қарсылық көрсету жолымен емес, бейбітшілік түрде шешуге мүмкіндік береді. Бұл тиімділік превентивті дипломатияның жан-жалдарға қарсы күрестен тиімді екенін көрсетеді [4].

Бұл идеяны жүзеге асыру өңірлік және жалпы еуразиялық қауіпсіздіктің негізін болып табылады, сондай-ақ Азия мемлекеттерінің экономикалық, мәдени және әлеуметтік жаңғырту үдерістерін белсендетті. АӘШК мүшелері 24 мемлекет, қадағалаушылар 8 мемлекет және 4 халықаралық ұйым болып табылады.

Еуразияда дамып жатқан геосаяси және геэкономикалық үдерістері өңір елдерінің алдына жаңа міндеттерді қояды. Оларды бірігіп шешуге ғана болады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, заманауи дамытуының үдерістеріне сәйкес Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық мәселелерін шешу сенім іс-шараларын тәжірибелік және деңгейлеп пайдалануды талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Петровский В. Россия и безопасность в Евразии // Проблемы Дальнего Востока. – №2, 2001. – С. 32.
2. Окружающая среда и безопасность. Трансформация рисков в сотрудничестве. Центральная Азия. Доклад ЮНЕП, ПРООН, ОБСЕ, НАТО. – 2005. – С. 16.
3. Галамова В. ШОС как инструмент обеспечения безопасности в Центральной Азии: перспективы организации в свете результатов саммита // Analytic. – №4, 2005. – С. 12.
4. Сыроеждин К. Новая архитектура безопасности в Центральной Азии // Материалы международной конференции «Центральная Азия и Китай: состояние и перспективы сотрудничества». – Алматы, 2009. – С. 57.

Президенттік-парламенттік басқару нысанына өтудегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі аясындағы реформалар

Гүлжан ҚАМЫРОВА,

Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің деканы,
саясаттану ғылымдарының кандидаты,

Әсем ҚУАНЫШОВА,

«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының
аға оқытушысы

Бір сатыдан екінші, сапалы сатыға өту әрқашанда мұқият және жан-жақты зерттеулерді талап етеді. «Республикалық басқару нысаны» түсінігінің қазіргі заманғы ғылыми өңделген жағдайы оны орнықты теориялық зерттеу үшін толыққанды базалық құрылым ретінде қолдануға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайлардың бәрі Қазақстан Республикасының жаңа қоғамдық-саяси құрылымын қалыптастыру жағдайындағы республикалық басқару нысаны дамуының президенттік басқару жүйесінің қазақстандық моделінің тарихи, әлеуметтік, саяси және оны қалыптастырудағы саяси және құқықтық мәдениет деңгейінің басқа да алғышарттары жиынтығының сәйкестігін, дәстүрлі орныққан пікірлер мен халықтың психологиясын, сонымен қатар басқа да әлеуметтік факторларды қабылдау сияқты шынайы заңдылықтарын табуды қиындатады.

Жоғарыда келтірілген мәселелер Қазақстан Республикасындағы басқару нысанының теориялық негізін конституциялық-құқықтық

талдау қажеттіліктері ретінде түсіндіреді, сондай-ақ оның белгілерін, мемлекеттік биліктің жүйесі мен құрылымын анықтайды.

Қазіргі заманда қоғамның күнделікті тәжірибесінде ақпараттық инфрақұрылымның қалыптасуы негізінде бүкіл әлемде мемлекеттердің Үкіметтері демократиялық жаңғыртуларды тереңдетіп, азаматтық қоғаммен байланыстың жаңа моделін құруға талпынуда.

Қазақстан Республикасы дамуының қазіргі кезеңінде, аса үлкен емес, сапалы шешімдерді жеделді түрде қабылдауға қабілетті мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құруға ерекше назар аударылады. Бұл біріншіден, мемлекеттік басқару құралдарының өзгеруімен байланысты.

Қазақстан үшін дамудың бастапқы кезеңінде басқа да кеңестік республикалар сияқты өтпелі кезең жағдайында президенттік басқару нысанының конституциялық моделінің ерекше артықшылығы болды. Сондықтан мықты президенттік басқару нысанын жүзеге асыру мүмкіндіктері биліктің бөліну қағидасын эволюциялық және саяси жағынан салыстыра түсіндіріп, нақтылы түрде көрсетуге барынша мүмкіндік туғызады. Бұдан басқа, президенттік басқару нысаны биліктің тепе-теңдігін қамтамасыз ететін жүйеге негізделген заң шығару және атқару биліктерінің біріңғай қызмет етуіне ықпал етеді. Президент – едәуір маңызды өкілеттілікке ие, сонымен бірге парламенттік көпшілікке сәйкес саясат қалыптастыруы қажет. Парламенттің ажыратылмайтын айрықша құзіретіне мықты бақылау өкілеттігі – әсіресе Үкімет қызметі мен басқа да қызметтерге тиімді бақылау жасайтын өкілеттігі болу қажет.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының президенттік-парламенттік басқару нысанына кезең-кезеңмен өтуінің тиімділігі мен жүзеге асырылуы билікті орталықсыздандыру проблемасын тудырады.

Қазақстандағы алдағы болып өткен және өткізіліп жатқан реформалардың нәтижесінде қазіргі заманғы нарық экономикасының талаптарына бейімделген мемлекеттік басқарудың жүйесі қалыптасты. Орталық жеке қызметтер мен өкілеттіліктерді, сонымен қатар жергілікті деңгейдегі мемлекеттік басқарудың көптеген мәселелерін шешудегі жауапкершілікті өткізу үрдісі ішінара жүзеге асырылды. Мемлекеттік қызметтің тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында өкілеттік – орталық және облыстық деңгейдегі биліктің арасында бөлінді. Өкінішке орай, тәжірибе көрсеткендей бұның бәрі жеткіліксіз.

Қазіргі кездегі елдердің даму кезеңінде мемлекеттік басқарудың келешектегі тиімділігін арттыру қажеттілігіне орай, биліктің барлық деңгейлері арасында қызметтерді нақты бөлу, жергілікті мемлекеттік басқарудың төменгі деңгейлерінде реформа жүргізу орталықтарын көшіру және нақты жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құру мәселелерін шешу басымдылыққа ие.

Келешектегі стратегияға сәйкес аталған саланың дамуына 2013 жылы жауапкершілік пен өкілеттіктерді орталық және өңірлер арасында бөлу, жергілікті атқару органдарын нығайту бойынша нақтылы шаралар қолданылатын болды. Жергілікті жердегі билік органдарының өкілеттіктері қаржылық және кадрлық ресурстармен нығайтылатын болады. «Мәслихат арқылы ауыл әкімдерін сайлау енгізілетін болды. Осылайша, азаматтармен тікелей жұмыс жасайтын және мәселені жергілікті жерде шешетін барлық әкімдерді сайлау жүзеге асырылатын болады». [1]

Саяси жүйесі дәйекті түрде даму жолындағы, қоғамның әртүрлі саласында реформалауды бастан кешіріп жатқан, кезең-кезеңмен ірі стратегиялық мәселелерді шешуші мемлекеттер әрбір бұндай кезең үшін айрықша кадрлық саясатты талап етеді. Қазіргі кездегі кезеңде еліміздің әлемдік экономикадағы халқаралық бәсекеге төтеп беретін жағдайда болуы үшін халқаралық талаптарға сәйкес келетін онтайлы инвестициялық климат қалыптастырумен қатар шағын және орта кәсіпорын секторларын дамыту үшін қолайлы жағдайлар тудыратын мемлекеттік басқару жүйесін кезең-кезеңмен қалыптастыру мәселесі тұр. Бұдан басқа, азаматтық қоғамдағы демократиялық келісімді тәртіпке келтіруге қабілетті кәсіпқой кадрлар қажет.

Қазақстан Республикасында мемлекеттің кадрлық саясатын жүзеге асырудың құралы болып табылатын мемлекеттік қызметістері жөнінде агенттік құрылды. Қазіргі заманғы шетелдік тәжірибелердің негізінде «конкурстық іріктеу мен аттестациялауды өткізу, кадр менеджменті, мемлекеттік қызметтің ағымдағы жағдайын анықтау мен мониторингінің құралы – мемлекеттік қызмет пен кадрлармен басқарудың республикалық акпараттық жүйесі құрылып іске асырылуда» [2].

Агенттік арқылы кадрларды іріктеу әдістемесіне кадр резервіне конкурстық қағидаларды енгізу Қазақстанға кәсіпқойлық және қалыптасқан азаматтық қоғамның талаптарына сай келетін жариялы мемлекеттік қызмет құруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте тәжірибе жүзінде барлық өркениетті елдердегі әрекет ететін және ұзақ жылдар бойғы отандық ерекшеліктерді үйренуде

әлемдік тәжірибеге (еңбек пен абырой жүйесі) сүйену қажет. Кадрларды конкурстық іріктеудегі артықшылық – бұл мемлекеттік аппараттың кадрлық құрамын қалыптастырудың барлық құрылымының «салмақ түсетін» басты қағидасы болып табылады.

Әрине шешімін таппаған мәселелер де аз емес. Атап айтқанда, оқыту жүйесін құру, мемлекеттік қызметкерлерді қайта даярлау мен біліктілігін арттыру, докторлық және кандидаттық диссертация қорғау жолымен кәсіби дайындаудың жоғарғы деңгейіне жету.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметі жүйесін жетілдіру – кадрлық саясат ұлттық басымдылыққа ие болуы қажет және кадрлық саясат белсенділік пен азаматтық бастама мен мақсаттылықты қажет деп санайтын Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің Концепциясын іске асыру жөніндегі шаралардың Жоспарын орындау жолымен жүзеге асырылуда. Бұл реформаның негізгі мақсаты – халыққа сапалы қызмет көрсетуді ұсыну.

Осылайша мемлекеттік қызметті дамыту моделі әкімшілік реформалау үрдісін айтарлықтай жақсарту мен қысқартуы қажет. Алайда мемлекеттік қызметті жетілдіру бағдарламасын жүзеге асырудың басты мәні – мемлекет саясатын нақты атқаруды қамтамасыз ететін кәсіби мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік басқару органдарына деген халықтың сенімін арттыру. Негізгі қағидасы – адалдық пен тұрақтылық.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, өте қиын жағдайларда экономиканы, білім мен денсаулық сақтау салаларын басқаруды қуатты мемлекеттік қызметтің күшімен ғана жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар Голландияның тәжірибесі бойынша мемлекеттік қызметкерлердің ерекше корпусын қалыптастыру қажет. Бұндай жоғарғы мемлекеттік қызметкерлердің саны 900 болады. Олар тек ғаламдық мәселелерді шешу мен тек мемлекеттің жағдайын ойлау үшін оқытылады.

Қазақстандағы әкімшілік реформа моделіне сәйкес саяси қызметшілер алдағы уақытқа даму бағдарламасын жүзеге асыруда тәжірибелі болуы тиіс. Бұлардың қатарына министрлер, облыстар мен қалалардың әкімдері кіреді. Оларға партия тәртібі мен қызметтік этиканы сақтауға қатаң талаптар қойылады. Мансап аяқталғаннан кейін мемлекеттік қызметшілердің бұл категориясы елдің жоғарғы лауазымды тұлғасының кеңесшісінің орнын басады.

Жаңа модел бойынша әкімшілік мемлекеттік қызмет екі негізгі корпусан тұрады. Бірінші корпус – «А». Бұл корпус кәсіби кадрлық мемекеттік менеджерлер, яғни саяси партиялармен

басқаруға қалыптасқан мемлекеттік саясаттың нақты бағыттарын жоспарлаумен және жүзеге асырумен айналысады. «А» корпусы қабылданған стратегиялық шешімдер мен оларды тікелей орындау арасындағы белсенді түйін болып табылады. Қалған барлық әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер «Б» корпусының құрамына кіреді.

Бағдарламаны дайындау мен жүзеге асыруға талдау жасау мемлекеттік қызметті реформалау үрдісін үйлестіру мен жүйеге келтіру бойынша орнықты нәтижелерге жету мақсатында жұмыстардың жасалуы қажеттігі жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Жемқорлыққа қарсы механизмді жетілдіру, жемқорлықтың алдын-алу механизмін дамыту, мемлекеттік қызметтегі шиеленістерді анықтау мен шешу аясында инновациялық идеяларды іске асыру арқылы бағдарламаны жүзеге асыруда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге болатынын ескеру қажет.

Сонымен қатар, мемлекеттік билік органының алдында тұрған мәселелер мен қызметтерге жетуге бағыт алған мемлекеттік қызметшінің нәтижелі көрсеткішіне және нақты қызметкердің бағасы мен үлесіне айрықша көңіл бөліну қажет.

«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы айтып кеткендей «бұдан былай мемлекеттік қызметші лауазымдық сатымен кезең-кезеңмен, билік иерархиясының бір сатысынан келесісіне өзінің тәжірибесін жетілдіре және кәсіби деңгейін арттыра отырып көтерілетін болады. Белгіленген көрсеткіштерді асыра орындағандар мен өзінің тиімділігін көрсететіндерге және жоғары нәтижеге қол жеткізгендерге ғана ерекшелік жасалуы керек деп көрсетілген. Осыған байланысты мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке 2013 жылдың соңына дейін мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өсуінің осындай мүлде жаңа тегігін енгізу тапсырылды.

Реформалаудың жетістіктері мен мемлекеттік қызмет жүйесін дамыту – біріншай жүйе ретінде мемлекеттік қызметті модернизациялауға, сонымен қатар мемлекеттік басқарудың жаңа технологияларын тәжірибе жүзінде қолдануға бағытталған шараларды дайындау мен жүзеге асыруға байланысты болады. Қазіргі заманғы мемлекеттік қызмет – мемлекеттік органдардың өкілеттігін атқаруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қызметшілердің нәтижелі қызмет етуіне бағытталған, азаматтық қоғам институттарымен өзара белсенді байланыста болатын ашық, бәсекеге қабілетті және беделді болуы тиіс.

Осыған байланысты алдағы уақыттағы жоспарға төмендегілер кіреді:

- біріншіден, мемлекеттік қызмет түрлерінің бір-бірімен өзара байланысын, сонымен қатар мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесін қамтамасыз ету мәселелері.

- екіншіден, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметінің ұйымдастырушылық және құқықтық тегігін жетілдіру аясындағы азаматтар мен ұйымдарға мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында азаматтық қоғам институттары тарапынан мемлекеттік қызметшілердің қызметін бақылау жүйесін құру және мемлекеттік азаматтық қызметтің қазіргі заманғы, құқықтық негізін қалыптастыру қажет.

- үшіншіден, азаматтық қоғам институттарының өзара байланысының және бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік органдармен мемлекеттік қызметшілер қызметіне заңсыз араласу мүмкіндіктерінің оңтайлы жүйесін жасау қажет.

- төртіншіден, мемлекеттік қызметтің жүзеге асырылу тәртібін жетілдіруге және мемлекеттік қызмет міндеттерін жоғарғы кәсіби деңгейде адал ниетпен орындауға ынталандыруға бағытталған шаралардың жүйесін жасау.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметтің кадрлық даму үрдісі мен заңға сәйкестігін анықтау үшін кадрлық құрамның сипаты негізінде мемлекеттік азаматтық қызметшілерді кәсіби оқытудың ұйымдастырушылық дамыту резерві жүйесін орынды пайдаланудың маңызы зор.

Қазақстанда мемлекеттік аппаратты жетілдіру мен қайта ұйымдастыру басталып та кетті. Бағдарламаны дайындау барысында реформалауды бастан кешкен елдердің тәжірибесі есепке алынды. Негізгі мәселе – Қазақстан үшін тиімді, қазіргі заманға сай мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымын құру.

Елімізде кезең-кезеңмен өткізілген конституциялық реформалаулар мемлекеттік құрылымның ары қарай тиімді дамуына септігін тигізеді. Конституциялық реформалаудың негізінде енгізілген президенттік-парламенттік басқару жүйесі Қазақстанды одан әрі демократияландыруға бағытталған нақты кадам болмақ.

Қазақстан Республикасындағы саяси-құқықтық өзгерістердің нәтижелі болуын қамтамасыз етуге, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың жаңа тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің қалыптасуына ықпал ететін конституциялық реформалардың маңызы зор.

Мемлекеттік қызмет көп мақсатты, функциональдық-әрекетшіл сипатта болуы тиіс. Мемлекеттік қызметпен орындалатын көптеген жан-жақты мәселелер мен қызметтер оның құрылымдық жіктелуінің негізі болып табылады. Салалық және аймақтық жүзеге асырылатын мемлекеттік-биліктік өкілеттіліктердің көлемі мен құрылымына байланысты мемлекеттік органдардың жіктелуі – мемлекеттік қызметтің түрлерге бөлінуі үшін негіз қалыптастырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді жетілдіру үрдісі ұзақ уақытты алады және ақпараттық-инновациялық технологияларды кеңінен қолдануды қажет етеді. Мемлекеттік қызмет көрсету аясында реформа жүргізу кезінде орнықты нәтижелерге қол жеткізу үшін мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін қолдаудағы инфрақұрылымның сәйкес бөлшектерін бір мезгілде дамыту қажет. Бұндай инфрақұрылым зерттеу жүргізу арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің жеңілдетілген үрдісін, мәліметтердің ақпараттық базасын қалыптастыру, мемлекеттік қызметкерлер сияқты қызметтерді пайдаланушыларға да кеңестер беру мен оқытуды жүзеге асыратын ұйымдар мен мекемелердің желісін құру қажеттігін есте ұстауы тиіс.

Шет мемлекеттерде бұндай ұйымдар өз қызметтерін төмендегі қағидаларға сүйеніп жүзеге асырады:

- қызметті пайдаланушылардың қажеттіліктерінен барынша хабардар болу;
- қызмет көрсету мен басқарудағы кәсібилік;
- нәтиженің орнықты болуы;
- қызметтің тәжірибелік пайдасы.

Қызмет көрсетудің стандарттарын дайындау әрекет етуші заңдармен жүзеге асырылуы тиіс. Осыған байланысты әрбір жаңадан дайындалған стандарттың басқа нормативтік-құқықтық актілермен өзара байланысы және қайшылықсыздығы тексерілуі қажет. Бұл қағидалы сақтамау басқару жүйесінің тиімділігін төмендететін әртүрлі кемшіліктерге әкеп соғады. Көрсетілген қағидаларды пайдалану мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудың стандарттарын дайындау кезінде қызмет көрсетушілерді тұтынушыларға барынша жақындатуға, қызмет көрсетуді ұсынудың тиімділігі мен сапасын көтеруге, сонымен қатар қоғам және уәкілетті мемлекеттік орган тарапынан қызмет көрсетуді ұсынудың сапасын бақылайтын әрекетшіл жүйені ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудың тәртібі қарапайым, түсінікті және сенімді болуы тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, әрбір әрекет уақыт пен

басқа да ресурстардың, еңбектің, материалдық ең төменгі мүмкін болатын шығын жұмсау арқылы жасалуы тиіс.

Әкімшілік реформалар мақсаттылық, прагматизм және тиімділік қағидаларына негізделеді. Әкімшілік реформа шеңберіндегі барлық шаралар заңдылықты нығайтуға, мемлекеттік органдардың қызметі жөніндегі ақпараттардың қолжетімділігі мен ашықтығын дамытуға мүмкіндік береді. Олардың мақсаты – мемлекетті тиімдірек жасау, мемлекетті азаматтарға «жақындату» және елдің бәсекеге қабілеттілігін тегіс қамтуды қамтамасыз ету. Әкімшілік қайта құруды жүргізушілердің қатарындағы шет елдердің тәжірибесі оларды тығыз уақытта және батыл әдістермен жүргізудің мүмкін еместігін көрсетіп отыр. Сондықтан мәселе мемлекеттік басқару мәдениетін ретке келтіру жөнінде болады және әкімшілік реформалау мемлекеттің тұрақты қызметі ретінде қаралуы мүмкін. Бұл ретте реформа жүргізу жүйелі түрде бірін-бірі ауыстырып отыратын кезеңдер сияқты қаралуы мүмкін.

Осы жағдайда болжау қызметінің жүйедегі маңызы зор. Болжау жүргізудің қажеттілігі мемлекеттік басқарудың өзіндік табиғатынан бастау алады, өйткені ол келешектегі мәселерді де күнделікті мәселелер сияқты шешуі тиіс. Болжау – бұл ғылыми түрдегі алдын болжап білу, басқарудың субъектілері мен объектілеріне тән басқару құбылыстары мен үрдістерінің келешегі мен даму қарқынының, құрылымының жағдайын жүйелі түрде зерттеу. Сонымен қатар болжау едәуір қарқындылығымен ерекшелентін басқару объектісі сипатын қамтиды. Басқару әрекеттері мен олардың салдарын білімсіз жүзеге асыруға болмайды. Сондықтан басқару жүйесі болжаулы болуы тиіс. Мемлекеттік басқару ұзақ мерзімді және келешектегі мәселерді шешуге қабілетті. Егер атқарушы билік органдары болжау қызметтерін жүргізбесе, бұндай мәселелерді шешуде екіұштылық жағдайлары орын алады. Басқару үрдісінде болжау жүргізу басқарудың әдісі, қағидалары, қызметтері сияқты орындалады. Сондықтан атқару билігі органдары болжауды жетілдіруі және болжау жүргізу негізінде өз мәселелерін шешуі тиіс.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы бойынша, мемлекет қоғамдық мәселелерді шешу үрдісіне бастамашылық жасайды және делдал ролін атқарады, азаматтардың жауапкершілік аясын белгілейді. «Осылайша, бастамашылық жасау, белсенділік және ынталандыру мемлекеттің аса маңызды функциясына айналады» [3].

Аталған тұжырымдамада анықталаған мемлекеттік басқарудың жаңа теориясы бойынша, мемлекеттік қызметті реформалаудың мәні, бұрын мемлекет жүзеге асырған бірқатар функцияларды нарықтық құрылымдарға беру, коммерциялық қызметті мемлекеттік басқару саласына қолдануды болжайтын мемлекеттік басқарудың кең ауқымды маркетингеу болып табылады.

Тұжырымдамада көзделген шараларды іске асыру нәтижесінде 2015 жылға қарай мемлекеттік басқарудың сапалы, заманауи моделін қалыптастыру көзделіп отыр. Оның ішінде:

1. Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесіне өту қамтамасыз етілетін болады.
2. Қол жетімді және сапалы қызметтер көрсету қамтамасыз етілетін болады, атап айтқанда:
 - мемлекеттік сектор мемлекеттік қызметерді алушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға бағдарланатын болады;
 - мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдері, кедергілер және уақыты қысқартылатын болады.
3. Бизнес-климат жақсарды, рұқсат беру құжаттарын мемлекеттік органдардың тексеру және бақылау-қадағалау функцияларын қысқарту есебінен кәсіпкерлікке әкімшілік қысым азаятын болады.
4. Квазимемлекеттік секторды оңтайландыру және оның қызметінің ашықтығы мен тиімділігін және олар көрсететін қызметтің қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілетін болады.
5. Кәсіби мемлекеттік қызмет қалыптастырылатын болады:
 - мемлекеттік қызметте адами ресурстарды басқару сапасы жақсартылады;
 - мемлекеттік қызметшілер түпкі нәтижеге бағдарланатын болады;
 - мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейі артады;
 - мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлердің қызметі реттеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Послание Президента Республики Казахстан – Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» // www.akorda.kz

2. С.Г. Капаров. Основы казахстанской модели государственной службы // Реформирование государственной службы в России: проблемы и пути их решения. – Екатеринбург: изд-во УРАГС, 2002.
3. Концепция модернизации системы государственного управления в Республике Казахстан // www.adilet.zan.kz

Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесіндегі билік тармақтарының қалыптасуы мен өзара әрекеттестік мәселелері (ретроспективті талдау)

Лесбек ІЛЕБАЕВ,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының докторанты

К

азақстан Республикасы 2011 жылы еліміздің 20 жылдық мерейтойын республика деңгейінде атап өтті. Биыл мемлекетіміздің егеменді ел атанғанына 22 жыл толады. Осы жылдар ішінде Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында атап өткендей, біз елімізде «билік тармақтарының бөлінуіне негізделген заманауи мемлекеттік басқару жүйесін жасаған тарихи маңызды конституциялық және саяси реформалар жүргіздік... Біз «Алдымен экономика – содан соң саясат» деген айқын формуламен ілгерілеп келеміз. Саяси реформалардың әрбір кезеңі экономика дамуының деңгейімен ұштасады. Сондықтан да біз саяси ырықтандыру жолын дәйекті ұстанудамыз. Осылайша ғана елді жаңғыртып, оны бәсекеге қабілетті етуге болады» [1]. Қазақстан демократиялық құндылықтарға негізделген қазіргі тандағы заманауи мемлекеттік басқару жүйесін бер де-геннен қалыптастыра қоймағаны мәлім. Бірқатар экономикалық қаржы-бюджеттік, әлеуметтік, мәдени, және т.б. реформаларды

тез арада жүзеге асыруға тура келді. Оның ішінде мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру, билікті тармақтарға бөлу және оның өзара әрекеттестік тетіктерін қалыптастыру сияқты саяси және құқықтық реформалар да болды. Абсолютті билікті иеленіп келген Жоғарғы Кеңес өзінің құзіреттерімен бөліскісі келмеді, қарсылық көрсетті. Бірақ, еліміз биліктің тармақтарға бөліну идеясына негізделген демократиялық жолдан шетте қалып қоймады. Көздеген мақсатына жетті. Нәтижесінде, Қазақстан мемлекеттік басқару жүйесінде «тепе-теңдік және тежемелік» қағидасына негізделген билік тармақтарының, олардың өзара әрекеттестік тетіктерінің өзіндік моделін құрды. Осы мақала аталған модельдің қалыптасуы мен дамуы бойынша ретроспективті талдау жасау арқылы – Қазақстанның билік тармақтарын бөлудегі және оның өзара әрекеттестік тетіктерін жетілдірудегі реформаларының дұрыс немесе бұрыс тұстарын айқындауға арналады.

Қазақстан Республикасында билік бөлінісіне алғашқы кадамды 1990 жылдың 24 сәуірінде қабылданған «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ Советтік Социалистік Республикасының заңы жасады. Осы заң бойынша Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Президентінің қызметі тағайындалды [2, 93]. Мемлекеттік биліктің өзара әрекеттестік тетіктерін жетілдіру мақсатында мемлекеттің жоғары органдарының қатарына Қазақ ССР-інің Президенті лауазымы енгізіліп отыр. Нәтижесінде мемлекеттегі толыққанды билікке үстемдік еткен Жоғарғы Кеңес Президентпен өкілеттіктерін бөлісетін болды. Бұл дегеніміз биліктің бөліну процесінің басталғандығын білдірді. Қазақ ССР-інің Президенті республиканың басшысы болып табылды. Аталған заңның 114-бабына сәйкес, республика Президенті бұрындары тек қана Жоғарғы Кеңес иеленіп келген біршама құзіретке ие болды. Олардың маңыздыларын атап өтер болсақ:

- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, мемлекеттің Конституциясы мен заңдарының сақталуына кепіл болуға;

- мемлекеттің қауіпсіздігін, территориялық біртұтастығын қорғау жөнінде тиісті шаралар қолдануға;

- ішкі және сыртқы қатынастарда республиканың өкілі болуға;

- Қазақ ССР-інің мемлекеттік өкіметі мен басқаруының жоғарғы органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге;

- Қазақ ССР-інің Жоғарғы Кеңесіне Министрлер Кеңесінің төрағасын, Халықтық бақылау комитетінің төрағасын, Жоғарғы

Соттың төрағасын, Бас мемлекеттік арбитрін қызметке тағайындауға ұсыныс енгізуге және Жоғарғы Соттың төрағасын қоспағанда жоғарыда аталған лауазымды тұлғаларды міндеттерінен бастау туралы ұсыныс енгізуге;

- мемлекеттің заңдарына қол қоюға, егер келіспеген жағдайда, өзінің қарсы пікірлерін жазып, екі апта мерзімнің ішінде Жоғарғы Кеңеске қайта жолдауға және т.б. құзіреттер мен құқықтарға ие болды.

Байқап тұрғанымыздай, «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы қабылданбай тұрып-ақ, аталған заңның негізінде болашақта құрылатын «Қазақстан» атты мемлекетте мемлекеттік биліктің бөлінуіне және тепе-теңдік және тежемелік жүйесі тегінін қолдана отырып, өзара іс-қимыл жасау үшін тиісті жағдай жасалды.

Аталған заңның нормаларының негізінде биліктің бөлінгендігін байқауға болады. Мейлі ол декларативтік сипатта болсын, болмаса Президентке біршама ғана құзіреттер бөлініп берілсін, ең бастысы биліктің жоғарғы басқару органдары жүйесінде бөлініс болды (Жоғарғы Кеңес абсолютті биліктен айырылды) және олар өзара ықпалдасып жұмыс істеуге кірісті. Президенттің жаңында мемлекеттің ішкі саяси және сыртқы саяси қызметінің негізгі бағыттарын жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлеу, республиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мүшелері оның өзімен тағайындалатын Кеңес жұмыс істей бастады. Алғашқы рет Президенттің орынбасары лауазымы енгізілді (декларативтік сипатта). Президенттің орынбасары Президенттің тапсырмасы бойынша оның кейбір функцияларын орындайтын және Президент болмаған немесе өз міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда оның қызметін атқаратын болды. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген құзіреттердің ішінде Президенттің Жоғарғы Сот төрағасын міндетінен босату туралы Жоғарғы Кеңеске ұсыныс енгізе алмауы да биліктің аз да болса тепе-теңдік және тежемелік қағидасының жүзеге ас бастағанын білдіреді.

Мәселен, 1978 жылғы 20 сәуірде тоғызыншы сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс жетінші сессиясында қабылданған Қазақ ССР Конституциясында [3] және 1989 жылғы 22 қыркүйектегі Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі заңына) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы Қазақ ССР заңында

[2, 74-92] билік бөлінісі туралы немесе жоғары билік органдарының өзара ықпалдасып қызмет атқаруы жағында бірде-бір ереже жоқ. Есесіне соңғысының 12-тарауына сәйкес, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі абсолютті билікте болып келді. Ол бойынша Жоғарғы Кеңес мемлекеттің қарауына жататын кез келген мәселені өзінің қарауына алып, шешуге құқылы болды, яғни мемлекеттік биліктің жоғарғы органы болып табылды. Жоғарғы Кеңес мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси қызметінің бағыттарын белгілеуге, экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарларын және аса маңызды республикалық бағдарламаларды бекітуге, мемлекеттік бюджетті бекітуге, оның барысын бақылауға, бюджет туралы есепті бекітуге және қажет болған жағдайда бюджетке өзгерістер енгізуге және т.б. мәселелерді шешуге құқықты болды. Сондай-ақ Жоғарғы Кеңес республиканың Министрлер Кеңесінің төрағасын тағайындап, соңғысының ұсынуы бойынша Министрлер Кеңесінің құрамын бекітуге, оған өзгерістер енгізуге, министрліктер мен мемлекеттік комитеттер құруға және таратуға Жоғарғы Соттың және облыстық (қалалық) соттардың судьяларын, Конституциялық қадағалау комитетін сайлауға, Бас мемлекеттік арбитрді тағайындауға және мемлекеттік арбитраждың құрамын бекітуге, референдум өткізу туралы шешімдерді қабылдауға құзіретті болды.

Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасындағы билік пен басқарудың бөлінуі 1990 жылдан бастау алады десек қате айтқан болмаспыз. Әрине барлығы бірден бола қойған жоқ. Жоғарғы Кеңес өзіне берілген өкілеттіктер мен құзіреттерден айырылғысы келмеді, Министрлер Кеңесі, яғни Үкімет Жоғарғы Кеңеске тәуелді болып қала берді. Дейтұрғанмен, президенттік институттың пайда болуы ақырында мемлекеттік биліктің барлық жүйесін реформалауға және біркелілікке келтіруге негіз болды.

Мемлекеттік басқару жүйесіндегі билік тармақтарының ары қарай дамуына 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақ Советтік Социалистік Республикасының «Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» әсер етті [4]. Декларацияға сәйкес мемлекетіміз егеменді болып табылады, басқа республикалармен ерікті түрде бірігеді, өзара қатынастарын шарттық негізде құрады, халық егемендіктің бірден-бір бастауы және мемлекеттік биліктің негізі болып табылады. Сонымен қатар аталған құжатта алғаш рет мемлекеттік билік заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады және заң шығарушы ретінде Жоғарғы Кеңес танылса, атқарушы биліктің тізгінін Президент алып жүретін болды, ал сот

билігін Жоғарғы Сот жүргізеді деп атап көрсетілген (Декларацияның 7-тармағы). Дегенмен, биліктің тармақтарға бөлінуі тек қағаз жүзінде қалды, оның жүзеге асырылуы бойынша ешқандай тетіктер қарастырылмады. Оның себебі:

- заң шығару және оған түсініктеме беру мәселесінен басқа Жоғарғы Кеңес билік тармақтарын (Министрлер Кеңесін, Жоғарғы Сот, Жоғарғы арбитраждық сот) толық өз бақылауында ұстаумен айналысып келді. Мәселен, «Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі заңына) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» 1989 жылғы 22 қыркүйектегі Қазақ ССР заңының 113-бабына сәйкес Жоғарғы Кеңес өзіне есеп беретін барлық мемлекеттік органдардың қызметіне бақылау жасайды және халықтық бақылау органдары жүйесін басқаратын Халықтық бақылау комитетінің қызметін бағыттап отырады;

- Президент атқарушы биліктің басшысы ретінде және оған жауапты тұлға ретінде осы институтты енгізу туралы заңда анық айтылмаған. Мәселен, Президент Министрлер Кеңесі төрағасының лауазымына тағайындау және орнынан босату туралы ұсынысты Жоғарғы Кеңеске енгізеді, Министрлер Кеңесін орнынан түсіру туралы не оның орнынан түсуін қабылдау туралы Жоғарғы Кеңестің алдына мәселе қояды, Министрлер Кеңесі төрағасының келісуі бойынша Үкімет мүшелерін тағайындайды және қызметтерінен босатады, кейінірек Жоғарғы Кеңестің бекітуіне береді.

Демек, қалай болғанда да Президент өз күзреті шегінде атқарушы биліктің басшысы ретінде (декларацияда көрсетілген) Министрлер Кеңесінің төрағасын және оның мүшелерін тағайындай алмады, олардың қызметіне бақылауды жүргізе алмайтын еді. Себебі, Министрлер Кеңесі үнемі Жоғарғы Кеңеске есеп беріп отыратын болды. Мәселен, «Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі заңына) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» 1989 жылғы 22 қыркүйектегі Қазақ ССР заңының 117-бабына сәйкес Министрлер Кеңесі Жоғарғы Кеңестің алдында жауапты және оған есеп беріп отырады. Жаңадан құрылған Министрлер Кеңесі Жоғарғы Кеңестің қарауына өз өкілеттілігінің мерзіміне арналған алдағы қызметінің бағдарламасын ұсынады. Министрлер Кеңесі өз жұмысы туралы Жоғарғы Кеңестің алдында жылына кемінде бір рет есеп беріп отырады. Айтылғандардың барлығы өз кезегінде мемлекеттік биліктің тармақтарға бөліну қағидасына қайшы келді.

Дегенмен, құжаттың 17 тармағына сәйкес, Декларация жаңа Конституцияны, егеменді мемлекет ретінде Республиканың мәртебесіне

қатысты және оны жүзеге асыратын заң актілерін дайындау үшін негіз болып табылды.

Декларацияның қабылданғанына бір ай өтпей жатып, яғни 1990 жылғы 20 қарашада Жоғарғы Кеңес «Қазақ ССР-індегі мемлекеттік өкімет пен басқарудың құрылымын жетілдіру және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР заңын қабылдады [5]. Осы заңның негізінде Қазақ ССР Президенті мемлекеттің жоғары атқарушы және өкімші өкіметінің басшысы болып табылды. Республикада Вице-Президент институты енгізілді және оны Жоғарғы Кеңес сайлайтын болды, Министрлер Кеңесі Министрлер Кабинеті болып қайта құрылды. Министрлер Кабинетінің Премьер-Министрі және мемлекеттік, шаруашылық, әлеуметтік және мәдени құрылыстың негізгі бағыттары бойынша Қазақ ССР мемлекеттік кеңесшілері қызметі тағайындалды. Премьер-Министрді және Министрлер Кабинетінің құрамын республика Президентінің ұсынуы бойынша Жоғарғы Кеңес бекітетін болды. Біршама уақыт әрекет етіп келе жатқан Халықтық бақылау органдары таратылды. Енді Үкімет екі жакқа, яғни Жоғарғы Кеңеске де, Президентке де бағынышты болды. Себебі, Президент атқарушы биліктің басшысы болып табылды, Жоғарғы Кеңес Премьер-Министрді тағайындауға келісім бере отырып, Министрлер Кабинетінің құрамын бекітетін болды. Дәл осы уақытта Президентті атқарушы биліктің басшысы деп тану көптеген мәселелердің шешілуіне септігін тигізді. Дағдарысты еңсеріп, экономикалық және әлеуметтік дағдарысты қалпына келтіру үшін және тез арада реформаларды жасау үшін күшті атқарушы билік қажет болғаны рас. Екінші жағынан атқарушы биліктің шынайы субъектісі, яғни Премьер-Министр экономикалық, әлеуметтік, құқықтық қатынастарды қарастырғанда шынайы еркіндікте болған жоқ.

Сондай-ақ жоғарыда аталған заң бойынша республика Конституциясының 101-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Ол бойынша Халықтық бақылау комитеті құрылымының жойылуына байланысты бұл орган заң шығару бастамасы құқығынан айырылды. Сол сияқты бұдан былай заң шығару бастамасы құқығына қоғамдық ұйымдар мен Қазақ ССР Ғылым академиясы ие болмайтын болды. Заң шығару бастамасы құқығын жалпы прокурордың орнына Бас прокурор иеленді.

1991 жылғы 10 желтоқсанда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын Қазақстан Республикасы деп өзгерту бой-

ынша Қазақ ССР заңы қабылданған болатын [2, 394]. Ал бір апта өтпей жатып, яғни 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қабылданды [2, 395–399]. Заңның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет болып табылады. Өзінің территориясында өкімет билігін толық иеленеді және ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп жүргізеді. 6-бапқа сәйкес, Халық – егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары негізінде тікелей де, сондай-ақ өзі сайлайтын мемлекеттік органдар арқылы да мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асырады. Жоғарыда аталған заңның 3-тарауы толығымен республикадағы мемлекеттік өкімет органдарына арналғаны қуантарлық жәйт. Енді республикадағы мемлекеттік өкімет билігі заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып бөліне қағидасын басшылыққа ала отырып құрылатын және жүзеге асырылатын болды. Республика халқы атынан сөйлеу құқығы Жоғарғы Кеңеске және Президентке берілді. Не себепті бірінші Жоғарғы Кеңеске, содан соң Президентке дейтін сұраққа келетін болсақ, онда Жоғарғы Кеңес заң шығару билігін жүзеге асыратын болды. Ал Президент болса мемлекеттің басшысы болып табылғанымен, атқарушы биліктің басшысы болып қала берді. Сот билігі Жоғарғы Сотқа және Жоғарғы арбित्रажды сотқа тиесілі болды. Конституциялық Сот алдыңғы екі соттан тыс тұрды, заңда «Конституциялық Сот – осы сот арқылы қорғайтын жоғарғы орган болып табылады» деген ереже қамтылды. Бұл түсініксіз жайт еді. Бірақ 1992 жылғы 2 шілдедегі «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы бойынша бұл олқылық өз орнын тапты. Бұл заңның 10 тармағында Конституцияның 111-бабын келесі редакцияда жазу көзделген болатын: «111-бап. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Қазақстан Республикасы Конституциясын қорғау жөніндегі сот билігінің жоғары органы болып табылады...» [2, 143]. Осылайша, сот билігін құрайтын үш (3) негізгі мемлекеттік орган болды. Олар Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Жоғарғы төрелік соты және Конституциялық Соты.

Дегенмен, 1991 жылғы Конституциялық Заңның жетістіктерімен қатар, құқықтық реттеу саласында айтарлықтай кемшіліктері де болды. Мәселен, билікті тармақтарға бөлу қағидасы тек

деklarativтік тұрғыда айтылып өтті, оны жүзеге асыру тегігі, билік тармақтары арасындағы келіспеушіліктерді реттеу әдістері заңмен реттелмеді. Сол себепті 1991 жылғы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы мен 1990 жылғы «Мемлекеттің егемендігі туралы» Декларациясы Қазақстан Республикасының Конституциясын әзірлеуге негіз болып табылды.

1993 жылы 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясын қабылдады. Осы кезеңде билік тармақтарын бөлу қағидасының алғышарттары конституциялық негізде бекітілді. Конституцияда «Конституциялық құрылыс негіздері» айқындалып, ол тоғыз ережеден тұратын болды. Оның негізгілеріне тоқталып өтсек: Қазақстан – демократиялық, зиялы және біртұтас мемлекет (бірінші ереже), республикалық, мемлекеттік өкімет билігінің бірден-бір қайнар көзі болып табылады және халық мемлекеттік билікті тікелей және өз өкілдері арқылы жүзеге асырады (төртінші ереже), Қазақстан Республикасында мемлекеттік өкімет билігі оны заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу принципіне негізделеді. Соған сәйкес мемлекеттік органдар өз өкілеттігі ауқымында дербес болады, тепе-теңдік және тежемелік жүйесін пайдалана отырып, өзара ықпалдасып іс-әрекет жасайды (алтыншы ереже). Дегенмен, Конституцияның мемлекет, оның органдары мен институттарына арналған III бөлімінде (11-тарау «Жалпы ереже», 12-тарау «Жоғарғы Кеңес», 13-тарау «Президент», 14-тарау «Министрлер Кабинеті», 15-тарау «Мемлекеттің аймақтық ұйымдастырылуы және жергілікті басқару», 16-тарау «Сот», 17-тарау «Прокуратура», 18-тарау «Сайлау», 19-тарау «Қаржы», 20-тарау «Қорғаныс және қауіпсіздік») мемлекеттік билік тармақтарының (заң шығару, атқару және сот билігі) тепе-теңдік және тежемелік қағидасын негізге ала отырып, өзара әрекеттесуі жөнінде жазылмады және оның тетіктері жасақталмады (соттардың заңдарды конституциялық емес деп тану бойынша Конституциялық Сотқа өтініш білдіруден басқа).

Жоғарғы Кеңес жаңа мемлекеттік құрылым жүйесіне енгізілді. Осыған байланысты, Жоғарғы Кеңес Президиумы деген орган таратылды. Яғни, Жоғарғы Кеңес тек жоғары өкілді орган ғана емес, сонымен қатар конституциялық деңгейде заң шығарушы орган болып танылды. Бірақ, Жоғарғы Кеңестің құзғарушы кең ауқымды болып қала берді.

1993 жылғы Конституцияның қабылдануы мемлекет басшысы ретінде, елдің атқарушы билік жүйесін басқарған Президенттің рөлін нығайтты. Бұл кезеңді барлық белгілері бойынша басқарудың ара-

лас (жартылай президенттік) түріне жатқызуға болады, өйткені осы кезеңде Қазақстанның өкілді органы іс жүзінде өз өкілеттіліктерінен шеттетіле бастады. Конституцияда Үкіметтің бірауқытта мемлекет басшысы болып танылатын және атқарушы биліктің біртұтас жүйесін басқаратын Президентке бағыныштылығы жайлы анық айтылды. Осылайша, аталған Конституцияда басқарудың президенттік формасы жайлы айтылмады, бірақ онда президенттік республиканың маңызды бастаулары бекітілді.

Мемлекеттегі сот билігі Конституциялық Сотқа, Жоғарғы Сотқа, Жоғары Төрелік Сотқа және заң бойынша құрылатын төменгі соттарға тиесілі болды. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады. Конституциялық Сот мемлекет Конституциясын қорғау жөніндегі сот билігінің жоғары органы болып табылды. Жоғарғы Сот және Жоғары Төрелік Сот өз құзіретіндегі мәселелер бойынша сот билігінің жоғары органдары болып табылып, төменгі соттарға сот қадағалауын жүзеге асыратын болды. Конституциялық тұрғыда судьялардың өкілеттік мерзімдері (10 жыл) баяндалды. Соттардың заң шығарушы мен атқарушы билікті тепе-теңдікте ұстап, оларды тежеу тетігі (қабылданған заңдар мен өзге де құжаттарға бақылау жүргізу) 101-баппен реттелді.

Дегенмен, мұндай жағдай билікті тармақтарға бөлу қағидасына сәйкес келмеді және 1993 жылғы Конституцияда Жоғарғы Кеңес өкілдігінің шегі жайлы толық жазылмады. Онымен қоса бір палаталы Жоғарғы Кеңес мемлекеттің қалыптасуы мен дамуына қажетті өзгерістерді кең көлемді заңнамалық базамен қамтамасыз етуге шамасы жетпеді, әлеуметтік және экономикалық реформаларды жүргізуде «тосқауыл» болды (Үкіметке әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізуде шұғыл түрде әрекет етуге тура келді). Осы аталған жәйттарды ескере келе және Министрлер Кабинетіне экономикалық, әлеуметтік және т.б. уақыт күттірмес мәселелерді Президентке аландамай шешу үшін және Үкіметке біршама тәуелсіздік пен құзіреттер беру мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті 1994 жылдың 12 қыркүйегінде «Қазақстан Республикасы Президентінің республиканың мемлекеттік органдарымен өзара ықпалдасуы туралы» Жарлыққа қол қойды [6]. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі шиеленістер, экономикалық және әлеуметтік құлдырау, заң шығарушының өмірде болып жатқан өзгерістерді реттеп үлгері алмауы өз кезегінде 1993 жылдың соңында Жоғарғы Кеңестің өзі таратуына алып келді және нәтижесінде заң шығару өкілдігі Президентке өтті.

Конституция нарықтық қатынастар, жаңа мемлекеттік-құқықтық жүйе, демократиялық қоғам құру, билік тармақтарының тепе-теңдік және тежемелік қағидасы негізінде өзара ықпалдасып әрекет ету және т.б. сұрақтарға толыққанды жауап бере алмады. Бұл Конституцияның өтпелі кезеңде, яғни оның белгілі бір мерзімге өзінің миссиясын орындау үшін келгенін дәлелдегендей болды. Себебі:

1. Конституция референдумда тікелей халықпен емес, халықтың өкілдері болып саналатын Жоғарғы Кеңеспен қабылданды.
2. Негізгі заң Қазақстанның қай бағытта жүреті нақтыланбай жатқан тұста (тұрақсыздық жағдайында) қабылданды. Қоғам мен мемлекетті демократияландыру және нарықтық қатынастарға бағыттау тұсында жол көрсетуге қажетті құжат болды.
3. Конституция ережелері қисынды түрде реттеліп жазылмаған еді. Мәселен, Конституциялық құрылыстың негіздерінде төртінші ереже мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі ретінде Қазақстан халқына арналса, бесінші ереже қоғамдық бірлестіктердің идеологиясына арналды. Ал алтыншы ереже мемлекеттік билікті тармақтарға бөлу қағидасына арналды. Біздіңше, мемлекет өзінің басқару құқығын халықтан алатын болғандықтан, қисынды түрде бесінші ережеде мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінуі және олардың өзара әрекеттесіп қызмет ету жайында жазылуы керек еді.
4. Конституция нормаларында көп қайшылықтар болды. Мәселен, 64-баптың 7) тармақшасына сәйкес референдум өткізу туралы шешімді Жоғарғы Кеңес қабылдайды деген ереже бар. Өз кезегінде 78-баптың 7) тармақшасына сәйкес, Президент те Жоғарғы Кеңеспен ақылдасқаннан кейін референдум өткізу туралы шешім қабылдайды. Мұнда кімнің қандай шешім қабылдайтыны түсініксіз. Екі норма біріне бірі қайшы келіп тұр. Біріншісінде ол императивті түрде жазылса, екіншісінде ол Жоғарғы Кеңеспен ақылдасқаннан кейін қабылдайды деп жазылуда. Бірақ, екі ереже де де екі орган бір шешімді қабылдайды деген норма бар. Сонымен қатар, Конституцияның 64-бабы 2) тармағы Жоғарғы Кеңесті заңдар мен өзге де шешімдер қабылдайды, олардың орындалуы бойынша бақылауды жүзеге асырады және Министрлер Кабинетінің мүшелері Қазақстан Республикасы заңдарының орындалу мәселелері бойынша Жоғарғы Кеңес алдында жауапты (88-бап) десе, 85-бап Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының Президенті алдында жауапты дегенді айтады.

Дегенімен, өтпелі кезеңде өмірге келгеніне қарамастан, 1993 жылғы Конституция мемлекетімізде нарықтық экономиканы

қалыптастыруға, демократиялық процесстердің алға қарай жылжуына, ең бастысы құқықтық мемлекет құруға зор ықпалын тигізді. Мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінуі конституциялық деңгейде анықталды, жүзеге аса бастады. Жоғарғы Кеңестің бірқатар құзіреттері Президентке өтті. Конституцияның жоғары тұруын қамтамасыз ету мақсатында әлемдік тәжірибеге сай конституциялық бақылау органы – Конституциялық Сот құрылды. Сот билігіне басқа билік тармақтарын, егер де олар конституциялық емес заңдар мен өзге де құжаттарды қабылдайтын болса, құқықпен шектеуіне конституциялық тұрғыда рұқсат берілді.

1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда халық тәуелсіз Қазақстанның екінші Конституциясын қабылдады. Конституцияға сәйкес Қазақстан бұдан былай президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып табылады. Қазақстан әуелі парламенттік мемлекеттен аралас, яғни парламенттік-президенттік мемлекетке көшті, соңынан аралас басқару нысанынан президенттік басқару моделіне көшті. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, 1995 жылғы Конституция Қазақстанда түбегейлі президенттік республиканы орнатты. Бұл жердегі маңызды мәселе, жаңа Конституцияға сәйкес, Президент атқарушы биліктің басшысы болмай, елде барлық үш билік тармақтарының келісімділігін жүзеге асыратын конституциялық өкілеттігін сақтап қалды [7]. Бұл жағдай әртүрлі себептермен ақталды. Транзиттік мемлекеттер тәжірибесі көрсеткендей, «президенттік институт экономикалық, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-саяси салаларымен күрделі қоғамдық жүйені ұйымдастыру үшін қажет. Биліктің басқа тармақтары өтпелі кезеңде өзгерістердің ерекше динамикасына ие қоғамдық қатынастардың жан-жақтылығын ескере отырып, мұндай функциялардың жиынтығын толық көлемде өзіне ала алмайды» [8, 444]. Бұл жағдай Қазақстанның мемлекеттік құрылымын квазипарламенттік республикадан президенттіке қарай ауысуының бастамасы болды.

Конституция бойынша халық – мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі болып табылды. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Президенттің, сол сияқты конституциялық өкілетті шегінде Парламенттің құқығы бар екендігі айқындалды. Демек Президент мемлекет пен халық атынан абсолютті билік жүргізуге ғана болды. Конституцияда алғаш рет мемлекеттік биліктің біртұтас екендігі, яғни ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тепе-теңдік

және тежемелік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылатындығы және оның тетіктері баяндалды.

Конституцияның үшінші бөлімі Президенттік институтқа арналды. Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттің басшысы, оның ішкі және сыртқы саясаттарының негізгі бағыттарын айқындайтын, елде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғарғы лауазымды тұлға болып танылды. Президент Конституцияның мызғымастығының, халық пен мемлекеттік билік бірлігінің нышаны әрі кепілі болып танылды. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ететін болды. Алдыңғы Конституциядағыдай Президент атқарушы биліктің басшысы болып танылмады. Ол билік тармақтары жүйесінен тыс тұрды. Президентке мемлекеттік басқару саласында көптеген өкілеттіліктер берілді. Нәтижесінде, Елбасы Н. Назарбаев атап өткендей, «біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бірінші болып жеке меншікке, еркін бәсекелестікке және ашықтық принциптеріне негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін жасадық. Біздің моделіміз шетелдік инвестицияларды тартудағы мемлекеттің белсенді рөліне негізделген. Біз елімізге 160 млрд. доллардан астам шетел инвестициясын тарттық. Кәсіпкерлік қызмет үшін негізгі талаптар мен заманауи салық жүйесі қалыптасты. Стратегия-2030 қабылданғаннан бері 15 жыл ішінде мемлекетіміз әлемдегі ең серпінді дамушы елдер бестігіне енді. Нәтижесінде, 2012 жылдың қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің көлемі жағынан біз әлемнің 50 ірі экономикасының қатарына кіреміз. Әлемнің барлық елдері өз дамуын салыстыратын мойындалған рейтингтер бар. Осыдан алты жыл бұрын мен алдымызға әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру жөнінде жалпыұлттық міндетін қойдым. Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-орынды иеленді. Біз бүгін осы мақсатымызға таяқ тастам ғана қалдық» [1].

Президенттен кейінгі төртінші бөлім Парламентке арналды. Енді Парламент заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілді орган болып табылды. Заң шығарушы органның қызметі тұрақты, яғни кәсіби түрде болды. Ол Сенат пен Мәжіліс деп аталатын қос палатадан тұрды. Парламенттің Президентке, Үкіметке, сот жүйесіне қатысты өкілеттіліктері болды. Тепе-теңдік және тежемелік жүйесі заң шығарушының қос палатасының арасында да қарастырылды.

Ол өз кезегінде сапалы заң жобаларының қабылдануына септігін тигізді. Екі палатаның да ерекше қарауына жататын мәселелері қамтылды. Заң шығару бастамасы құқығы Президентке, Парламент депутаттарына, Үкіметке беріліп, тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады деген ереже қамтылды.

Үкімет атқарушы билікті жүзеге асыратын, атқарушы органдардың жүйесін басқаратын және олардың қызметіне басшылық жасайтын орган болып табылды. Министрлер Кабинеті деген атау Қазақстан Республикасының Үкіметі деп алмастырылды. Енді Үкімет өзінің қызметінде толықтай Президенттің алдында, конституцияда көзделген ретте Парламенттің алдында жауап беретін болды. Үкіметтің Парламентпен және сот билігімен өзара әрекеттесу тетіктері нақтыланды.

Сот билігіне Конституцияның жетінші бөлімі арналды. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылатын болды. Елімізде сот төрелігін тек қана сот жүзеге асырады деген ереже пайда болды. Бұдан бұрын әрекет етіп келген Жоғарғы Төрелік Сот жойылып, Жоғарғы Сотпен біріктірілді. Жоғарғы сот және жергілікті соттар мемлекетте сот жүйесін құрайтын болды. Конституцияның 78-бабына сәйкес, соттардың басқа билік тармақтарымен өзара әрекеттестік тетіктері, соттардың қолдануға тиісті заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп күмәнданса, іс жүргізуді тоқтата тұрып, билік тармақтарының қабылдаған актілерін конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгіну міндеттілігінен көрініс табады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // www.egetmen.kz
2. Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері. Конституциялық актілер – Қазақстан: этапты государственный. Конституционные акты / Құраст. Ж. Бейішев. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 496 бет.
3. Конституция (Основной Закон) Казахской Советской Социалистической Республики от 20 апреля 1978 года // <http://www.epravno.kz>

4. Декларация о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики от 25.10.1990 года // www.ravlodag.com
5. Закон Казахской ССР «О совершенствовании структуры государственной власти и управления в Казахской ССР и внесении изменений и дополнений в Конституцию (основной закон) Казахской ССР» // База данных нормативных правовых актов Республики Казахстан (пилотная версия). <http://adilet.minjust.kz>
6. Указ Президента Республики Казахстан «О взаимодействии Президента Республики Казахстан с государственными органами республики» // Казахстанская правда. №145 – 16 сентября, 1994
7. Әшімбаев М.С. «Формирование института президентства в ходе политического транзита в Казахстане» // <http://centrasia.org>
8. Майлыбаев Б.А. Становление и эволюция института Президента Республики Казахстан: проблемы, тенденции, перспективы (опыт политико-правового исследования) / Б.А. Майлыбаев. – Алматы: Арыс, 2001. – 444 с.

Қазақстанның инвестициялық қауіпсіздігін қамтамыз етудегі шетелдік тікелей инвестициялардың рөлі

Меруерт СЕЙДУМАНОВА,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың
Экономикалық зерттеулер бөлімінің
ғылыми қызметкері

Қ

азақстанның инвестициялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шетелдік тікелей инвестицияларды тартудың жағдайына зерттеу жүргізу біздің ел үшін аса маңызды болып саналады.


Шетелдік тікелей инвестициялар капитал салудың барынша сұранысқа ие түрі, өйткені сол арқылы елімізде ірі және маңызды жобаларды жүзеге асыру мен жаңа технологияларды тартуды қамтамасыз етіледі. Тәуелсіздік жарияланған кезеңнен бастап ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі ретінде инвестицияға қолайлы жағдайлар жасау мен экономикаға шетелдік тікелей мәселесі қарастырылып келеді. Қазақстанның идустріалды-инновациялық жолмен экономикалық жағынан бұдан ары да даму мүмкіндіктерін ынталандыру мақсатында ШТИ мүмкіндігін толығымен пайдалану мен оларды тарту үрдісінің тиімділігін арттыру әлеуеті толығымен пайдаланылуы тиіс.

Қазақстандағы ШТИ нарығының жағдайы және негізгі көрсеткіштерінің даму қарқыны

Қазақстан экономикасына 2007–2011 жж. аралығында шетелдік тікелей инвестиция түрінде 95,2 млрд. АҚШ доллары тартыл-

ды. Осы жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан экономикасына 5 млрд. 900 млн. АҚШ доллары кірді, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11% артық болып отыр. Соңғы он жыл кезеңінде ШТИ көлемі ұдайы өсім көрсетіп отыр, тіпті жаһандық дағдарыстың шарықтау шегі болған кезеңнің өзінде де ол 2008 жылдың көрсеткіштерінің өсім қарқынына ықпал етпеді (1-сурет). Инвестициялар жөніндегі Бүкіләлемдік баяндаманың мәліметтеріне сәйкес 2011 жылы Қазақстан ШТИ ағынының көлемі бойынша теңізге шығу жолы жоқ дамушы елдердің арасында бірінші орында, ал ТМД елдері ішінде екінші орында болды. 2011 жылғы мәліметке қатысты Қазақстан ШТИ тарту индексі бойынша әлемде жетінші орынды иемденді (2010 ж. – 5 орын).


Сонымен қатар Қазақстаннан шетелге шығарылып отырған тікелей инвестицияның валюталық ағымы қарастырылып отырған кезеңде 2,4 млрд. АҚШ долларын құрады (1-сурет). ҚР инвестициясының сыртқа жылыстауының артуы 2007–2010 жж. Аралығында байқалды. 2011 жылы экономикалық жағдайдың тұрақталуына және ірі инвестициялық жобалардың енгізілуіне байланысты, шетелдік тікелей инвестициялардың сыртқа жылыстауы өткен жылмен салыстырғанда 25% кеміді (1-сурет). Айта кететін бір жайт, Қазақстан сыртқа шығарылған тікелей инвестициялар негізінен Нидерланды (21,4 млрд. АҚШ долл.) және Ұлыбританияға (3,3 млрд. АҚШ долл.) бағытталды.



Ескеріле: ҚР статистика агенттігінің мәліметтері // www.stat.kz

1-сурет. ҚР ШТИ жалпы кірісі мен шығысы, млрд. теңге

Тағы бір назар салатын мәселе Қазақстан тұрғындардың адам басына шаққандағы жинақталған шетелдік инвестициялар көлемі жағынан көшбасшылар қатарына енеді, мысалы, 2011 жылы адам басына шаққандағы ШТИ 303 мың теңгені құрады (2-сурет). Қазақстандағы тұрғындардың жан басына шаққандағы ШТИ кірісі қарқыны Қытай мен Түркиямен салыстырғанда 2 есе, ал Ресеймен салыстырғанда 1,6 есе артық болып отыр. Сонымен қатар ШТИ тарту көлемінің өсім қарқыны тұрақты емес екендігін және де ол көп жағдайда мұнайдың әлемдік бағасының өзгерісіне байланысты екендігін айта кеткен жөн.




Ескерпе: ҚР статистика агенттігінің мәліметтері // www.stat.kz

2-сурет. ҚР ШТИ тұрғындардың адам басына шаққандағы жалпы кірісі мен шығысы, мың теңге

Осылайша, Қазақстанда ел экономикасына кірген ШТИ кірісі көлемі мен шетелге шығарылған инвестиция ағынының ара-салмағы оңтайландырылып отырылады, бұл өз кезегінде елдің инвестициялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Қазақстан ШТИ тарту саласында айтарлықтай бәсекеге қабілеттілік танытып, ШТИ кірісі көлемінің өсімі қарқыны бойынша алдыңғы қатардан көрініп отыр.

Қазақстан экономикасына инвестиция салып отырған елдердің жалпы саны 116 мемлекет. Олардың ішіндегі ірі инвесторлардың үлесі жалпы инвестиция көлемінің 76,2% қамтиды. 1993–2011 жылдар аралығындағы Қазақстанға инвестиция салған негізгі ин-

весторлар негізінен дамыған елдер болып табылады: Нидерланды (24,1%), АҚШ (15,3%), Ұлыбритания (7,7%), Франция (6,1%), Италия (3,9%), Канада (3,3%) және Швейцария (3%) (3-сурет). Тағы бір ата кетерлігі Нидерланды елдерінің инвестициясының жалпы үлесі жыл сайын артып, 2011 жылы жалпы көлемнің 40% қамтыды. (3-сурет). Сонымен қатар Қазақстан экономикасына айтарлықтай үлес қосып отырған елдер қатарына Ресей (3,9), Қытай (3,9) және Корея (2,8) кіреді. Оффшорлық аймақтар үлесі (Виргиния аралдары) 1993–2011 жж. аралығында орта есеппен 5% болды, бірақ 2007 – 2011 жж. айтарлықтай төмендеп, 13,4%-дан (2007 ж.) 3,3%-ға (2012 ж.) кеміді.




Ескерпе: ҚР статистика агенттігінің мәліметтері // www.stat.kz

3-сурет. Тартылған ШТИ көлемі инвестор-мемлекеттер бойынша 1993–2011 жж., %

1993–2011 жж. инвестор-мемлекеттер бойынша ШТИ құрлымында айтарлықтай өзгерістер орын алмады. Керісінше, негізгі он мемлекеттен, оның ішінде Нидерландыдан түсетін инвестицияның көлемі артқан. Сонымен қатар аталынған елдерден келетін инвестицияның көлемі тұрақты емес және де қарастырылып отырған кезеңде өте күшті қарқындық өзгеріс байқатты.

Аталынған кезеңдегі ШТИ негізгі көлемі экономиканың келесі салаларына бағытталды: өнеркәсіп (жалпы инвестиция көлемінің

53,2%), көлік және қоймаландыру (18,0%), қозғалмайтын мүлікке қатысты операциялар (9,2%). Ал өз кезегінде өндірістік құрылымның ішінде ШТИ қарастырылып отырған кезеңде негізінен кен өнеркәсібіне салынып, өңдеуші сектордан бірнеше есе артық болды. Осылайша, кен өнеркәсібі секторы 2007–2011 жж. негізгі үлестік салмақты қамтыды – 30,6%, өндіруші өнеркәсіп – 10,5%, қаржы секторы – 4,9%. 2007 жылдан бастап инвестициялық құрылымдарды әртараптандыру үдерісі байқала бастады: өндіруші өнеркәсіпке салынатын инвестиция жоспарлы түрде көбейтілді (2007 жылғы 5,8%-дан 2011 жылғы 14,4%-ға дейін) және кен өнеркәсібіне инвестиция көлемі азайды (2007 жылғы 29,2%-дан 2011 жылғы 17,7%-ға).



Ескерле: ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтері // www.nationalbank.kz

4-сурет. Салалар бойынша бағытталған ШТИ құрылымы, %

ШТИ тартудың салалық құрылымы жалпы алғанда 2007–2011 жылдар аралығында айтарлықтай өзгеріске түспеді, бұл салалардағы кірістілікті және де соған қатысты инвестициялардың бағытының басымдылығын танытады. Әрине, экономиканың басқа да басымдықты салаларында инвестициялық жобалар бар, бірақ та олар инвестиция тарту көлемі жағынан мұнай секторы мен геологиялық барлау салаларымен салыстырғанда біршама төмен

болып отыр. Мысалы, Қазақстан экономикасының шикізаттық емес саласында салынған ШТИ өсімінің көлемі 2010 жылы алғашқы рет кен өндіру саласының инвестициясы көлемінен артық болды.


Қазақстандағы инвестициялық жағдайдың қолайлылығы туралы әлемдік сахнада да айтылды. Қазақстан 2012 жылы Дүниежүзілік Банк пен «Doing Business» Халықаралық қаржы корпорациясының рейтингіне сәйкес өзінің көрсеткішін 11 сатыға жақсартып, 183 елдің ішінде 47 орынды иемденді. Қазақстан ТМД елдері арасында көшбасы жағдайына көтеріліп, Украина және Кедендік Одақ бойынша әріптестерімен салыстырғанда айтарлықтай тиімді жағдайда тұр. 2012 жылғы Дүниежүзілік экономикалық форум әлемдік экономикадағы бәсекегеабілеттілік рейтингінде 51 орынды беру арқылы біздің еліміздің көрсеткішін 21 сатыға көтерсе, Халықаралық менеджментті дамыту институтының (IMD, Швейцария, Лозанна) Әлемдік бәсекегеабілеттілікті зерттеу орталығының рейтингі бойынша (2011 ж.) еліміз 36 орында тұр.

Шетелдік инвестицияларды тартудағы Қазақстанның жетістікке жетуінің негізгі шарты бұл қарекеттерді жүзеге асыруға қажетті ағымдағы құқықтық база мен оны мемлекеттік қолдау шараларымен байланысты. ҚР «Инвестициялар туралы» заңы халықаралық сарапшылардың бағамдауынша, өтпелі экономикасы бар елдердің инвестициялық заңдары арасындағы ең тиімдісі болып саналады.

«Ernst and Young» мәліметі бойынша резиденттердің 35% Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы 2010–2011 жылдары жақсарды десе, 43% резиденттер өзгеріссіз қалғандығын, ал 14%-ы нашарлады деп жауап берген (5-сурет).

Осылайша, Қазақстан инвестициялық ахуалды жақсарту қарқынын қалыпта ұстап тұру үшін бірнеше міндеттерді дұрыс шешуі тиіс. Бірінші маңызды міндет ШТИ салалық құрылымын әртараптандыру болып саналады. Шетелдік инвестициялардың кен өндіру саласы мен геологиялық барлау секторына шамадан тыс жинақталуы Қазақстанның инвестициялық қауіпсіздігіне қатер төндірді, өйткені ШТИ көлемі көп жағдайда еліміздің табиғи ресурстарының қорына байланысты болып отыр. ШТИ ауқымды көлемінің өндіруші өнеркәсіпке бағытталуының тағы бір кемшілігі инвестициялық әлеуеттің өндіруші және ауыр өнеркәсіптік аймақтарға шоғырлануы эконлогиялық, әлеуметтік және басқа да тәуекел түрлеріне алып келеді. Сонымен қатар, Қазақстандағы ШТИ әртараптандыру жаңа технологияларды тарту есебінен өндірістік әлеуетті қалпына келтіру және жаңарту; тұтыну нарығын отандық

жоғарғы сапалы және арзан тауарлармен қамтуға; экспорттың шикізаттық ресурстар бәсекеге қабілетті, көп еңбек шығарылған және ғылыми жаңартылған тауарлар тарапына қарай ауытқуына ықпал етеді. ШТИ салалық әртарапандыру қажеттілігі инвестицияны тарту бағдарламаларында көрсетілген болатын, бірақ та кейбір қиыншылықтар, оның ішінде жоғарғы энергия шығыны, қымбат логистика және т.б. ШТИ ағымдарының шикізаттық емес салаларға бағытталған инвестицияның алдын бөгеу түр.



Ескерте: «Ernst and Young» мәліметтері // invest.gov.kz

5-сурет. 2010–2011 жж. инвестициялық ахуалдың өзгеруі, %

Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ететін факторлар:

1) Инфрақұрылымның даму деңгейі

Қазақстан территориясының автокөлік және темір жолдармен қамтылу деңгейі төмен жағдайда қалып отыр, ал өнеркәсіп орындарына бөлінген жер телімдеріне көп жағдайда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартылмаған. «Ernst and Young» аудиторлық компаниясының мәліметінше, респонденттердің 19%-ы Қазақстанға инвестиция тартудың ең негізгі кедергісі деп санайды. Осылайша, ШТИ тұрақты ағынын қамтамасыз ету мен әртарапандырудың негізгі талабы көліктік-логистикалық инфрақұрылымның, интернеттің дамуы мен энергия қажеттіліктің төмендігі болып саналады. Көліктік инфрақұрылымды дамыту бой-

ынша жобаларды жүзеге асыру ҮҮИДМБ негізгі бағыттарының бірі болып саналады, сондықтан да «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі мен «Бейнеу-Ақтау – Түркменстан шекарасы» темір жолының аяқталуы жалпы алғанда Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттырады. Сонымен бірге аймақаралық және облыстардың ішкі инфрақұрылымын дамыту мәселесіне де баса назар аударған жөн. Ал 2015 жылға дейінгі кезеңді қамтитын энергия үнемдеу бағдарламасы және оны тиімді жүзеге асыру да өз кезегінде Қазақстанның инвестиция тарту мүмкіндіктерін ұлғайтады.

2) Қазақстанның нормативтік-құқықтық жүйесі

«Ernst and Young» сауалнамасына сәйкес респонденттердің жартысынан артығы (53%) қазақстандық нормативтік-құқықтық жүйе ашықтық және тұрақтылық жағынан қарастырғанда айтарлықтай тартымды деп санамайды. Оның себептері ретінде: әкімшілік қиындықтар (16%), саяси көзқарастар (8%) және коррупция (7%) қарастырылады. Осылайша, жағдайы түзету үшін барынша ашықтықты таныту, инвестициялық заңнаманы жасау және тұрақты түрде жетілдіріп отыру, құқықтық органы тиімді басқару және бюрократияны төмендету қажет.

3) Шикізаттық емес салалардың кірістілік деңгейі

Республика экономикасының шикізаттық емес салаларына ШТИ ағынан бағыттау үшін олардағы кірістілік нормасы шикізаттық салалардың кірістілігімен тең болу қажет. Мемлекет тарапынан басым бағыттар бойынша жобаларды жүзеге асыруға қатысқан инвесторларға қажетті қолайлы жағдай жасау бойынша біршама шаралар орындалды. Қазақстандық инвесторлардың шығындарын азайту мақсатында бірнеше мемлекеттік қолдау түрлері (преференция, жеңілдіктер, бірігіп қаржыландыру) танытылды, бұл инфрақұрылымдық объектілерді қамтуға қажетті шығынды азайтуға мүмкіндік берсе, жаңа арнайы экономикалық аймақтар жағдайында салықтық жеңілдіктер жасалынды. Көрсетілген жеңілдіктерге қарамастан Қазақстандағы инвесторлардың қызметіне қажетті жағдайлар әлі де жетілдіруді талап етеді.

4) Елдің имиджі

Қазақстан Республикасының бәсекегеабілетті және әлеуметтік-бағытталған мемлекет ретіндегі имиджін алыпастыру, арттыру және нығайтуға қатысты ұсыныстарды жасақтау мақсатында 2007 жылы елдің ұнамды имиджін арттыру бойынша жұмыс тобы құрылды. Сонымен қатар ҚР СІМ Халықаралық ақпарат комитеті

жұмыс атқарып, 12 тілдегі Қазақстан туралы веб-сайт ашылған. Қазақстанның экономикалық жетістіктерін жалпыға жария ету, сауда серіктестермен байланысты дамыту, Қытай, Еуропа, Ресей, және Таяу Шығыс нарықтары арасындағы тиімді географиялық орналасу мен УИИД МБ жетістіктерін халықаралық БАҚ жариялап отыру Қазақстанның бұдан арғы инвестициялық имиджін жақсартуға мүмкіндік жасайды.

5) Кәсіби білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігі

Отандық және шетелдік мамандардың пікірінше Қазақстанда кәсіби жұмысшылар мен мамандарды жайындау жүйесін жақсарту қажет. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев та еліміздің интеллектуалдық кадрлық әлеуетін қалыптастыруға баса назар аударады, Елбасының бастамасы бойынша әлемнің үздік университеттерінде білім алу мен кадрлар дайындау мақсатындағы «Болашақ» бағдарламасы мен инновациялық Назарбаев Университет жұмыс істейді. Ал қазіргі таңдағы қажетті мамандардың жетіспеушілігі уақыт есебінен, яғни білікті маманды дайындауға қажетті мерзімнің өтуімен байланысты.

Жоғарыда аталынған міндеттер бірмезетте орындалуы тиіс, ал олардың жеке шешім табуы қажетті мақсатқа жетуге мүмкіндік бермейді, яғни факторлардың түрлі бағыттар бойынша дамуы инвестициялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен инвестициялық климатты жақсартуға жағдай жасамайды.

ШТИ статистикалық мәліметтеріне талдау жасай келіп, Қазақстан экономикасына салынып жатқан инвестиция көлемі мен қарқыны қазіргі таңдағы экономиканың капиталдық салымдарға қажеттілігіне сәйкес келеді деген шешім шығаруға болады. Бірақ, Қазақстанның әлемдік деңгейде инвестиция тарту жағынан жоғарғы деңгейде болғандығына қарамастан, ШТИ ағынының салалық құрылымы әртараптандыруды қажет етеді. Инвестициялық қауіпсіздіктің негізгі тәуекелі ШТИ негізгі бөлігінің кен өндіру саласына бағытталуы мен салалық әртараптандыруға кедергілердің көп болуымен байланысты. Бұл қиындықтарды жеңу үшін еліміздің инвестициялық климатын жақсарту қажет. Инвестициялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге инвестициялық қызметті айқындайтын барлық әлеуметтік-саяси ұйымдастыру-экономикалық және нормативтік-құқықтық факторлар ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Конференция ООН по торговле и развитию (ЮНКТАД). Всемирный доклад по инвестициям 2012 г. ЮНКТАД // <http://unctad.org>
2. «Ernst and Young», «Исследования инвестиционной привлекательности Казахстана», 2012 г. // <http://ipad.invest.gov.kz>
3. Амангалиев А.А. Центр энергосбережения. Энергосбережения и энергоэффективности в РК // АО «КазНИИ энергетиким.Академика Ш.Ч.Чокина. – 2011.
4. ГПФИИР на 2010-2014 гг. // www.minplan.kz

Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй саясатын жүзеге асырудың жаңа бағыттары: тұрғын үй бағасын бағалаудың оптималды-экономикалық моделі

Салтанат ҚОНДЫБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Экономика және бизнес жоғары мектебінің
докторанты

Тұрғын үй құрылысы ұлттық экономиканың орталық буындарының бірі болып табылады. Ол – Қазақстан экономикасы дамуының басым бағыттарының бірі және ол жалпы ұлттық сипаттағы неғұрлым маңызды міндеттеріне жағалы [1].


Тұрғын үй – қоғам өмірі сүруінің және дамуының негізгі шарты. Ол – мемлекеттің ұлттық байлығының, азаматтардың жақсы тұрмыс халінің маңызды элементі, әлеуметтік тұрақтылықты және қоғам дамуы қамтамасыз ететін, байлықты сақтаудың және қорлаудың құралы.

Тұрғын үй нарығы – бұл қысқа мерзімде қалыптастайтын күрделі механизм. Сонымен қатар, Қазақстанда жылжымайтын мүлік нарығы көпшілік жекешелендіру және тұрғын үй мүлкін нарық айналымына тарту кезеңінен қалыптаса бастады. 1990 жылы «КСРО-дағы жеке меншік туралы заң» қабылданғанда, жеке меншік түсінігі мойындалды. Кейінен жеке меншік жер учаскілері, ғимараттар мен құрылыстар үшін заңды түрде дайындалды (ҚР Жер кодексі, ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Қала құрылыс кодексі).

Тәуелсіз мемлекеттердің өмір сүруінің алғашқы онжылдығында республика бойынша іске қосылған тұрғын үй көлемі қолда бар тұрғын үй қорының бар-жоғы 0,5%-ын құрады. Тұрғын үй қорын жаңартудың мұндай қарқынымен оның мүлдем ескіріп, тозып біту қаупі туындады. Егер ескі үй қорының үлкен бөлігі сейсмикалық қауіпті аймақтарда орналасқанын ескерсек, тұрғын үй құрылысы саласындағы саясат болашақта күрделі дағдарыстарға алып келетіні белгілі болды.

1997 жылы ел астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру жылжымайтын мүлікке деген сұраныстың өзгеруіне жол ашып, тұрғын үйлерге деген баға қымбаттай бастады. Ал, Алматы қаласында керісінше, 1997–2000 жылдар аралығында тұрғындардың Ақмолаға көшуіне байланысты тұрғын үй мен коммерциялық жылжымайтын мүлікке деген баға АҚШ долларымен есептегенде 10-15%-ға арзандады.

Астанада 1998 жылы тұрғын үй тапшылығының нәтижесінде олардың бағасы бірден қымбаттады, кейінірек, 2000 жылға қарай өсу қарқыны тұрақтала бастады. Қазіргі уақытта тұрғындардың әл-ауқаты жақсара бастағаннан кейін, жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалар да бүкіл еліміз бойынша қымбаттап жатыр.



1-сурет. Тұрғын үй нарығындағы бағаның өзгеруі [6]

Бастапқы кезеңде 2000-2001 жылдары тұрғын үй бағасы бір қалыпты өсті. 2002 жылдан бастап тұрғын үй мүлкіне баға 5 есе

өсті. Сонымен қоса, екінші реттік нарықтағы бағаның өсу қарқыны бірінші реттік нарықтан жоғары болды.

Ресми статистиканың мәліметтері бойынша, 2000 жылмен салыстырғанда 2007 жылы екінші реттік нарықтағы тұрғын үйлер 17,8 есе, ал бірінші реттік нарықта 7,8 есе қымбаттады.

2007 жылдың екінші жартысында басталған қаржы нарығы тұрғын үй нарығына теріс әсер етті, бұл көрсеткіштер төмендеп, тұрғын үй нарығында құлдырау басталды. 2007 жылмен салыстырғанды 2008 жылы тұрғын үй бағалары 8,7% төмендеді. 2010 жылы тұрғын үй нарығында жандану байқалды, осылайша 2009 жылмен салыстырғанда баға 1,3% өсті. 2010 жылдың наурыз айында алдыңғы айлармен салыстырғанда, жаңа тұрғын үйлерді сату мен үйді жалға беру бағалары 0,3%, жайсыз тұрғын үйлерді қайта сату 0,7% өсті, ал жақсы қамтылған үйлерді қайта сату 0,1% төмендеді.

Кейбір эксперттер тұрғын жайларға бағалардың тұрақтануын 2006 жылы болжаған. Бірақ, статистика кері жағдайды көрсетті: 2006 жылы тұрғын үй нарығының бағасы жалпы ел бойынша 1,4-1,6 есе өсті. Әсіресе бұл өсім көбінесе Алматы қаласына тиісті болды-70%. Егер де Алматы пәтерінің 1 шаршы метрі 2000 жылы 170 АҚШ доллар тұрса, 2007 жылдың сәуірінде- 3500 АҚШ долларын құрады, яғни бағалар 20 есе артты.

Салынған үйлердің жалпы көлемі ұлғайғанымен, елімізде бірінші және екінші тұрғын үй нарықтарындағы баға өсу үстінде. Зерттеулер қорытындыларына сүйенсек, 2006 жылдың шілде айында еліміз бойынша тұрғын үйдің бағасы 1 шаршы метр үшін орташа есеппен 118300 теңгені құраған, бұл көрсеткіш 2005 жылдың шілде айымен салыстырғанда 19%-ға ұлғайған. Үй бағасы қымбат, «ыңғайлы» аудандардағы тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің бағасы 147400 теңгені құрап, 2005 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21,3%-ға қымбаттаған, ал қарапайым аудандарда орналасқан тұрғын үйдің шаршы метрі 110600 теңгені құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 18,1%-ға қымбаттаған.

Екінші реттік нарықта республикамыз бойынша 2006 жылдың ортасында 1 шаршы метр тұрғын үйдің орташа бағасы 80600 теңгені құрап, алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 35,1%-ға қымбаттаған. Қарапайым жоспарланған пәтерлердің 1 шаршы метрінің бағасы 71 мың теңгені құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 38,1%-ға қымбаттаған, «жақсартылған» пәтерлердің бағасы 1 шаршы метрге шаққанда 83700 теңгені құрап, 2005 жылдың шілде айымен салыстырғанда 1 жылдың ішінде 35,6%-ға өскен.


Элиталық үйлердегі пәтерлердің 1 шаршы метрінің орташа бағасы 2006 жылдың шілде айында 101700 теңгені құрап, алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 114,1%-ға қымбаттаған.

Еліміз бойынша қарастырылып отырған мерзімде ең қымбат тұрғын үй бағасы 2006 жылдың шілде айында Алматы қаласында байқалған, 1 шаршы метр тұрғын үй ауданы үшін алматылықтар орта есеппен 221100 теңгені санап берген. Ақтау қаласында 1 шаршы метр тұрғын үйдің бағасы орта есеппен 158300 теңге, Атырауда 112800 теңгені құраған. Ұқсас үйлерге деген ең арзан баға Тараз қаласында байқалған, 1 шаршы метр тұрғын үй аумағы үшін 38900 теңге төленген. Алғашқы тұрғын үй нарығындағы республикамыздың аймақтары бойынша ең қымбат үйлер мен ең арзан үйлер бағаларының арасындағы айырмашылық 6-7 еседен асып кеткен [4].

Тұрғын үйлердің екінші реттік нарығындағы ең жоғарғы бағалар Алматы қаласында байқалған, онда 1 шаршы метр тұрғын үй аумағы үшін орташа баға 201700 теңге болған немесе 44%-ға қымбаттаған. Астана қаласында тұрғын үйдің 1 шаршы метрі 151200 теңге болған, алдыңғы жылмен салыстырғанда 13,5%-ға қымбаттаған. Талдықорған қаласында қайталама тұрғын үй нарығындағы баға 34%-ға қымбаттап 1 шаршы метрі 32100 теңге болған, Қарағанды қаласында 32%-ға өсіп, қайталама тұрғын үй нарығындағы 1 шаршы метр тұрғын үйдің бағасы 35600 теңгені құраған. Еліміздің аймақтарындағы қайталама тұрғын үй нарықтарындағы пәтерлер бағасының ең қымбат және ең арзан деңгейлерінің арасындағы айырма тұрғын үйдің типі, қабырға материалдары және орналасу аумағына байланысты 6-8 есеіне құраған.

Республика бойынша қалалы жерде тұрғын үйге деген сұраныс жоғары, ал ауылды жерде төмен болып калууда. Тұрғын үйге деген тұрақты сұраныс қалыптасқан ірі орталықтарға Астана, Алматы қалалары мен ірі өнеркәсіп ошақтары орналасқан және мұнайлы өлкелердің ірі орталықтары жатады. Сұраныс теріс әсерін тигізетін факторлардың бірі – бюджеттік шектеулер, атап айтсақ отбасылардың табыс деңгейінің төмендігі жатады.

Тұрғын үй нарығына жаңа құрылыстар негізгі әсер тигізеді. Қазақстанда нарықтық қатынастардың жылдам дамуы бірінші реттік нарықтағы өзгерістерге алып келді. Егер 90-шы жылдардың ортасынан бастап тұрғын үй құрылысында тоқырау байқалса, 2000 жылдан бастап тұрғын үй құрылысының жандануы байқалады. 2000 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда, құрылыс қарқыны 105,6% өсті, бұл 1 млн.кв метр тұрғын үйді құрады.



2-сурет. 2011 ж. Қазақстанның ірі қалалары бойынша жаңа тұрғын үйді сату бағасының өзгеруі [6]

Құрылыс саласындағы, соның ішінде тұрғын үй құрылысы саласындағы баға деңгейінің өзгеруіне, соңғы жылдардағы тұрғын үй бағасының аса зор қарқынмен қымбаттауына көптеген бір-бірімен тығыз байланысты факторлар ықпал етуде. Жылжымайтын мүлік нарығындағы баға деңгейінің өсуіне біздің ойымызша, келесі негізгі факторлар ықпалын тигізуде:

- 1) Қазақстан экономикасының қарқынды дамуы, Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) үнемі өсуі, яғни экономиканың көптеген салаларында байқалып отырған өсу процестері;
- 2) Алдыңғы факторлардың салдары болып табылатын халықтың әл-ауқатының жақсаруы, табыстарының өсуі;
- 3) Алғашқы тұрғын үй нарығындағы құрылыс көлемінің жалпы тұрғын үйге деген сұранысты қанағаттандырмауы, салынып жатқан тұрғын үйлердің жеткіліксіздігі;
- 4) Қайталама тұрғын үй нарығындағы алыпсатарлық құбылыстардың орын алуы, көлемді ақша қаражаттарының балама инвестициялау көздерінің болмауынан жылжымайтын мүлік нарығына ағылуы;
- 5) Банктер мен басқа қаржылық ұйымдар тарапынан ипотекалық және тұтыну несиелерін беру көлемін шектен тыс ұлғайтуы;
- 6) Мемлекет тарапынан жер, жылжымайтын мүлік қатынастарындағы оңтайлы баға саясаты мен басқа құралдарды тиімді пайдалана алмауы, ол қатынастарды бет алдына жіберуі;

7) Басқа да бірқатар факторлар.

Кеңестер Одағы кезіндегі тұрғын үй құрылысын қаржыландыру сол кездегі тұрғын үй саясатына сәйкес келетін, яғни мемлекеттік тұрғын үй құрылысына бір орталықтан бюджеттік ресурстар үлестіріліп, барлық тұрғын үй қоры тұрғын үй жағдайларын жақсартуға кезекте тұрған азаматтардың арасында тегін үлестірілетін.

Қазақстанда экономикалық өзгерістердің ең басынан бастап тұрғын үй реформасы, яғни жылжымайтын мүлік нарығының дамуы өзінің маңыздылығына қарамастан, аса баяу қарқынмен жүзеге асырылды. Алғаш қарағанда, бұл бағыт бойынша үлкен жұмыс жасалған сияқты. 2000 жылы тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімдік қаржыландыру және ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту Концепциясы қабылданды. 2005 жылы тұрғын үй құрылысын дамыту Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылады. Оның дамуына 2006 жылы арналдық тұрғын үй және құрылысқа үлестік қатысу туралы заңдарына өзгертулер енгізілді. Сонымен қатар, 2006–2008 жылдарға тұрғын-коммуналды сфераны дамыту Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы № 383 Жарлығымен Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының 2009 жылдың ішінде іске асыру мемлекеттік бағдарламасы бекітілген. Тұрғын үй құрылысының 2008–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. 2009 жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің 2010–2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілді.

Аталған фактілер бір жағынан қазақстандықтардың тұрғын жағдайларын жақсарту мәселеріне қандай назар аударатындығын дәлелдейді, себебі тұрғын үйге құқық әр бір азаматтың конституциялық құқығы болып табылады, ал оның жүзеге асуы-халық өмірінің қазіргі стандарттарына жетудің маңызды шарты. Басқа жағынан Мемлекеттік бағдарламаға өзгертулер енгізу, ондағы тұрғын үй мәселесін шешудің нақты және ойластырылған стратегияның болмауын айтады.

Ел азаматтарын қол жетімді және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету сферасындағы мәселелер жаңа тұрғын үй саясатына көшу қажеттілігін көрсетті. Қазақстандық қоғамды модернизациялау үшін қайта құру кезеңіндегі қабылданған экономикалық және әлеуметтік реформалар тұрғын үй саясатының терең трансформациясына алып келуіне байланысты, тұтас және ғылыми дәлелденген тұрғын үй саясатын құрастыру және жүзеге асыру маңыздылығы, әсіресе қазір өте жоғары.

Ел Үкіметімен «Қол жетерлік баспана-2020» бағдарламасы қабылданған және ипотека, құрылысқор банктірі институттары арқылы тұрғын үймен қамтамасыз етудің жаңа стандарттары қалыптасты.

Қазақстан халқының басым бөлігін қол жетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатымен мемлекеттік бағдарламаны жақын бес жылда жүзеге асыру Стратегиясы жеке қала, өлке үшін қол жетімді тұрғын үйдің бір квадрат метріне базалық тіркелген тарифтерді бекіту принципіне негізделген. Құрылысты жоспарлаудың мұндай бағыты тарифтерге сыртқы факторлар (инфляция, құрылыс материалдар бағаларының өзгеруі және т.б.) түріндегі түзетулерді енгізуді талап етеді.

Тұрғын үй құрылыс бағдарламасы аясында халықтың басым бөлігіне қол жетімділікті жоғарлататын несиелік тұрғын үй құрылысының жаңа схемасы қалыптасқан, қол жетімді тұрғын үй құрылысының әр түрлі түрлері енгізілуде: арендалық, жас жанұялар үшін, әлеуметтік, индивидуалды баспана және орташа табысы бар жан ұяның мүмкіндіктеріне сәйкес келетін тұрғын үй.

Тұрғын үй құрылыс бағдарламасы тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшыларына келісім шарт негізінде бағдарламаға қатысуды ұсынады. Сонымен қатар, қол жетімді тұрғын үйдің бір квадрат метрінің құны мемлекеттік тариф негізінде әр бір қалаға жеке тағайындалады.

Мемлекеттік тарифтер жеке құрылыс жобаларды сипаттайтын орташа статистикалық мәліметтерді және эндогенді факторларды талдау негізінде анықталған тіркелген сипатта болады. Әйтсе де, тұрғын үйдің нақты бағалары әр бір түрі бойынша қалқымалы сипатта және инфляцияға, тұрғын үй сұранысының және т.б. өзгерісіне байланысты өзгеріп тұрады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, нақты бағалардың тарифтік бағалардан ауытқуын бағалау өзекті болып табылады. Міндеттің мұндай қойылуы тұрғын үйдің әр бір түрі бойынша нақты максималды көлемін анықтауға және ресурстарды ең тиімді жолмен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Оптимизациялық-эконометрикалық модельді құрастыру үшін келесі айнымалыларды және агрегатталған көрсеткіштерді енгіземіз: p – мемлекеттік тариф арқылы қаржыландырылатын қол жетерлік баспана түрлерінің көлемі;

m – құрылыста қолданылатын өндірістік ресурстар көлемі;

a_{ij} – j -ші тұрғын үйдің бір шаршы метр құрылысына қажетті i -ші ресурстың үлес шығыны $i = 1, 2, \dots, m; j = 1, 2, \dots, n$;

b_i – i -ші ресурс қоры $i = 1, 2, \dots, m$;

c_j – j -ші тұрғын үйдің бір шаршы метрін салғаннан және оны жүзеге асырудан түсетін табыс;

$m+1$ – барлық қол жетерлік баспана түрлеріне бөлінген қаржылық ресурстар нөмірі;

a_{m+1j} – j -ші қол жетерлік тұрғын үйдің бір шаршы метріне мемлекетпен бөлінген тариф үлесі;

b_{m+1} – барлық тұрғын үй түрлеріне бөлінген қаржылық ресурстар көлемі;

$M[a_{m+1j}]$ – a_{m+1j} кездейсоқ шамасының қалыпты үйлестірім заңын қанағаттандыратын математикалық күтімі;

x – j -ші тұрғын үйдің салынған және жүзеге асырылған шаршы метрінің көлемі, $j = 1, 2, \dots, n$.

Сонда қолдағы бар барлық ресурстарды тиімді пайдалану кезіндегі n түрлі тұрғын үй құрылысынан түсетін табысты максимизациялаудың оптимизациялық-эконометрикалық модельі келесі түрде болады:

Максималды табыс әкелетін $x = (x_1, x_2, \dots, x_n)$ векторын табу

$$f(x_1, x_2, \dots, x_n) = \sum_{j=1}^n c_j x_j \rightarrow \max \quad (1)$$

келесі шектемелер кезінде

$$\sum_{j=1}^n a_{ij} x_j \leq b_i, \quad i = 1, 2, \dots, m \quad (2)$$

$$\sum_{j=1}^n M(a_{m+1j}) x_j \leq b_{m+1} \quad (3)$$

$$x_j \geq 0, j = 1, 2, \dots, n \quad (4)$$

Модельде:

(1) – салынған үйлерді жүзеге асырудан түсетін максималды табысты сипаттайтын мақсат функциясы;

(2) – құрылыс технологиясына сәйкес келетін m - шектемелерден тұратын жүйе;


(3) – әр бір тұрғын үйдің бағасын сипаттайтын эконометрикалық теңсіздік;

(4) – $x = (x_1, x_2, \dots, x_n)$ – n түрлі қол жетімді тұрғын үй салу бағдарламасы.

(1)-(4) моделі үшін 2011 жылдың мәліметтері пайдаланылды.

2012 жылғы қазанда республика бойынша жаңа тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің алып сату бағасы орта есеппен 169,2 мың теңгені құрады және өткен аймен салыстырғанда 0,4%, көркейтілген тұрғын үйлерді алып сату, тиісінше – 125,7 мың теңге құрады және 0,7%, көркейтілмеген – 73,4 мың теңге құрады және 1%-ға өсті.

Жүзеге асырылған экономикалық талдаудың нәтижесінде жаңа тұрғын үй баспанасын сату күтілетін бағасының мемлекеттің тіркелген тарифтен ауытқуын көрсетті.



3-сурет. Тұрғын үй бағасының сенім шектеуі

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, мемлекеттік бағдарлама тұрғын үй бағасының жоғарлауының барлық мүмкін тәуекелдік факторларын есепке алмайтындығы жайлы айтуға болады. Елдегі тұрғын үй мүлкіне бағаның өсуіне объективті және субъективті факторлар ықпал етеді. Сонымен қатар, бағаның жоғарлауына әсіресе ЖІӨ өсу, халық табысының көтерілуі, ипотекалық несиелеу көлемінің өсуі, тұрғын үй құрылысына инвестициялар мөлшерінің өсуі, құрылыстың өзіндік құнының қымбаттауы сияқты факторлар маңызды әсер етті.

Тұрғын үй нарығындағы стагнация және бағалардың төмендеуінің екі себебі бар: сыртқы және ішкі. Ішкі себеп, тұрғын үй нарығының жоғары табыстылығынан сұраныс ұсыныстан асып, нарықтың тым қызып кетуі болып табылады. Сыртқы себеп ретінде, әлемдік қаржы дағдарысының тұрғын үй нарығына тигізген әсерін айтуға болады.

Тұрғын үй саясаты тиімді болу үшін оның бірнеше қасиеттері болу керек:

- біріншіден, ол мазмұнды болу керек, яғни жиі бір-біріне қарама-қайшы келетін факторлардың кең өрісімен әрекеттесуі қажет;
- екіншіден, тұрғын үй саясаты көп жайлы болу керек. Ол тұтнушылардың көп түріне бағытталуы қажет;
- үшіншіден, жүзеге аса алатындай, нақты болу тиіс, яғни оның негізгі құраушылары іске асатындай болу керек;
- төртіншіден, тұрғын үй саясаты экономикалық дәлелді болу керек. Ол елдегі нақты экономикалық жағдайларынан қалыптасуы қажет;
- бесіншіден, тұрғын үй саясаты ұйымдық бейімді болуы тиіс.

Ұсынылып отырған шаралардың басым бөлігі қолданылып келе жатқан шаралардың орнына емес, қосымша ретінде іске асу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Қазақстан халқына Жолдауы (6 наурыз 2009 жыл) // www.egemen.kz
2. Қазақстан Республикасының Президентінің «Жаңа он жылдық Қазақстан халқына Жолдауы (29 қаңтар 2010 жыл) // www.egemen.kz
3. Тұрғын үй қатынастары туралы Қазақстан Республикасының заңы. – Алматы: ЮРИСТ, 2006. – 52 б.
4. Кулумбетова Л.Б. Эталпы и тенденции развития рынка жилья в Казахстане // Вестник КазАТК. – 2007. – №4. – С.181–187.
5. Рост цен на недвижимость может спровоцировать экономический кризис // www.kazaks.kz
6. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі // www.kaz.stat.kz

1921–1922 жылғы ашаршылық және «торғай ісі»

Құрманғали ДӘРКЕНОВ,

Л. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қ

азіргі кезеңде қазақ халқының жартысына жуығы қырылған 1930–32 жылдардағы ашаршылық біршама зерттеліп жазылғанымен, 1921–22 жылдардағы ашаршылық жөнінде бірен-саран еңбектерде болмаса әлі айтыла қойған жоқ.

Мұрағат деректері мен басылымдарға назар аударсақ, 1921 жылғы Қазақстанның бес губерниясы мен бір уезі, атап айтсақ, Орынбор, Ақтөбе, Орал, Бөкей, Қостанай губерниялары мен Адай уезі ашаршылыққа ұшырады [1]. Құрамында 2 653 300 адамы бар Қазақстанның батыс бөлігі және онымен шекаралас Қостанай губернияларының ашаршылыққа душар болуының объективті және субъективті себептері бар еді. Олардың ерқайсының ара жігін таратпай жалпы айтсақ, 1921 жылғы аштықтың негізгі әріде, тереңде жатты. 1916 жылы қазақ жастарын тыл жұмыстарына алу, шақырылғандардың бас сауғалап қашуы, халық наразылығын өршіп, Торғай төңірегін қамтыған ұлт-азаттық күресі, ақ пен қызыл кезекпе кезек билікке келген аласапыран азамат соғысы, ер азаматтың ат үстінде болуы қалыптасқан шаруашылық жүйесін тоқырауға ұшыратты. Оның үстіне 1920 жылғы жұт пен 1921 жылғы құрғақшылық ауыл шаруашылығын тұралатып, халықты күйзеліске душар етті.

Бұл азаматтық соғысының енді ғана аяқталған, большевиктер ел ішіндегі саяси-экономикалық, әлеуметтік шиеленісті өз пайдасына әлі толық шеше алмаған елара кезең еді. Кронштадт бүлігі, шаруалар наразылығы, большевиктер билігін әлі де мойындай қоймау – сол кезеңнің жалпы ахуалының сипатын көрсететін. Осы кезеңде тек

қана Қазақстанда ғана емес, Ресейдің бірқатар жерінде де Астрахан, Царицын, Саратов, Самара, Симбирск, Уфа губерниялары ашаршылық құрсауына түскен болатын.

Әрине, Қазақстандағы ауыр жағдайды орталықтағы большевиктік билік білді. Солай болғанымен, ашаршылыққа ұшыраған Ресей губернияларының көмек көрсетуді талап етті. Өз еліндегі отырған қазақ елінің билігі алдарында тұрған екі мәселені де шешу жолын ұстанды. Ресейге ішінара көмек жасағанымен, ел ішіндегі жағдайды реттеуді бірінші кезекке қойды. Сондықтан да болар, Қазақ Орталық Атқару Комитеті атынан Ә. Жанкелдин мен Киселев Қазақстандағы ашаршылық жайын айта келіп, жағдайды реттеу әрі бір жағынан жеңілдету мақсатында Қазақстан территориясындағы басқа ұлт өкілдерін, мысалы, украиндарды өз республикаларына қоныс аударуға рұқсат беруін сұрады. Ашық айтылмаса да, бірды ма бұл ұсынысқа келісім бермеді. Сонымен қатар, алдын ала жоспарланған Қазақстанға Ресейден қоныс аударуға тиісті 2 млн адамды орналастыру мәселесі де өзгеріссіз қалды [2].

Қазақстанға Ресейден 2 млн адамды қоныстандыру қажет деген мәселе күн тәртібінде тұрғанымен, осы уақытта Қазақстанда аталған бес губерния мен бір уезде ашаршылыққа ұшырағандар саны да мәлімет бойынша 2 млн адам еді. 1922 жылдың қаңтарындағы мәлімет бойынша Орынбор губерниясында – 437 776, Қостанай губерниясында – 252 816, Ақтөбе губерниясында – 359 326, Орал уезінде – 75 мың ашаршылыққа ұшырады [1]. Бұл мәліметтің өзін орталықтың қырына ұшырап қалмау үшін қазақ билігі азайтып берген де болуы мүмкін. Себебі, осы жылдары елісіне белсене араласып, елдің ауыр халін өз көзімен көрген М. Әуезов «...аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл шара қолданылмаса, онда қазақ республикасы қазақсыз қалады» дегенді бекер айтпаған болуы керек [3, 79]. Бұл биліктің дәрменсіздігі мен аштан қырылып жатқан қазақты көрген адамның жан айкайы, ышқынуы еді. Қазақстанда осышама 2 млн адам ашаршылыққа душар болғанда, оларды ашаршылық тұзағынан алып шығу үшін қажетті азық-түлік қорын қалыптастыру, оларға көмек беру орынына тағыда осындай 2 млн адам азамды Ресейден Қазақстанға қоныс аудару ешбір логикаға келмейтін еді.

Бірақ, Қазақстанда ашаршылық тұзағына түскендер жоғарыда аталғандар ғана емес басқа да жағдайы дұрыс деген губерниялар

жайы да оңып тұрмады. Тек қана, Ақмолада аштыққа ұшырағандар санын 100 670 адам деп көрсетілді. Ақмоланың өзінде жағдай осылай болғандығына қарамастан, оларға Москвадан берілген жоспардан тыс тағы да 300 мың тонна астықты Ресейге жіберу міндеттелді [4, 288]. Лениннен жұмысшылар мен шаруаларға көмектесу керек деген жеделхат келген соң Арал балықшылары да 1921 жылдың 25 желтоқсанында Ресейге 14 вагон балық тиіп жөнелетті [5, 170 п]. Аштыққа ұшыраған Қазақстанға орталықтан көмек келгені былай тұрсын, қайта азық-түлік жіберу талап етілді.

Ақиқатын айтсақ, осы кезде ұлтжанды қазақ зиялылары, оның ішінде С. Садуақасов пен М. Әуезов ашаршылық жайын айтып дабыл қақты. «...дәл осы, 1921 жылдың күзі мен 1922 жылдың көктем айларына дейінгі аралықта ұлттың мүддесін қорғайтын аса көкейтесті шаралардың бірде-біреуі Смағұл мен Мұхтардың қатысуынсыз өткен жоқ. Бұл қарсанда қазақтың «қаратаяқтары» (зиялыларды қыр қазақтары осылай атаған) бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде ұйымшылдық танытып, ішінара сая іздеген саяқтары болмаса, қалғандарының барлығы да ұлттық мүдденің айналасына топтасты [3, 75].

Қазақстанның солтүстік батыс аймағын қамтыған аштық қазақ ұлтының келешегіне, ұлт болып қалуына қауіп төндірді. Аштық қауіпі күннен күнге ұлғайып, жан сақтау үшін қолына түскеннің бәрін жеп, тіпті адам етін адам жеп жатқандығы жөніндегі суық хабарлар жетіп жатқандығына қарамастан Орынбордағы қазақ билігі орынынан қозғалып батыл шараларға бара қоймады. Оның, екі түрлі себебі бар еді. Біріншіден, Қазақ Өлкелік Революциялық комитетінің мүшелері негізінен қазақ емес ұлт өкілдерінен құралды да, қазақ даласындағы ауыр халге соншалықты мазасыздана қоймады. Олар керісінше, Ресейдің ашаршылыққа ұшыраған аудандарынан Қазақстаннан азық-түлік көмегін ұйымдастыруға белсене кірісті. Қазақ отбасыларының тіршілік етіп отырған алдындағы азын аулақ малын, астығын жинап алды. Екіншіден, қазақ зиялылары арасында да таптық ұстанымдарына байланысты жік туып, биліктегі тапшылар ел ішіндегі ашаршылықты, ауыр халды баяндап шара қолдануды талап еткен зиялыларды, алашордашылардың кеңес үкіметіне қарсы әрекеті деп қабылдады. Сонымен қатар, ұлтжанды қазақ зиялыларының ұлттық мәселелерді көтеруі биліктегі басқа ұлт өкілдеріне де ұнай қоймады. Олардың арасында келісе алмаушылық жиі болды. Сондықтан, билік қазақ еліндегі ашаршылыққа бастапқы кезеңде белсене кіріспеді.

Оны осы жылдардағы Қазақ Өлкелік революциялық Комитетінің жұмыс жоспарынан да көруге болады. Назар аударсақ:

1. ВКП(б)-ның XII съезіне дайындық. 2. Ресейде аштыққа ұшыраған аудандарға азық-түлік жөнелту үшін жергілікті ұлттың қолындағыларын жинап алу; 3. Бұған қарсы халықтың наразылығын ұйымдастырып отырған «қазақ ұлтшылдарына қарсы күресу» [3, 75]. Сол кезеңдегі Қазақстандағы большевиктік биліктің ұстаған бағыты осындай болды. Халықтың алдындағы малы мен қолындағы соңғы өзеке жалғап отырғанын әсіреқызыл белсенділер қорқытып-үркітіп жинап алды. Орталыққа жақсы көріну үшін жергілікті халықтың өзі ашаршылыққа душар болып отырғанда, жиналғандарды Ресейге жөнелтті. Ал, бұл жағдайды көріп біліп отырып, мұндай іске наразылық білдірген қазақ зиялыларын тапшылар «ұлтшылдар», «пролетарлық интернационализмге қарсылар» ретінде кінәлады. Сонымен қатар, С. Меңдешев бастаған большевиктер Москваға төмендегідей мәтінде жедел хат жолдаған. «Ашаршылық туралы қауесетті таратып жүрген ұлтшылдар. Олар қарапайым шаруаның мұң-мұқтажын жоқтағансып, еңбекшелердің назарын өздеріне аудару үшін қасақана байбалам салуда» – деген. Профессор Т. Жұртпайдың пікірінше, «Шындығында, тура сол кезде С. Меңдешевтің туған ауылында түтіні тік шығатын бірде-бір үй қалмаған еді» [3, 76].

Ашаршылық меңдеген сол жылдары биліктегі большевиктер аштан қырылып жатқан қазақтар тағдыры жөнінде мәселе көтерген ұлтжанды қазақ зиялыларының іс-әрекетін кеңестік құрылысқа қарсы ұлтшылдардың әдейі жасап отырғаны деп айыптады. Ел ішіндегі аштықты дер кезінде тізгіндей алмаған билік уақыт өткізіп кеш қимылдады. Оның өзінде өздері ұлтшылдар деп айыптап отырғандардың талап етуімен. 1921 жылдың 10 желтоқсанында қазақ қызметкерлері қатысқан кеңесте күн тәртібінде, бірінші, қырдағы аудандардың аштыққа ұшыраған тұрғындарына нақты көмек көрсетуді ұйымдастыру, екінші, қазақ қызметкерлерін осы жұмысқа тарту және оларды тиімді пайдалану қаралды. Бірінші мәселе бойынша, М. Әуезовтың баяндамасы тыңдалды. М. Әуезов ел ішіндегі ауыр жайды баяндап «...Көптеген аудандардағы қазақтар көптен бері тек қана көртышқанмен, тышқанмен, суырмен, тағы да сол сияқты ұсақ жәндіктермен өзегін жалғауда, соның кесірінен әр түрлі жұқпалы аурулар мен індеттер естіп білмеген деңгейде тара-лып барады» деп мәлімдеді.

Осы кеңестен кейін ғана, қақаған қыста аштыққа ұшыраған аудандарға көмек көрсетуге қадам жасалды. Бірақ, қаһарына мінген

тар үшін күйлі елдерден жылу жинауға рұқсат етсін. Елге сенімді, білімді, таза азаматтарды бастық қылып, 20–30 комиссия шығарсын. Бұларға керекті күш-көмегін берсін. Комиссиялар үйезді, облысты, ауданға бөліп араласын, жиналған малдарын жаз бойы ашаршылық болып жатқан жерлерге айдасын. Аш босқындарды аман елдерге көшіріп орналастырсын» – дей келіп, «...жалғыз өкімет тарапынан көрсетілген жәрдемге ғана сүйеніп отырсақ, елді қырып аламыз. Өкімет жәрдемін көрсете берсін, ол өз алдына, өзіміз жұрттың қамын ойлауымыз керек» деп ел зиялыларын ел ішіне баруға, көмек көрсетуге шақырды.

Қазақ өкіметі ел ішіндегі жағдайдың одан әрі ушығып бара жатқанын білді. Енді шегінерге жер қалмағанын түсінді ме, әлде жатқаны жою ісіне қалың қазақты жұмылдыра бастаған «алаштықты жою ісіне қалың қазақты жатқанынан, оның сыртын-шордашылар» ықпалының өсіп бара жатқанынан, оның сыртында да ел ішіндегі ахуалдың ауырлап, аштықтың жайлағанына көзі жеткен соң ба ұлт зиялыларына рұқсат берді. Оның сыртында ашаршылықтан босқан елдің тасқыны қазақ шекарасынан тысқары кеткен еді. Орталық Атқару Комитеті аштарға көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін өз өкілдерін губернияларға, 1921 жылы сәуірде Ақмолаға Қияков, Семейге Тоғжанов, Қостанай-Торғайға С. Сәдуақасов жіберілді [12, 24–26 pp.]. ҚОАК өкілі ретінде осы жылдары ел ісіне белсене араласып жүрген М. Әуезов те Семей губерниясына барды.

С. Сәдуақасовтың та «Қостанай-Торғай» мақаласы осы сапар нәтижесінде жазылып, 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының 7–8 санында жарияланды. Осы мақаласында Орынбор азаматтарына «Жүсіпбек Аймауытов соңғы бір мақаласында Орынбор азаматтарына «аштардың жанына барындар» деп жазды деген еді. Ұлттық мүдені қашанда жоғары ұстаған Ж. Аймауытов басқа да ұлт жанапырларымен бірлесіп ашаршылыққа ұшыраған елге көмек көрсету мақсатында өзі тікелей араласып, басқаларға үлгі бола отырып жылу жинады.

Аштық Торғай елін есінгіреткен тұста М. Дулатов ел аралап сауын айтып, аштыққа ұшырағандарға қол ұшын берулерін сұрап Семей губерниясының үш уезін аралап шықты. М. Әуезов Ертіс бойын аралап елден мал жинады. Ә. Бөкейханов өзі бас сауғалап жүрсе де 1921 жылы тобықтының Шаған, Бұғылы, Шыңғыс, Мұқыр, Қызыладыр және найманның сыбан болыстарынан сауынға мал жиып, Торғайға мал айдап бара жатқан Жүсіпбек Аймауытовқа табыстайды [3, 90–91; 98–99; 137]. Жанұшыра қимылдаған А. Байтұрсынов та қысыл

таян жағдайды баяндап, аштықтан халықты аман алып қалу үшін көмек колдарын созулы сұрап үндеу жазды.

Жылу малын жинаушы ұлт зиялыларының ел ішіндегі беделінің, ықпалының жоғарылығы, оларға деген халықтың сенімі болар 1922 жылдың жазында 7 мың бас мал жиналды.

Жиналған малды шалғайда жатқан Торғай еліне апарып, ашыққан елге тарату жоспарланды. Оның себебі де бар еді. Біріншіден, орталықтан, сонымен бірге губерния орталығы Қостанайдың өзінен, әрі теміржолдан алыс Торғай уезі халқының жағдайы өте нашар болды. Оларға жол қашықтығынан көмек жетуі қиын еді. Екіншіден, жағдайы ежептәуір Қостанайдың шовинистік пиғылдағы орыс шаруалары ашыққан Торғай қазақтарына астық жіберуге қарсы болды [13, 110 pp.]. Ал, өз жағдайы ауыр аштық жайлаған көршілес Ақтөбеден көмек келуі мүмкін емес еді. Үшіншіден, Семейде жылу жинау жұмысына торғайлық зиялылар, оның ішінде М. Дулатов белсене араласты. Сол жылдары от ауызды, орақ тілді, батыл М. Дулатов та өзі елінің қиын жағдайы жеткізе айта білген болар. Сонымен қатар, Семей еліне жете таныс А. Байтұрсынов, М. Дулатов, А. Бірімжанов, Ғ. Бірімжанов, Н. Құлжанов, Н. Құлжанова, С. Кәдірбаев, А. Юсупов және т.б. ұлт зиялылары шыққан Торғай елінің ауыр халі қазақ оқығандарын, жалпы білетіндерді бей-жай қалдырмаған болуы керек. Жиналған жылу малының Торғай уезіне жіберілуіне осы аталғандар себеп болды ма дейміз.

Семей губерниясының комиссиясы он екі болыстан жиналған малды Торғай уезіне жеткізуді, мал айдауды ұйымдастыруды, жалпы басшылықты Ж. Аймауытовқа жүктеді. Жолға шығу үшін қажетті керек жаракты дайындау, іздеп табу ісіне біршама уақыт кетеді. Осы аралықта мал айдайтын малшыларды жалдады, малшылар үшін қос, дәрі-дәрмек дайындады. Жиналған мал Қарқаралыда болғандықтан 1922 жылдың 19 тамызында шығып, 1 қыркүйекте Ақмолаға жетті.

Аштық басталған сол жылдары адам бойындағы жақсы сапалы қасиеттерімен қатар, жаман қасиеттері де байқалып көзге түсті. Ел-жұрттың бірі, жақсысы аштық қыспағына түскен халыққа қолындағысын бөліп беріп жанашырлық, бауырмалдық танытса, сонымен қатар, екінші біреулері, жаманы айтқалы отырғанымыз мал айдағандар арасында малды айырбастау, жоғалтып жіберу, ұрлау секілді қасиеттерімен көрінді. Айдалған мал қыркүйек айының ортасында Торғай уезіне жетті. Жол бойы 172 бас сиыр – өлді, 46 бас сиыр – тамаққа жұмсалды, 9 бас – еңбек ақыға берілді, 22 бас мал – айырбасталды, 14 бас – киімге, басқа да керек жаракқа жұмсалды,

2 бас мал жоғалды. Жылқыдан да шығын шықты. 94 бас жылқы – өлді, 21 бас – тамаққа жұмсалды, 145 бас – ақыға беріліп, 47 бас – айырбасталып, 2 бас – Қарқаралыда қалдырылды. Екі түйе өлді. Айдалған малдан 2082 бас сиыр, 1982 бас жылқы, 185 қой, барлығы 4249 бас мал Торғай жеріне жетті [14, 62 п].

Айдап әкелінген малды Торғайға жетпей 200 шақырым жерле Жалдама өзені бойына қалдырып, Ж. Аймауытов Торғайға барып мал үлестіруге байланысты халықпен әкімшіліктің қатысуымен жиналыс жасады. Малды халыққа тарату үшін арнайы уездік комиссия құрылып, әр болыстан өкілдер кірді. Сонымен қатар, комиссия құрамына уездік аштар комиссиясының төрағасы Құлжанов пен ел ішінде ықпалды адамдардың бірі Б. Болғамбаев кірді.

Осылай әкелінген мал Торғай еліне таратылып аштықтан қиналған жандарға көмек көрсетілді. Бұл арада Ж. Аймауытовтың ел таныған тұлға, адал азамат ретінде қызмет етті. Аштық есеңгіреткен елге бір адамдай көмек көрсетті. Ел аралап мал жинауға қатысты, айдап әкелуге, және ашыққан халыққа таратуға басшылық жасады. Бірақ, бұл Ж. Аймауытов шырғалаңының басы, қозғалыс нүктесі еді.

Ақиқатын айтсақ, алаш зиялылары осы қиын уақытта тағы да ұлтжандылықтарын көрсетті, қазақ тағдыры жолында бастарын бөйгеге тікті. Бұрынғы алашордашылардың ел ішінде абырой беделінің өсуі, халық сөзін сөйлеуі большевиктік билікке ұнай қоймады. Олардың қазақ үшін жасағандарын кеңестік билікті мұқату, кеңестік саясатқа ашық қарсылық, қастандық деп қабылдады. Өрі осы кезең қазақ зиялыларының арасындағы жіктелудің ашылу кезеңі еді. Себебі, алашордашылар кезінде аласапыран уақытта ұлт мүддесі үшін уақытша үкіметпен де, ақтар мен де жақындасқаны белгілі. Ал, енді олардың кеңес билігі жағына шығып қызмет етіп қатар жүргенін кешегі қарсыласы тапшыл, большевиктік ұстанымдағылар қабылдай алмады. Аштық жылдары да батыл қимылдап, ел ішіне барып, ел мұңын айтып ашыққандарға жәрдемдесіп қызмет жасау кеңестік билікті елемей, оны төмендету болып саналды.

Ашты да болса айтып өтетін жай және бір таңқаларлығы партия мен мемлекет басында отырған Әліби Жанкелдин, Сейтқали Меңдешевтер өз елдері аштыққа ұшырап жатқанда үнсіз отырды, қозғала қоймады. Ел аралап, өз еріктерімен аштыққа душар болған елге көмек көрсетугін сұрап, жылу жинап жүрген М. Дулатов пен Ә. Бөкейханов аштықты пайдаланып, халық ішіне барып, кеңес үкіметіне қарсы астыртын әрекет жасауда деп айыпталып түрмеге түскенде де «олар ел үшін жүр-ау» деп қол ұштарын бермеді. М. Ду-

Қызыл Дар

№1(37) 2013 ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖҰРНАЛ

латовты Семейде тұтқындап, олан соң ОГПУ өкілінің бұйрығымен Орынборға жіберді. Бірақ, ашты мен тұщыны көрген М. Дулатов өзін ұстай білді. Содан да болар, тергеу, жауап алумен соң ісінен қылмысты әрекет таппады ма босатты.

Осы уақытта партиялық тазалау саясаты жүрді де «партияны әлсіретіп, оның бірлігін бұзып келген жікшіл топтардың бәрін дереу тарату талап етілді. Барлық партия ұйымдарына қандай да болсын жікшіл әрекеттерге жол берілмеуін қатаң қадағалау жүктелді. Сонымен қатар, «контрреволюциялық күштер мен антипартиялық уклондарға қарсы күресу міндеті» қойылды. Бұл контрреволюцияшыл, буржуазиялық уклон деген қонырауы бар кешегі алашордашыларды кез келген жағдайда айыптауға мүмкіндік берді [15, 213].

Осы жылдары мемлекеттік қызметке сенімсіз элементтерді, солардың ішінде бұрынғы алашордашыларды, олармен байланысы барларды жібермеді және оларды қайта тексеруден өткізді. Бұл Алашорда құрамында болған және олармен байланысы бар деген зиялыларды ашық қудаламаса да, мемлекеттік қызметтен шеттетуге мүмкіндік берді. Тексеруге түсті, бұрынғы іс-әрекеттері үшін жауап берді, қызметтен ығыстырылды. Қазақ зиялыларының таптық ұстанымы бойынша жіктелуі осы уақытта тереңдей түсті.

Осындай шиеленіскен жағдайда 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің №69 санында Файзулла ишанның аштық кезінде Семей губерниясынан жылу жинауға белсене араласып, жиналған малды бір жыл бұрын ғана Торғайға айдап әкелуге басшылық жасаған Ж. Аймауытовты қаралаған мақаласы жарық көрді. Ж. Аймауытовты «малды өзі пайдаланып кетті, бай мен орташаларға үлестіріп берді», «Торғай оқығандарына, алашордашылар мен олардың туыстарына үлестірді» деп айыптады [16, 202]. Міне, осы мақала Ж. Аймауытов басына үйірілер бұлттың алғашқы найзағайы болды. Бұл үзіліп созылып, қайта қозғалып Ж. Аймауытовты айыптауға, кінәлауға сотқа тартуға дейін әкелді. Назаланған, мұндайды болады деп күтпеген Ж. Аймауытов «Мен Файзулланың газетке басқанынан қараланып, әлеумет көзінде азаматтығым жойылды деп ойламаймын. Кімнің кім екенін бар болсақ уақыт көрсетер. Жалғыз қынжылатын нәрсе: ауыр қызмет, ақ ниет зая кеткен сықылды «еңбегің еш, тұзың сор» деген мақалдың тап болуы, не жақсылыққа жамандық қайту табиғат заңы, болмаса өмір көрсетер. Тыныш жатып біреуді мінеуден, сөгуден оңай қызмет жоқ» – деп жазды [17].

Малдың таратылуын тексеруге құрылған арнайы комиссия «мал байларға таратылды» деген үстірт, бір жақты шешім жасады [18].

Қызыл Дар

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖҰРНАЛ №1(37) 2013

Бұл шешім тек Ж. Аймауытовты ғана емес аштарға мал таратуға тікелей араласқан жергілікті азаматтарды да айыптау, қудалауға мүмкіндік тудырды.

Тарихта «Торғай ісі» деген атаумен қалған бір басылып, бір көтеріліп ұзын сонар үш жылдан астам тергеу, тексеру соңынан сотқа ұласқан іс басталды. Ақиқатын айтсақ, бұл аштық алқымнан алғанда ел жайы деп жаны ауырып, халықты көмекке жұмылдырып, ел аралап жылуға мал жинап, «қайтсем көмегім тиеді» деген ниет-те болған жаны таза ұлтжанды азаматтардың Ж. Аймауытовтың, М. Дулатовтың және т.б. жігерін құм қылды. Қаншама жасаған еңбектері еш кеткендей болды.

1923 жылы Орталық комитеттің және облыстық партия комитетінің ұйымдастырумен мал таратуға тікелей қатысқан Торғай уезінің қызметкерлері Ахметсапа Жүсіпов (Юсупов), Шайқы Құлжанов, Ілияс Бәйменов, Қазғелді Қарпықов, Рүстем Әбдіғаровтардың ісі қаралып, айыпталды [19]. Тексеру, тергеуде А. Жүсіповтың алашордашыл М. Дулатовтың бажасы, ал, Рүстем Әбдіғаровтың ел ішінде Амангелді Имановты өлтіруге қатысы бар деп айыпталып, кейін қызылдар қолынан қаза болған Әбдіғар бар деп айыпталып, туысқандығы бар екендігі айтылып, Жанбосыновтың кенже ұлы екендігі, әрі Рүстемнің алашордашыл А. Байтұрсыновқа жақындығы, туысқандығы бар екендігі айтылды. Шынында, Рүстемнің әкесі Әбдіғар Жанбосыновтың анасы А. Байтұрсыновтың апасы Алуа еді. Рүстем А. Байтұрсыновқа сы А. Байтұрсыновтың жиеннен туған жиеншар. Сонымен қатар, Рүстем қазақы ұғыммен жиеннен туған жиеншар. Сонымен қатар, Рүстем А. Байтұрсыновтың қызы Катезге үйленді [20, 40; 57; 86].

РСФСР Жоғары сотының Қазақ бөлімі 1924 жылы 13 маусымда бұл істі тағы қарап аталған азаматтарды іс бойынша қылмысты деп санады [21, 16п.]. Бұл іс одан әрі келесі жылы тағы қаралып Ж. Аймауытов, А. Жүсіпов, Ш. Құлжанов, Р. Әбдіғаров, І. Бәйменов, Қ. Қарпықовты мал үлестіру барысында қолхат алынбағанын негіз қылып, әрі мал «байлар мен орташаларға үлестірілді», Торғайдың жауапты қызметкерлеріне мал үлестірді, дегенді желеу қылып айып-ты деп тапты. Ж. Аймауытов мал үлестіру ісіне араласқан аталған торғайлық жауапты қызметкерлермен бірге Қылмыстық Кодекстің 110 бабы бойынша айыпталды [22, 1-2 пп.]. Ж. Аймауытов бірнеше рет тергеуге шақырылып, іс 1925 жылдың 3 қазанында аяқталды. Іс аяқталғаннан кейін қосымша тергеу жұмыстары жүрді. Он екі томдық «Торғай ісі» толық бітіп, сотқа жіберілді.

1926 жылдың 13-23 наурыз аралығында Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласында «Торғай ісі» деген атпен сот өтті. Сотқа

сы Қызылорда қаласында «Торғай ісі» деген атпен сот өтті. Сотқа

тартылғандар өздерін айыптау ісімен келіспеді. Тергеудің бір жақты өткендігін, айыптаудың еш негізсіздігін, айыптаушы куәгерлер көрсетулері жала екендігін алдын ала мәлімдеді. Ж. Аймауытов сот процессіне куәгер ретінде аштық жылдарындағы ахуалды және осы істі білетін Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Нұрмақовты, Қазақ мемлекеттік баспасынан Токжігітовті, Сауда Халық Комиссариатынан А. Кенжинді, Академиялық Орталықтан А. Байтұрсыновты, Әлеуметтік істер жөніндегі Халық Комиссариатынан Ә. Жанкелдинді, Халық Ағарту Комиссариатынан Лекеровты шақыртуды сұрады [23].

Осы уақытта Оқу-ағарту комиссары, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы С. Сәдуақасов азаматтық позициясын көрсетті. Ол аштық қыспаққа алған жылдардағы қазақ зиялыларының жанкешті ұлт үшін жасаған істерін жоғары бағалады. Сот процессін үнемі қадағалап отырды. Сот жүріп жатқанда Москвада болған С. Сәдуақасов «Түрмедегі айып орындығында отырған торғайлықтардың ісін толық ақтайтын аса маңызды дерек менде бар. Мен келгенше сот ісін тоқтата тұруларыңызды өтінемін» – деп жеделхат жолдады [3, 92; 24, 92-96 пп.]. «Еңбекші қазақ» газеті соттың өту барысы жөнінде 1926 жылдың 15-26 наурыз аралығында сандарында хабар беріп отырды. Бастапқы сот отырыстары бірінде, қойылған сұраққа Ж. Аймауытов «Малды бөлгенде комиссияның басқа мүшелері – Құлжанұлы, Балғабайұлының көрсетуімен ауылдық, болыстық өкілдердің қолына бермек ордерді мен жазып тұрдым. Жеке адамдарға қызметкерлерге мал бергенде комиссияның ұйғарған адамдарына ғана бердім. Малдың дұрыс бөлінуіне, мұқтаждарға, аштарға бөлінуіне көңіл бөлдім» – деп орнықты жауап берді [25].

Сонымен қатар, бұл сот процессінің саяси астары болғаны да ақиқат. Аштықта абырой бедел жинайын деп емес, ел жанашы-ры болып белсене көмек көрсеткен кешегі алашордашыларды, олардың көрнекті өкілі Ж. Аймауытовты сүріндірудің бір мүмкіндігі туған еді. Себебі, аштық жылдары кеңестік өкімет емес, халыққа алашордашылардың жақын болып, олардың мұңын жоқтап, аштық алқымнан алғанда жанкештілікпен қызмет еткені анық еді.

Ж. Аймауытовқа «Тоғыз мың малдың басқа жаққа апарылмай, Торғайға әкелінген себебі не? Торғай уезі азаматтарымен бұрын таныс па едіңіз? Торғайдың Семей жақта жүрген азаматтарының ішінде танысыңыз бар ма? – деп қойған сұрақтардың мәніне назар аударсақ, Торғай алашордашыларымен байланысыңыз бар-ау, әйтпесе осыншама мал неге Торғайға әкелінді? деген жыммысқы астар жатқаны да айқын еді.

Ж. Аймауытов сақтықпен, әрі дәлелді түрде, «басқа ашыққан елге апаруға өте алыс болғандықтан, ашыққан елдің жақыны Торғайға әкелінді. Торғай азаматтарымен бұрын таныстығым жоқ. Семейде жақта жүрген М. Дулатұлымен таныс едім. М. Дулатов Семейде губсоттың мүшесі. Жылу малды бірге жинасты, – деп жауап берді.

ОГПУ тергеушілерінің 1. Малды аштарға таратып беретін комиссияның мүшелегіне қасақана кіріп, «Алашорда» Үкіметінің туыстарына заңсыз үлес берді. Кедейлерді үлестен қакты. 2. Үлестірілген малды кім алғаны туралы қолхат алмады. 3. Үшінші өз бетінше бақташыларға мал үлестірген, – деп [3, 96] таққан айыпта-рына өзінің актық сөзінде дәлелді, бұлтартпас жауап қайтарды.

Қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қарым-қатынасы мен заңды сақтау тәртібін байланыстыра келіп, сол кездегі жағдай мен аш адамдардың көңіл күйін сипаттап шынайы тазалықпен сөйлеген сөзі тыңдаушыларға ерекше әсер етіп, тебіренгі. Жүсіпбектің адалдығы мен ізгілігіне деген сенім тудырды. Ж. Аймауытов «...Бұл іске, меніңше кейбіреулер заң жүзінен қарап, біреулер сұрқиялық көзбен құрғақ сөзге салынып жатырған көрінеді. Бұл малдың жинал-ретіне келсек, қазақ арасында жиналған мал – қазақ әдетімен жинал-ды, сондықтан бөлу де қазақшылық ретімен болды. Ал енді малдың бөлінуі туралы наразылық – көрінеу түрде, ру ретімен, ескі әдеттен шықты. Торғай еліне 4 000 мал келгенде көктен түскендей болды. Мал адамның етіне жақын болғандықтан да олар өте қуанып тік көтеріле даярланды. Малдың басына барған кезде адам, халық малға қаптап кеткен еді. Аштарға малды бер бастағанда халықтың қызығуы, алқымнан алуы солайша күшейе бастады. Бір жағынан – аштардың тізімін алып жатсақ, екінші жағынан – мал бер деп жағадан алып жатты.

Жалпы қазақтың бұл туралы әдетін алсақ: 8000 малды үлестіріп алу түгіл, 8 кез сисаны жанжалсыз үлестен емес. ...Сондықтан бұл іске дау шықпайды деуге болмайды.

...Мені: «Неге комиссияға кірдің?» деп айыптайды. Мұның қисыны жоқ. Себебі, ала жаздай бейнеттеніп келіп, комиссияға кірмей, малдың қалай бөлінгенін білмей кетуім дұрыс па еді? Өрине дұрыс емес. ...Ал енді екі жұма баққан 74 малшыға – 74 кара, малшылардың тамағы, киісі деп – 30 шамалы кара берілген. 2-ші (рет айдап әкелінген) малдан менде ондай шығын болған жоқ.

Ал енді: азаматтарға мал берді (үлестірді), – дегені туралы. Мен малды кедейлерге беру жолында болдым. Мысалы, Орынборда жатқан Жангелдинге 15 кара бер – дегем жоқ. Солардың кедей аш-арық туыстарына береді деп сенгенмін.

Қазақ Пәйірі

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №1(37) 2013

Мен Торғай оязының партия құмарлығын, ақсақалдар дәуірі кетпеген ел екендігін газетте де жазғанмын. Сондықтан да уәкіл сайлауын сол елдердің өз ортасына жіберген күнде де, (олар) бізге дұрыс уәкілдерін сайлап бермес еді. Сондықтан біз сенімді (адамды), Торғайдың жауапкер қызметкерлерінің алдында сайлауды мақұл көрдік. Сондықтан қалады, ауотком алдында сайлады – деп айыптау қате.

...Ал енді осы тәртізес істен саяси астар шығаруды ойлайтындар бар көрінеді. Бірақ оны жоғарда айтқан Торғай елінен шығаруға бола ма? Себебі Торғай елінің большевигі де, Алашы да жуан, атқы мінгендері – оқығандар. ...Міне осыдан саясат шыға ма?

Қағаз (қолхат) алмады деседі. Ол үшін бұл істің кандай уақытта болғанын еске алу керек. Бұл ат үстінде болған іс, талмау уақытта болған іс – деп ашығын, әділін айтты [26, 208–212; 3, 96–98].

Ж. Аймауытов сөзінің мәні мен мағынасы ашық сот мәжілісіне қатысқандарға қазақы ұғыммен түсінікті болды. «Қазақ ежелден қарыз беріп қарыз алады ...Сонда ол бірінен бірі еш уақытта қолхат алмайды, ешбір протокол жасамайды. Бәрін ауызша сөзбен жүргізеді. Бұл әбден әдет болып кеткен. Аштарға жәрдем үлестірген кезде менің бойымда да, ойымда да осы заң күшті болды. Мен атам қазақтың осы заңын ұстандым. Аштарға не берсем де, қолхат алмадым. Хат білмейтін, аштан көзі қарайып, өлейін деп отырған адамнан қолхат сұрауды қалайсыз көрдім» дегенді айтты [16, 203–204].

Сөзінің соңында Ж.Аймауытов: «Басқа табар елім жоқ. Өз елімнің ортасында құрбан болып кетсем арманым жоқ. Ел заңына бағынбауға болмайды. Егер халқымның заң, ғұрпы мені айыпты десе амалым не? – деп сөзін бітірді [26, 212].

Ж. Аймауытовтың сөзі неғұрлым сенімді, байыпты, салмақты шыққандығы сондай сот мәжілісіне қатысқандардан қолдау тапты. Осы істегі басты айыпкер Ж.Аймауытов сотта ақталып шықты. Ал, 1926 жылы 24-наурызда сот іске қатысты торғайлық қызметкерлер коммунист И.Бәйменов пен партияда жоқ Қ. Қарпықовты 1 жыл 6 айға, А. Жүсіпов пен Ш. Құлжановты 2 жылға бас бостандықтарынан айырды. Биліктегі ұлтжанды қазақ зиялылары аштық жылдарындағы Ж. Аймауытовтың атқарған ісінің дұрыс екендігін білгенімен, іштей қолдағандарымен кешегі алашордашылды ашық қолдай алмады. Бірақ та, С. Сәдуақасовтың, Ж. Мыңбаевтың тікелей ықпалымен Қазақ Орталық Комитеті араласуымен осы жылдың 26-сәуірінде кешірім жасалынды [27, 72 п.].

С. Сәдуақасовтың ықпалымен деп отырғанымыз, мұны О. Исаевтың сот процессін баяндап Ф.И. Голощекинге жазған хаты-

Қазақ Пәйірі

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №1(37) 2013

нан айқын аңғарамыз. О. Исаев Голощекинге бәрін баяндап отырды. Сәдуақасовты кінәлап, бір жағынан тісін батырып Сәдуақасовтың не айтқанының, Ж. Аймауытовты қалай қорғағанын мәлімдеді. Сәдуақасовтың «...сотта куә ретінде не қоғамдық қорғаушы ретінде сөйлеуге рұхсат беріңіздер, қазақтың қаламгерлерінің бірі ретінде оларды қорғауға тиіспін» дегенін, М. Дулатовтың «Еңбекші қазаққа» Ж. Аймауытовты және Торғай қызметкерлерін қорғап жазған мақаласын жариялауға келісім бермегенінде С. Сәдуақасовтың жариялатқанын да баяндады. С. Сәдуақасовтың Аймауытовты «қазақтың Вересаеві, Алексей Толстой, ол «Интернационалды», «Жас гвардияны» аударды дегенін, сондай-ақ «бұл сот процессі – «Алашорданың» үстінен жүргізілген сот, одан басқа ештеме емес, сондықтан да соттың құрамы ... ол деңгейден (Алашордадан, алашордашылардан – Қ.Д.) төмен» дегенін де қалдырмай жеткізді [24, л.92–96]. Голощекинге жазған осы хатында «Сәдуақасов жолдастың алашордашылармен арасындағы жігі ажырамаған. ...Алашордашылар осы сотта өзінің азуын көрсетті, Сәдуақасовты пайдалана отырып, партия мен өкіметке ықпал етуге тырысты» – деп Смағұлды алашордашыларға қосақтады. Солардың бағытын астыртын жүргізіп отыр дегенді жеткізді. Онсыз да ұлтжанды қазақ зиялылары ұнатпайтын Голощекинді С. Сәдуақасовқа қарсы қойды.

Ұлтжанды С. Сәдуақасов Жүсіпбекті соттапқауға бар күшін салғаны анық.

РСФСР Жоғары Соты Қазақ бөлімінің анықтамасында да Торғайдың жауапты қызметкерлері Алашорданың көрнекті өкілдері Юсупов, Құлжанов, Бейменов т.б. амнистия болып ақталғаны жазылды [28, л.89–89].

Осылай бірнеше жылға созылған атышулы «Торғай ісі аяқталды». Бірақ, осы арада сәл шегініс жасасак, бір күмән тудыратын жай бар. Ол шынымен жоғарда айтылған Ж. Аймауытовты айыптаған, қаралаған мақаланы жазған Файзолла ишан ба екен деген сұрақ. Файзолла ишан Сатыбалдыұлы Торғай еліндегі танымал, дін ұстаған, қари атанған елге сыйлы кісі. Бұл кісінің дәл мұндай пендешілікке бара қоюы неғайбыл деген де ой келеді. Осы тұрғыда, біріншіден оқыған, білімді, сөзіне ел тоқтаған адамның атын жамылып басқа біреу жазуы мүмкін. Солай болғанның өзінде оң солын жетік білетін Файзолла ишан газетке өзі емес екендігін жазып терістеу керек еді. Олай болмады. Олай болмаған соң, екіншіден, әлде бір бізге белгісіз себеппен мәжбүрлеп жаздырды ма екен деген ой туады. Бұл арада айтқымыз келіп отырғаны кеңестік билік қысым көрсетті ме дейміз.

Үшіншіден, газетте мақаланың авторы «Файзулла Ишанов» деп жазылған. Бұл кісі өз атынан жазса Сатыбалдыұлы немесе Сатыбалдиев болар еді. Кейін 1928 жылы «ұлтшыл» атанып, сотталып, «Беломор канал лагерінде айталып, сонда ескі досы М. Дулатовпен кездесіп бірге болды деген де дерек бар. Ахметті, Міржақыпты құрмет тұтқан елге сыйлы адам өз атына кір жұқтырмасы керекті. Аштыққа ұшыраған елге Семей губерниясынан келіп жатқан көмектің сыртында сол жылдары ел ішінде әлі де абырой беделі жоғары А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың тұрғаны да күмәнсіз еді. Ашыққан ел, келген көмектен орындарынан тік тұрып кетпесе де, аштықтан есеңгіреген елге демеу болатындығын көзі ашық, көкірегі ояу Файзолла ишанның білмеуі мүмкін емес еді. Ж. Аймауытовтың мал таратуға Торғай еліне келгенде Файзолла ишанмен кездесуі де кәдік. Алаш зиялыларын қатты қадірлеген Файзолла ишанның Ж. Аймауытовтың Торғай елінің азаматтары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, А. Бірімжанов, Ғ. Бірімжанов, К. Токтабаев т.б. қатар жүрген үзеңгелісі екенін екенін білгені де анық. Осыны біле тұра жала жауып, мақала жазды дегенге сену қиын. Бірақ, «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылы №69 санында Файзулла Ишанов деп тұрғаны да тасқа таңба басқандай.

Кейін 37-38 дің зұлматында шейіт болған А. Байтұрсыновтың қазасын естігенде қатты қайғырып Файзолла Сатыбалдыұлы:

«...Шынымен бұл дүниеден өткенің бе,

Қайрылмай алды артыңа кеткенің бе?

Ахмет опат болды дегенді естіп,

Егіліп жылай бердім, тек дедім де!...

...Бақұл бол, қайран Ахмет ақ сұңқарым,

Қош айтып рухыңа басыңды идім!», – деп жоқтағаны ел есінде [29, 95]. Осындай елге сыйлы адамның Торғай азаматтарын және Ж. Аймауытовты сергелденге салған үш жылдан астам уақытқа созылған «Торғай ісінің» басында тұрды дегенге сену қиын-ақ.

Қалай болғанда да есте қалатын жай, Торғай ісі» көп нәрсеге нүкте қойды. А. Байтұрсынов Академиялық жұмыспен еркін араласуым бұл қадамын: «Ғылыми-педагогикалық жұмыспен еркін араласуым үшін» деп түсіндіруі жай сылтау ғана еді. Шын мәнінде бұл оның «Ақ болсын, қызыл болсын, бәрібір, мен қазақ ұлтының мүддесін қорғайтын мемлекетті жақтаймын» [3, 103] деп мәлімдеген пікірінде қалуы еді. Кеңес үкіметінің қазақ мүддесін қрғайтындығына, оны тап мүддесімен алмастырғанына А. Байтұрсыновтың көзі анық жетті.

М. Әуезовтің де көңілі большевиктер партиясы мен Кеңес үкіметінен біржола қалды ма, ҚОАК мүшесі бола отырып, ешкімге ескертпестен Ташкентке кетіп қалды, одан әрі Ленинград университетіне ауысып кетті. Партия билетін Өлкелік комитетке почтамен салып жіберді. Кейін осы жайға байланысты жауап бергенде тергеушілерге «Еңбек тәртібін бұзғаным үшін және мүшелік жарна төлемегенім үшін мені партиядан шығарып тастады» деп уәж айтқан болды [3, 104]. Бұл большевиктік үкіметтің пиғылын аңғару мен онымен тікелей одактасудан, оның бір бұрандасына айналу, әрі мемлекеттік қызметтен түңіліп бас тарту еді. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары белсенді қызметке араласқан М. Әуезов осылай мемлекеттік қызметтен біржола кетті. Ғылымға, білімге, ағартушылық жұмысқа бет бұрды. Мүмкін бұл, биліктен торығу, түңілу ұлы тұлғаның ғылымға, ұлтқа қызмет етудің жаңа жолына түсуіне мүмкіндік берген болар. Әлемдік деңгейдегі құндылықтар қатарынан орын алған ғылыми-көркем шығармаларының тууына жасалған бетбұрыс болған болар десек қателеспесбіз.

Тағы да бір жайдың беті ашылды. Қазақ зиялыларының арасындағы жіктелу процесі тереңдей түсті.

Қазақ азаматтарының бірі ел ашаршылыққа ұшырып, есеңгіріп, тоз-тоз болып жан сақтау үшін босып кеткенде, қолына түскеннің бәрін талғажау қылғанда, бірі елге қалай көмектесеміз, қалай аман алып қаламыз деп жанкештілікпен ел аралады.

Ал, екіншілері жоғардан большевиктік биліктен, Кеңес өкіметі тарапынан қимыл болмаған соң бір пәлеге ұшырап қалармыз дегендей еш әрекетсіз отырды.

Алғашқылары ыстыққа күйіп, суыққа тоңып жиналған малды ашыққан халыққа жеткізгенде, екіншілері олардың ісінен үкіметіке, партияға қарсы пәле іздеді. Олардың соңына айтақтап ит қосты. Олардың іс-әрекетінен қылмыс іздеді, жоқ болса да табуға тырысты.

Қазақ зиялыларының бірі алғашқыларды олардың жаны таза, адал не істесе де ел үшін істеді деп қорғағанда, ал екіншілері тағы оларды алашордашылармен жақындасты, алашордашылықтың кеңес үкіметі жылдарындағы жана көрінісі деп айыптап, аяқтарынан шалды. Билік жолында, таптық мүдде жолында қазақ мүддесін, ел мұратын құрбандыққа шалды. Бұған О. Исаевтың «Халықаралық пролетариаттың мүддесі үшін қазақ халқын да құрбандыққа шалдыз» деуі дәлел. Тапшылар қазақ тағдыры, қазақ мүддесі үшін бас көтеріп бірдеме дегендерге «ұлтшылдар», «алашордашылар сарқыты» деген таңбаны баса қойды. Олар бірінші кезекке, ел

тағдырының, халық жағдайын емес партия бағытын қойды. Оларда құлдық, бас изеушілік психологиясының қалыптасып, бойларына сіңіп кеткені сондай, осы жолы да және кейінгі 1930–32-ші аштығында да халық қырылып, тағдыры қыл үстінде тұрғанда, көзге көрінген қазақ оқығандарының, ел билегендердің азаматтығы сыңға түскенде бұғып қалды. Ештеңе болмағандай кейіп танытты [30, 67].

«Торғайісі» аяқталды, Ж. Аймауытов ақталыпшықты дегенімізбен, бұл бер жағы ғана еді. Қырағы большевиктер әрине, Ж. Аймауытовты кейін айыптағанда да бұрынғы «Торғай ісін» ұмытпады. Сонымен қатар, Торғай еліне қатысты әрбір істен Ж. Аймауытовтың қолтанбасын іздеді. Торғай еліндегі кеңес үкіметінің күштеу, зорлық зомбылық, тәркілеу саясатына қарсы 1929 жылдың қарашасындағы Батпаққара көтерілісіне еш қатысы болмаса да байланыстырып айыптады. 1929 жылы Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген сылтаумен қайта тұтқынға алынды. ОГПУ органдары істі тергеп-тексеруге тиісінше қылмысты іс қозғау жайында қаулы қабылдамастан-ақ бірден айыптау мақсатына кірісті. Тергеу бір жылдан астам уақыт жүргізіліп қылмысын дәлелдейтін нақты дерек болмаса да, қолдан ұйымдастырылған іс бойынша үкім шығарылды [31, 5]. Ж. Аймауытов «Торғай ісінен» арада төрт жыл өткенде 1930 жылдың 21 сәуірінде Москвада Бутырка түрмесінде атылды. Осы жолы да тағдырдың жазуы ма Жүсіпбекпен және Дінші Әділовпен бірге атылғандардың екеуі торғайлық көрнекті тұлғалар Ғ. Бірімжанов пен А. Юсупов еді.

Араға қаншама жылдар түскенімен, Ж. Аймауытовтың ашаршылық жайлап ел тығырыққа тірелгендегі ісі – шынайы азаматтық, тазалық қана емес ұлтжандылықтың, ұлтты сүйе білудің шексіз, баға жетпес үлгісі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты 320 қор, 1-т. 45-іс, 46-п;
2. ҚР ОММ. 5-қор, 2-тізбе. 8-іс, 50-парақ;
3. Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 472 б.
4. Қазақ ССР тарихы. Кеңе заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. – IV том. «Ғылым» баспасы». – Алматы, 1981. – 676 бет.
5. ҚР ОММ 40-қор, 2-т. 210-іс, 170-п;
6. Алаш ақиықтары. Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. – Алматы: «Алаш», 2006. – 288 бет.

Әліпби реформасы және қазақ зиялыларының қызметі

Күлжазира ӘБІКЕНОВА,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты



ткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары Кеңес Одағы көлемінде жергіліктендіру (коренизация) саясатымен бірге, латын әліпбиіне көшіру науқаны саяси тұрғыда қызу қолға алынды. Алайда, кеңестік биліктің бұл саясаты түркі халықтарының интеллигенциясы мен мұсылмандары тарапынан үлкен қарсылықа ұшырады. Өйткені, 1920 жылдары қазақ, татар, өзбек, башқұрт және қырғыз халықтарының араб жазуына негізделген әліпбилері реформаланып жатқан болатын. Кеңес үкіметінің бастапқы жылдарында тек қана түркі халықтарын ғана емес, сонымен бірге орыс тілін де латын әліпбиіне көшіру мәселесі де көтерілген болатын. 1919 жылы ағарту ісі жөніндегі халық комиссары А.В. Луначарский: «... барлық осы елді мекендеп отырған халықты жаппай латын әліпбиіне көшіру қажет» дегенді айтқан болатын. Осы пікірге орыс сөзін қолдаушылар қоғамы бірден қарсылық көрсетті. Олар бірден комиссия құрып, сол арқылы «латын әліпбиіне көшіру шетелдіктерге орыс тілін үйретуді қиындатып жібереді» деген мәлімдеме жасады. Нәтижесінде орыс әліпбиін латынға ауыстыру бастамасы көтерілмей жатып, бірден тоқтатылып тасталды [1].

Әліпби, емле және оны реформалауға байланысты қазақ оқымыстыларының да арасындағы пікірталас алғашқыда «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» газеті сынды басылымдар беттерінде көрініс тапса, 1920 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» сынды басылым беттерінде қызу айтысқа айналды. Әсіресе әліпбиге байланысты зиялылардың көзқарастары мен пікірталастары қалың бұқара арасына жарияланып, халық талқысына салынды. Бұл

Қызыл Дария

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №1(37) 2013

7. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. Танымдық зерттеулер, мақалалар. 2 – том. – Алматы: «Алаш», – 2003. – 360 бет.
8. ҚР ОММ 5-қор, 2-тізбе. 45-іс, 6-п;
9. ҚР ОММ 5-қор, 2-тізбе. 67-іс, 43-п;
10. «Еңбекші қазақ». 1922. №4-5.; Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 472 б.
11. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2003. – 400 бет.
12. ҚР ОММ 5-қор, 3-тізбе. 83-іс, 24-26-п;
13. Қазақстан республикасы Президентінің мұрағаты 139-қор, 1-тізбе. 1а-іс, 110-п;
14. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 7-іс, 62-п;
15. Совет Одағы Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының ренциялары мен шешімдері (1898-1970) – Алматы: «Қазақстан» қаралары мен шешімдері (1898-1970) – Алматы: «Қазақстан» 1972. – Т. 2. 1917-1924. – 580 бет.
16. Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек (Өмірі мен қаламгерлік қызметі) Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 224 бет.
17. Аймауытов Ж. Жауап. «Қазақ тілі» газеті. – 1923. – №42.
18. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 4-іс, 24-26 п;
19. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 8-іс, 204 п;
20. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс: тарихы және қазіргі заман. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Алматы: «Тарих тағылымы» баспасы, 2010. – 183 б.
21. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 13-іс, 16 п;
22. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 16-іс, 1-2 п;
23. ҚР ОММ 251-қор, 1-тізбе. 16-іс, 233; 250-252 пп;
24. ҚР ПМ 811-қор, 20-тізбе. 638-іс, 92-96 пп;
25. «Еңбекші қазақ». – 1926, 16 наурыз.
26. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сөзін 1920-1928 жж. Движение Алаш. Апрель 1920-1928 гг. – Алматы: «Ел шежіре», 2007. – Т.3. – Кн.1. – 304 с.
27. ҚР ОММ 251-қор, 4-тізбе. 17-іс, 72 п;
28. ҚР ПМ 141-қор, 1-тізбе. 1694-іс, 89п-89 сб;
29. Имаханбетова Р.С. Ғасыр санлағы. А. Байтұрсыновтың ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). – Астана: «Педагогика ПРЕСС» 2010. – 304 бет.
30. Даркенов Қ.Ғ. XX ғасырдың 20-30 шы жылдарындағы қазақ интеллигенциясы: көзқарас эволюциясы және идеялық жіктелу. Материалы международной научно-практической конференции «Взаимовлияние народов России и Казахстана» (историко-культурологический аспект) Т. 1. – Павлодар: ПГПИ, 2004. – 324 с.
31. Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повесть, өңгімелер, пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 бет.

Қызыл Дария

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №1(37) 2013

істе «Еңбекші қазақ» газетінің орны ерекше болды. Аталмыш газетке екі топтың өкілдері әр түрлі тақырыпта мақалалар жариялап отырды. Мәселен, Н. Төрешұлы «Бізге қандай әліппе керек», Ә. Байдилиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б. Байтоғайұлы, Қ. Басымов, М. Дулатов, Т. Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О. Жандосұлы, М. Жолдыбаев, Қ. Жұбанов, Е. Омаров, Қ. Кеменгеров, Н. Қаймекеұлы, Ж. Аймауытовтың, М. Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» т.б. және шетелдік Г.И. Бройдо, Н. Яковлев, Поливанов, Навириманов, профессор Ашмарин, профессор Жюзе, академик Бартольд, профессор Л. Жирков, профессор Б. Шобанзаде сынды ғалымдардың бірнеше мақалалары жарық көрді.

1924–1926 жылдары әліппи тартысы Түркістан мен Қазақстан аумағында толассыз жүрді. 1924 жылы 12-18 маусым аралығында болып өткен білімпаздардың тұңғыш съезінде қазақ ұлтына қатысты әр түрлі мәселелермен қатар әліппи алу ісі туралы сөз болады. Жалпы Кеңес үкіметі билігі тұсындағы ұлттық оқыған қауымның алғашқы бас қосуы осы қазақ білімпаздар тобының съезі болды. Түрлі баспасөз беттерінде білімпаздар тобының жиыны өтетіні туралы ерте-ақ жария етіліп, онда қандай мақсаттар атқарылатыны туралы жазылды.

«Бұл жиылыс еріккеннің ермегі емес, «топалаң уақытындағы той» емес – мектептерде оқу ана тілінде жүргізіліп, кітаптар жанданып, жазу машинасы шығып, мекемелерінде іс қағаздарын қазақ тіліне көшіріп жатқан дәуірде, үлкен сапырылыс болып, пікір өрнек, жазу-сызу, программалар, жобалар майданы ашылған дәуірде, өмір тілегімен болып жатқан жиылыс. Бұл жиылыс – ой, сөз жиылысы» – деп, өтілер жиынның мән-жайы туралы жалпылама түсіндірме беріледі [2]. Шындығында, бұл білімпаздар тобын шақырудың өзі қазақ елінің болашақ әдебиетін, тілін, емлесін, мәдениеті мен түрлі ғылыми істерін шешуде бөлінбей, біртұтас ұлттық ортақ мүдде үшін дұрыс шешім қабылдап, істі алға бастырту мақсатынан туған еді. Әйтсе де қазақтың араб әліппесін латын әліппіне көшіретін тұста «жаңашыл» ұлт зиялылары мен «ескішіл» ұлт зиялылары арасында үлкен пікірталас орын алады.

Білімпаздардың тұңғыш съезінде қаралған күрделі мәселелердің бірі – әліппи турасында болды. Соған орай әліппи турасындағы баяндаманы Ахмет Байтұрсынұлы жасайды. Ахмет Байтұрсынұлы «Әліппи тақырыпты» атты баяндамасында осы күнгі қазақтың пайдаға асырып жүрген түрік (араб) әліппіні қолданыстан шығарып, латын әліппіні аламыз деген пікірдің дұрыс еместігін түсіндіреді.

Қашық

№1(37) 2013 ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖҰРНАЛ

А. Байтұрсынұлы араб жазуын жақтаудағы негізгі дәлелдері – бұл әліппидің 12-13 жыл бойы қолданылып, қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып, өзгертіліп, қазақ мәдениеті мұқтаждығын толық өтеп отырғандығы және оның дыбыстық әдісімен оқыту ісіне айтарлықтай қолайлы болып шыққандығы еді.

Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы бұл әліппидің полиграфикалық мүмкіндіктері мен экономикалық тиімділік жақтарын да баса көрсетеді, жаңа-жаңа сауаттанып келе жатқан халықтың қайтадан сауатсыз болып қалатындығына, араб графикасымен жазылған дүниеліктерімізден қағажу қалып, тарихи сахнамыздың күнгірт қалатынын да атап өтті. Ал жаңадан алынбақшы латын әліппіні жүргізудің жұмысы көп, оған көп іс, көп күш керек, оны алуан пайда аздығын айта келіп, жазба түрін осы күйінде қалдыруды жөн санады.

Ахмет Байтұрсынұлы баяндамасынан кейін қазаққа латын әліппіні алу керектігі турасында Нәзір Төрешұлы қосымша баяндама жасайды «Біз латын қарпін қазаққа күшпен алдырғалы отырғанымыз жоқ, еріптің сыртқы пішініне, ажарына қызығып, сән үшін алғалы да отырғанымыз жоқ. Латын қарпін үйрену, жазу қазаққа тым пайдалы, жеңіл. Мысалы, бір газетке бір түрік қарпімен жазып шығуға 15 пұт әріп кетсе, латын қарпімен 2,5 пұт керек. Түркі қарпі үшін 174 ұя, латын қарпіне 44 ғана ұя керек, түркі қарпінің біреуі төрт түрлі, латындікі бір ғана түрлі. Мәдениеттің жаңалығы халықтың пікіріне қарап ілгері кетпей тұра алмайды. Латын қарпін қазір аламын, үйренемін деушілерге бөгет болмауымыз тиіс. Қашан латын қарпін қолданғанша 10 жыл, 100 жыл болар, одан да арман кетер. Бірақ мектептегі оқушыларға таныстыру үшін осы бастан қазақ әліппесінің жанынан тіркеліп, бір-екі әңгімелерді латын қарпімен жазып (немістерше), балалардың көзін үйрете беру керек» – деді [3]. Яғни, мұндағы баяндамашы қазақ зиялыларының екеуінің де ой-толғамы ұлттық мүдде жолында маңызды шешімді қабылдау екендігін анық аңғарамыз.

«Съезд мүшелері А. Байтұрсынұлы мен Н. Төрешұлының жасалған баяндамаларына өрай өз пікірлерін білдіріп жатты. Әліппе туралы күн жарым айтыс болды. Съезд аса ықыласпен тыңдалды. Ақырында латынға қарсылар: араб әліппесін латындардікіндей дараалап береміз, сөйтіп, кемдігін жоямыз, бұдан былай латын ауызға алынбасын деп, съезге ұсыныс кіргізеді. Ал латыншылар болса: латынның негізіне қарсы болмай, қалай бірте-бірте жүзеге асыруды өңдеуге береміз деп жұпыны өзгеріс кіргізді. Ең болмағанда латын әліппесін өңдеп жүзеге асыру жағынан пікірін тиісті мекемеге

Қашық

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖҰРНАЛ №1(37) 2013

таныстыруға Қазақстан Оқу комиссариатына тапсырылсын делінді. Дауысқа салу барысында тең болып шықты. Қазақстан Оқу комиссары, съезд мүшесі Н. Зелиұлы болмай, қағаз арқылы дауысын латынға беріп жіберіпті. Сөйтіп латыншылар бір дауыс артық болған» – деп жазады сырттай бақылаған латыншылардың бірі «Еңбекші қазақ» газеті бетінде [4].

Мұндағы Ахмет Байтұрсынұлы болсын немесе Нәзір Төреқұлұлы болсын, олардың жоғарыда берген анықтамаларынан екеуінің де ұстанған позицияларының нық екендігі байқалады. Жоғарыда атап өткеніміздей, А. Байтұрсынұлының қауіпі – Алаш зиялыларына ортақ қауіп еді. Яғни, жаппай таратылатын түрлі мерзімді басылымдардың оқулықтардың шыққанына небәрі он жылдың көлемі болғанда араб әліппесінен латын әліппесіне көшіру – елді басқа әлемге көшірумен бірдей болды.

Съезд әліпби турасында қорытынды шығаруды асығыстық іс санап, мәселені алғаш баспасөз бетіне жариялап, соған орай пікірталас өткізіп, Қазақстанмен Түркістанға қосыла алмай қалған қазақ жұртының уәкілдерін толық қатынастыра отырып шешкенді қисынды деп табады.

Жалпы мұсылман халықтарының дәстүрлі жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы идея Қазақстанға сырттан әкелінеді. Кеңес үкіметінің бұл тұстағы түпкі мақсаты түркі тілді халықтарды ұлтсыздандырып, орыстандыру саясаты болды. Коммунистер табынан әдейі ұйымдастырылған бұл науқан Қазақстанда табанды қарсылыққа кездеседі. Латын жазуына қарсы сөздер қазақтардың арасында 1923 жылдың аяғынан бастап естілді. Бұл мәселенің Қазақстан аумағында таралуына Әзірбайжан, Татарстан сынды республикалардың латын әліпбиіне бетбұрыс жасауы түрткі болды [5].

Нәтижесінде тікелей коммунистер көсемі В.И. Лениннің нұсқауымен жасалып отырған мәдени революцияның бір ұшы Қазақстанға да жетіп, 1924 жылғы маусымда өткен Қазақ АКСР-і ғылыми қызметкерлерінің съезінде алғаш рет латыншылардың тобы пайда болғанымен, әлде болса айтарлықтай күш ала алмаған еді. Бірақ, 1926 жылдың тамызы айында Баку қаласында Бүкілодақтық тюркологтар съезі болып өтеді. Оған Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынұв, Нәзір Төреқұлов, Әзіз Байсейітов, Елдес Омаров, Біләл Сүлеев, Телжан Шонанов сынды қазақ зиялылары қатысады [6].

Аталған съезд туралы Қаныш Сатпаев: «Алқаға Түркия, Әзірбайжан, Татарстан, Қазақстан, Өзбекстан және басқа түрік нәсілдер республикалардан өкілдер келген. Алқаның жұмысына

көмектес болу, қорытындыларымен таныс болу үшін жиналысқа кунбатыс Еуропадан көп профессорлар келген көрінеді. Қазақтарды қоспағанда барлығы 132 өкіл болыпты» – деп, одан ары съездің үш мәселе бойынша:

1. Пән сөздері (термин туралы);
2. Емле туралы;
3. Жазу таңбалары туралы ортақ бір токтамға келгендерін жазды [6, 11].

Бұл съезде сөз алған А. Байтұрсынұлы 1924 жылғы Қазақ білімпаздары тобының съезіндегі латын әліпбиі туралы ойын тағы да қайталап ұсынып, қарсылық білдіреді. Әрине, әліпбиді жиі өзгерту – ел өркениетінің дамуына кері әсерін беретіні сөзсіз еді. Себебі жаңа әліпби енген соң оны жалпы халыққа меңгертіп, барлық оқу-ағарту саласына өзгеріс жасаудың өзі үлкен қаражатты қажет етері сөзсіз еді. Сол себепті де А. Байтұрсынұлы бастаған бірқатар Алаш қайраткерлері әліппенің ең тиімді жолын алуды көздеді.

Әйтсе де съезд бірқатар қазақ зиялыларының қарсылығына қарамастан барлық түркі халықтарының жазуын латындандыру туралы шешім қабылдайды. Бұл шараға жетекшілік ететін жана түркі алфавитінің Орталық Атқару комитеті құрылып, оған Қазақ АКСР-нен тек Нәзір Төреқұлұлы енеді [7]. Съезд мүшелігіндегі алаш зиялысы Телжан Шонанұлы да латыншылар жағында болды. «Жалғыз қазақ емес, бүкіл араб әліппесін қолдап жүретін елдер арасында латын әліппесіне көшу деген ағым болғаны белгілі. Бұлар тек Кеңестер Одағындағы түріктердің ғана арасында емес, Одақ сыртындағы түріктер мен мұсылман елдерінің арасында да бар. Латын әліппесі бірқатар елдер әлемінде жатыр... әрине латынға қарсылар да бар. Қарсылардың да дәлелі бар. Әңгіме дұрыс шешілуі үшін латыншылардың да, оған қарсылардың да ой-пікірлері айқындалуы қажет» – деп өз ойын білдіреді [8].

Әрине, бұл тұста қазақ зиялылары тобының арасында кикілжіңнің тууы жеке бастың ісі емес, ұлт болашағы болды. Сөзімізді нақтылай түссек, аталған съездің барысында ұлт зиялылары пән сөздер, емле, жазу сияқты маңызды мәселелер бойынша «Түрік қауымдарына жалпы ортақ боларлық пән сөздер (словарь) тізімі басылсын; емленің негізгі дыбыс жүйесіне тіркелсін» – деп ұлт мүддесіне қатысты істі топтасып шешкенде, әліпби мәселесін шешуі де ұлт мүддесінің қамы еді. Яғни, бұл тұста зиялылардың бір тобын қолда бар нәрсені жоғалтып алмау толғандырса, ал екінші тобын өзге елдерден немерсе уақыт кеністігінен қалмау алаңдатып, соған орай ортақ пікірдің

туындамауы деп қарастыруымыз керек. Жоғарыдағы Телжан Шонанұлының латын әліппесі туралы ойы да осыны аңғартады.

1927 жылы 9 маусымда БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің секретариаты Қазақ КСР Халық комиссарлар Кеңесіне латын алфавитін насихаттайтын республикалық комитет құру турасында ұсыныс жасалады. Комитеттің құрамына Нығмет Нұрмаков (төраға), Телжан Шонанов, Әбдірахман Байдилин, Ғаббас Тоғжанов, Ораз Жандосов, Қайыпов пен Ормантаев сияқты ұлт зиялыларын бекітті [9].

Осы жылдың 17 тамызында БК(б)П Қазақ Өлкелік комиссариаты үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, жаңа алфавитті енгізу жөніндегі Орталық комитеттің төрағасы Ораз Жандосов бұдан әрі алфавит туралы пікір-талас жүргізуден келетін ешбір пайданың жоқтығын ескеріп, сөзден іске кірісуді ұстанады. Соған орай тез арада Нәзір Төреқұлов жобасымен жасалған латын жазуындағы әліппелерді көп дана етіп басып шығарып, елге тарату керектігін атап өтті [9, 347 п.].

1928 жылы 20 желтоқсанда Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің IV сессиясында латын алфавитіне көшу туралы ресми шешімі шығады [10, 21 п.]. Осы тұста Әбдірахман Байдилин ендігі уақытта жаңа алфавит ескімен қатар өмір сүре алмайды, сондықтан мүмкіндігінше тез іс жүргізіп, оқу-ағарту ісінде қауырт қимылға көшуді ұсынады [11, 80-82].

Түрлі қиыншылықтардың туғанына қарамастан алфавит ауыстыру ісіне қазақтың ұлт зиялылары өзінің төл ісі ретінде жақын көріп, белсене атсалысты. Мәселен, ұлт зиялысы Т. Шонанұлы да белсенділік танытып, «Жаңа мектеп» журналында «Жаңа әліппе сабағы» айдарымен бірнеше әліппе сабақтарын жариялап отырды. Тіл маманы өз кезегінде халыққа қарапайым тілде мысалдар келтіре отырып, жаңа әліппемен оқушылар сауатын ашуға мүмкіндіктер жасайды. «Білім негізі – хат тану. Бірінші басқышта бітірген бала тұрмысқа керек жерінде іркілмей, оқи, жаза білуі керек. Жеңіл кітаптарды түсінерлік болсын. Уақ хат, куәліктер, әдістер жаза алсын. Жарнамаларды, салық қағаздарын оқырлық болсын. Мұның үстіне жаңа әліппеміз қалың еңбекшілерге нағыз пайдалы да жеңіл әліппе болу үшін, өткір құрал болуы үшін істелетін бірқатар жұмыстарымызды үлгеруге уақыт жетпей жатыр. Онымыз жаңа әліпті телеграмм, радио, стеонграммалар үйлестіру ісі сияқтылар» – деп [12, 22], бұдан әрі халықты жаңа әліппемен сауаттандырудың бірнеше жолын ұсынады.

Шығыстағы революция (В.И. Ленин) тікелей коммунистердің белсенділігімен Қазақстанда да жүзеге асқан соң, 1929 жылы 10

ақпанда БК(б)П Қазақ Өлкелік комиссариатының арнаулы қаулысына сәйкес араб жазуымен жазылған кітаптарды шығарма жөнінде республика басқармаларына нұсқау беріледі [13, 86 п.]. Сондықтан латынға қарсы күрескен Ахмет Байтұрсынов бастаған төте жазу қорғаушылары аз уақыт ішінде шығармаларын латын алфавитімен жазуға көшті. Дегенмен, мерзімді басылымдарды араб жазуынан латын жазуына ауыстыру бірден қолға алу мүмкін бола қойған жоқ. Ол туралы Полиграфтест баспасынан шыққан газеттерден біле аламыз. Алғашқы жылда 26 газет шыққан. Олардың латын және араб жазуларымен шыққандарын пайыздық есеп көрсеткішпен көрсетеді: 8 – газет 100% латын, 3 – газет аралас 70 – 80 %, 4 – газет 40 – 50 % аралас жартылай араб, 5 – газет 25 – 30 % латын жазуында, 1 – газет 15 % ғана латын жазуында шығып отырған [1, 44]

Баспасөз бетінде «ескішілер» мен «жаңашылдар» болып екіге бөлініп, алфавит (әліпби) мәселесін талқылаған ұлт зиялылары жаңа шешім қабылданып, нұсқау берілген тұста ұлт мүддесі үшін қайта тізе біріктірген еді. Соның үшін олардың өзара әліппе мәселесі үшін болған қызу айтысын тек ұлттық құндылықтарды жоғалтып алмау қажеттілігінен туды деуге болады.

Ал бүгінгі Қазақстан қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы пікірталастар жүргізіле басталды. 2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында өткен Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік басымдыққа қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек» [17.] – деген болатын.

Яғни, түркі тілдес елдердің латын графикасына көшу реформаларына зерттеу жүргізу арқылы Қазақстан үшін осы елдердің әліпби реформасының жағымды жақтарын алып, латын графикалы әліпби көшудің қазақстандық моделін жасаудың болашағы зор. Себебі уақыт талабы мен тәжірибесінен байқап отырғанымыздай, Түркияның халықты жаңа жазуға үйрету әдістемесі мен тілді үйренудегі патриоттық сананы тәрбиелеу идеологиясын, Әзербайжанның мемлекеттік тіл мен әліпбиді ұлттық рәміздер қатарына қосу саясатын, латын графикасын білім жүйесі мен баспа ісінде қолдану

технологиясын, жаңа жазуда классикалық әдебиеттерді көп данамен шығару тәжірибесін, Өзбекстанның – әліпби реформасы кезінде жүзеге асыратын іс-шараларды анықтау мен қаржыландыру көлемін белгілеу сынды шараларының қажетті тұстарын алуымызға болады. Сонымен бірге 1920–1940 жылдардағы қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру тұсындағы ұлт зиялыларының халақ мүддесін ойлай отырып пайдаланылған тәжірибесі мен пікірлерін де ескеру артық болмас еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Өріп мәселесі туралы айтыс // Еңбекші қазақ газеті. – 12 маусым, 1927. – № 122 бет.
2. «V». Қазақ білімпаздар тобының съезі // Еңбекші қазақ. – 27 маусым, 1924.
3. Мыңбаев Д. Қазақ білімпаздар тобының съезі // Өркен. – 29 желтоқсан, 1990.
4. Қамзабекұлы М. Қазақ зиялыларының әліпби айтысы // Қазақ әдебиеті. – 11 желтоқсан, 2001.
5. Сетбаев Қ. Әліпби туралы // Қазақ тілі. – 19 мамыр, 1926.
6. БК(б)П Қазақ Өлкелік комиссариаты секретариаты отырысының хаттамалары // ҚР ПМ. Қ. 141; т. 1, іс. 1043. – 437 п.
7. Шонанұлы Т. Латын әліппесі туралы // Еңбекші қазақ. – 25 сәуір, 1926.
8. БК(б)П Қазақ Өлкелік комиссариаты бірлестіктердің жалпы жұмысы туралы комиссиясының материалдары // ҚР ПМ. Қ. 141; т. 1, іс. 1519. – 347 п.
9. Шонанұлы Т. Үмбетұлы Мәжитке жауап // Еңбекші қазақ. – 26 ақпан, 1926.
10. Шонанұлы Т. Орта Азиядағы латын әліппесі // Еңбекші қазақ. – 16 маусым, 1927.
11. Бүкілодақтық Орталық комитеттің жаңа әліпбиге қатысты есебі // ҚР ОММ. Қ. 74; т. 1, іс. 2. – 50-57 пп.
12. 1928 жылғы латыншылардың бірінші конференциясының қжаттары // ҚР ОММ. Қ. 740; т. 1, іс. 10. – 21 п.
13. Байдилин А. Введение нового алфавита в Казахстане // За партию. – 1929. – №1-2. – С. 80-82.
14. Шонанұлы Т. Жаңа әліп майданында кезекті мақсатымыз // Жаңа мектеп. – 1929. – №8. – 22 б.
15. Шонанұлы Т. Татар жаңа әліппесі // Жаңа мектеп. – 1929. – №7. – 10 б.
16. КАССР жауапты қызметкерлерін алмастыру, тағайындау туралы // ҚР ПМ. Қ. 141; т. 1, іс. 547. – 86 п.
17. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі // www.akorda.kz

Қазақ-қырғыз тайпаларының этно-саяси байланыстарының тарихынан

Эльмира ТЕЛЕУОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Қ

азақстан және Орта Азияның халықтары ортақ әлемдік-тарихи үрдістен өтті. Бұл аймақтың халықтарының этникалық туыстығы олардың тілдік бірлігі, тарихи даму кезеңдерінің ортақтығы заңды құбылыс болып табылады.

Қазақстан және Орта Азияны энеолит және қола дәуірінде үндірилер, ерте темір дәуірінде – үндірандықтар, біздің эрамыздың басында көшпелі тайпалар юэчжей, хунну, усундер мекендеді. Бұл аймақта I–II мың жылдықта түрік номадтарының орнығуы болса, XII–XV ғасырларда Шыңғыс хан моңғолдары, түріктенген Әмір Темір ұрпақтары үстемдік етті. Жаңа заманда бұл халықтар Ресей империясының боданы болса, ал кейінірек КСРО құрамына енді. Мыңжылдыққа созылған бұл аймақтың халықтарының тарихи тағдырларының ортақтығын көптеген тарихи деректер және тарихи фактілер арқылы анықтауға болады.

Соңғы жүзжылдықта жарыққа шыққан оқулықтарда бұл аймақ жасанды түрде этникалық, немесе мемлекеттік-саяси белгілеріне қарай бөлініп зерттелді. Кеңестік дәуірде бұл саясат осы аймақтың халықтарының бірігуіне жол бермеу үшін жасалынды.

Қазақстан және Орта Азия мемлекеттерінің суверинеттік тәуелсіздік алуы ортақ тарихи-мәдени кеңістікті жіктелді. Осыған қарамастан қазіргі уақытта ұзақ ғасырларға созылған түркі халықтарының тарихы жеке ұлт мүддесінен қызмет етуден шығып

ежелгі және орта ғасырлардағы бұл аймақ халықтарының тарихын зерттеу жаңа бағытқа қойылды.

Аталған аймақтағы ғасырларға созылған тарихи тағдырларының ортақтығын қазақ, қырғыз халықтарының тарихи байланыстары арқылы дәйектеуге болады. Қазақ-қырғыз ара қатынасының тарихы арнайы зерттелмесе де, оның кейбір мәселелерін В.В. Бартольд, А.П. Чулошников, А.Н. Бернштам, М.Б. Джамгерчинов, М.Х. Абу-сейтова сияқты тарихшылар ғылыми еңбектерінде қарастырған [1].

Қазақ-қырғыз халықтарының ертедегі этникалық тарихы көне тайпалар одақтарымен байланысты. Қазақстанда және Солтүстік Қырғызстанда б.з.б. VIII–VII ғ. сақтар, б.з.б. II – б.з. V ғ. үйсіндер өмір сүрді. VI–VII ғ. қазақ-қырғыз жері түрік қағанаттарының орталығына айналды. XV–XVI ғасыр қазақ-қырғыз тайпаларының ұлт ретінде қалыптасу кезеңі болып табылды. Әрине, бұл үрдісте қазақ-қырғыз тайпалары ірі тарихи кезеңдерді басынан өткерді. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы тарихи зерттеулерде жан-жақты қарастырылған. Сондықтан біз қырғыз халқының ұлт болып қалыптасу үрдісін талдау арқылы оның қазақ тарихымен ұштасуын талқылаймыз.

Түркі дәуірінде «Енисей қырғыздары» деген атпен белгілі этникалық жағынан көрші жатқан қыпшақтармен туыстас тайпалық бірлестіктер Ертіс-Енисей өзендері аралықтарында (Саян-Ал-тай аймағы) иеліктері болды. Енисей қырғыздарының ұлт ретінде жиынтығы болмады. Бұларды Тянь-Шань қырғыздарының бір компоненті ретінде қарастыруға болады.

XIII ғасырдың басында Тянь-Шань жеріне Шыңғыс хан әскерімен моңғол тілдес тайпаларының қоныстануы басталды. Моңғол шапқыншылығы Енисей қырғыздарының Ертіс – Іле өзені аралықтарына жылжуына себеп болды. Олар бүкіл Тянь-Шань аймағына таралып, жергілікті түрік-моңғол тектес халықтармен ассимиляцияға ұшырады [2].

«Әлем шекарасы» атты араб дерегінде олармен көрші аймақта «басқа тайпа (қасим – кистим) қырғыздар тұратын, тілі қарлұқтарға ұқсас, киімі қимақтармен бірдей» деген мағлұмат береді [3].

Қыркыран немесе Кыркаре (Қарқара), Ертіс-Алтай ауданында қимақтар мен аралас қырғыздарға ұқсас тайпа болғандығы туралы мәлімет араб деректерінде кездеседі. Осыдан Сейф-ад-дин Ахсикендидің «Маджму ат-таварих» атты XIV ғасырдың шығармасында қырғыз батыры Манастың Қарқара-қыпшақтарынан тұратын жасағы туралы мағлұмат берілген. Қырғыз тарихшысы

К.Н. Петров қазіргі қырғыздардың оң қанаты осылар болуы мүмкін деген тұжырым жасайды. Шығыс қырғыз тайпалары Барғуджин Токум деген жерде өзге қырғыздармен араласпаған булагачи и кэрэ-мучи рулары Тянь-Шань қырғыздарының негізін құраған ичкилик тайпасына бірікті.

Моңғолдар Енисей-Ертіс аралығын мекендеген тайпаларды орман халықтары деп атады. Қырғыз тайпалары Шыңғыс хан жаулап алуынан кейін оның үш баласының Жошы, Үгедей, Шағатай қарамағында болды. Орда Ежен ұлысы алғашқыда Ертісте болса, XIII ғ. 40-жылдары Ертіс – Іле аралықтарын бағындырды. Шыңғыс хан ұрпақтарының билік үшін өзара тартыстары қырғыз тайпаларының Ертіс-Іле аралығына, кейін Тянь-Шань аумағына қоныстануына өз әсерін тигізді. Үгедейдің баласы Хайду және Хубилай арасындағы ұлы хан билігі үшін болған тартыста қырғыз тайпаларының Ертістен Ілеге қарай Тянь-Шань аймағына жылжуына ықпалын тигізді. Бұл жерде қырғыздар вассал болған қыпшақ ханы Тутук туралы тоқталған жөн. Енисей-Ертіс аралығындағы қырғыздарды Хубилай өзіне бағынышты етіп Моңғолияға өз иелігіне көшіреді. 1290 жылы Тутук өзіне бағынышты қырғыз-қыпшақ әскерлерімен Хайдуға қарсы жорықта жеңіске жетеді. Хайду иелігіндегі қырғыздарды Тутук өз қарамағына алды. XIII-XIV ғасырлардағы Енисей-Ертіс аралығындағы соғыс қимылдары Тутук қарамағындағы қыпшақ-қырғыз тайпаларының өз бетімен Ертіс-Іле аумағына көшуіне әкелді. Сонымен қатар Тутуктың баласы Чоангуру тұсында қырғыздар үшін Тянь-Шань аумағы тұрақты мекенге айналды.

Тянь-Шань аймағына үнемі Моңғолия жерінен келген тайпалар арқылы түркі тілдес тайпаларда үстемдігі жүріп тұрды. Бірақ қырғыздардың осы аймаққа қоныстануы жергілікті түркі тайпалардың белсенділігін көтерді. XIV ғасырдың екінші жартысында қыпшақ Ақ Ордалық тайпалар қырғыздармен бірігіп алғашында солтүстік-шығыс Тянь-Шаньға, кейін Мавераннахрға жылжыды. Бірақ оларға тосқауыл болған Әмір Темірдің жорықтары болды. Темірдің жорықтары Тянь-Шань моңғолдарына үлкен шығын әкелді. Темірге қарсы Камар ад-Дин, Хызр-Ходжа хан Тоқтамыс құрған одаққа қырғыздардың билеушісі Инка түре кірді.

XIV ғасырда булагачи-кэрэмуочи тайпалық бірлестігі Барғуджин Токум жерінен Тянь-Шаньға қоныс аударған болатын [4]. Олар Темірдің Худайад бастаған әскеріне Бикут деген жерде соққы беріп, оларды жеңді. Бірақ Темір оларды Сычкөк-Дабан деген жерде жеңіп, олардың жерін тастап кетуге мәжбүр етті.

Темір жорықтары Шығыс Тянь-Шань және Іле-Ертіс аралығында үлкен зардаптар әкелді. Қырғыз тайпаларының бір бөлігі Алтай тауларына қарай, шығыс көршілеріне қарай шегінді. Қырғыз – ойраттар ертеден Енисей өзені бойындағы қатар өмір сүрген тайпалар. Ойраттар моңғол бірлестігіне тайпа бола тұрып, өздерін моңғолдарға жатқызбаған. Моңғол деректерінде: «Барлық моңғол және төрт ойрат» деген атаулар бар. Мұнда төрт ойрат қатарына қырғыздарды жатқызады. Моңғол шапқыншылығы тұсында ойраттардың билеушілері Шығыс ханның вассалына айналды. Аристовтың пікірінше ойраттар орман халықтары түрік және моңғол руларының жиынтығы деп, олардың басында ойраттар тұрды деп көрсетеді [5].

XIV ғасырдың соңында Алтай – Ханғой тауларында бірнеше ойрат-моңғол князьдіктері, Угечи Хашагой билеген қырғыз хандығы болды. XIV ғасырдың 80 жылдары Іле-Ертіс аралықтарындағы қырғыздар Темір жорықтарынан кейін Алтайға жылжып, Угечи – Хашагой иелігіне қосылған болатын. Олар ойраттарды өздеріне бағындыра бастады. 1415 жылы Угечи Чорос князьдігіне жорық жасап ойраттарды бағындырды. Угечи оның баласы Эсэху хан Алтайдағы билігі орныққан соң, Іле Ертіс аралығына ықпалын күшейте түсті. 1415-25 жылдары Эсэху хан Шығыс аймағында өз билігін орнатты. Тянь-Шань моңғолдарының билеушісі хан Эсэху ханнан бірнеше жеңіліс тапқандығы туралы М.Х. Дулати хабарлайды [6]. Іле өзені маңында тұтқынға Уейс ханнан құдаласу туралы шарт қояды. Осылайша Эсэху Махтум ханымға үйленіп Тянь-Шань моңғолдарының билеушілері чингизидтермен туыстасады. Эсэху ханнан Махтум ханша екі ұл: Ибрагим-онг және Илис-онг, бір қыз туды. Бұлардан басқа Эсэху ханның ойраттардың ханы Элбектің қызы Цаму Гунджиден Амасанджи тайша шешесі тарапынан Іле тул алған баласы болды. Эсэху хан Уейс ханды Бешбалықтан Іле өзеніне дейін тықсырып, қырғыздардың шығыс Тянь-Шаньдегі билігінің орнауына ықпалын тигізді. Тянь-Шань аймағында моңғол билеушілері мен қырғыз билеушілері аралығында билік үшін үнемі күрес жүріп отырған. Қырғыз тайпалары бұл жерде чингизидтердің билігін мойындамай, өз хандарының беделін көтеруге талпынды. Эсэху хан тұсында булғачи-ичкилик тайпалары Іле өзенінің батысын иелене бастады.

XV ғасырдың басында өзбек-қазақ тайпалары екіге бөлінді. Орда ұрпағы Барақтың билігінде қазақ, Шайбан ұрпағы, Әбілқайыр билігінде өзбек тайпалары болды. Батыс Тянь-Шань жеріне қыпшақ-өзбек тайпаларының жылжуы тимуридтердің мемлекетінің

әлсіреуімен тікелей байланысты. XV ғ. 30 ж Әбілқайыр Хорезмнің бір бөлігін, 40-жылдары Сығанақ, Ақ-Құрған, Үзген, Түркістан, 1448 жылы Самарқанға жорық жасады. Осы кезеңде булғачи – ичкилик қырғыз тайпалары қыпшақ – өзбек бірлестігіне еніп, Әбілқайыр ұлысына бағынды. Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани 1500 жылы Тимуридтерге қарсы жорығында сүйенген алты тайпа қатарында қырғыз ичкилик және кучмчи тайпалары болған. Моғол хандары Есен бұға, Жүніс хандар қырғыздарды бағындыру мақсатындағы жорықтары XV ғасырда сәтсіздікке ұшырап отырды. 1470–1472 жж. Амасанджи тайши ұлысының Тянь-Шаньге ауысуын М.Х. Дулати ойраттардың осы аймаққа жасаған жорығы деп қарастырған. Дұрысында Амасанджи тайши қырғыздардың ханы Эсэхудың баласы. Амасанджи тайши 1470 жылы Жүніс ханға соққы беріп, оның Сыр өңіріне кетуіне мәжбүр еткен. 1470 жылдары қырғыздардың Ыстық көл, Шу–Талас өзендері аралығына, Батыс Тянь-Шань аймағына жылжуы моңғол хандарының билігін әлсіретті. Моғолстан мемлекетінде саяси билік моңғол, қырғыз, дұғлат билеушілері арасында талас үстінде жүрді. Моңғол және дұғлат билеушілері, қырғыз билеушілеріне қарсы кейбір жағдайда одақтасып отырды. М.Х. Дулати қырғыздарды Моғолстанның жабайы арыстанына теңеген. Жүніс ханның баласы Ахмед Моғолстанда Тянь-Шань моңғолдары мен қырғыздары т.б. түрік тайпаларын бағындырды. Қалмақтармен соғысып олардың арасында Аладжи хан (убивающий хан) деген атаққа ие болған. Қазақтарға қарсы жорық жасаған. Моғолстанда қырғыздар қолдаған хан Ахмедтің моңғол тайпалары және ертеден осы аймақта қоныстанған түрік тайпалары қолдаған Махмұд ұлыстары пайда болды.

Ахмедхан өзінің билігінің тұрақтылығына сүйеніп Мауераннахрдың ішкі ісіне араласа бастады. Тимуридтерге қарсы жорықта одақтас болған Мұхаммед Шайбани және Махмұд сұлтан арасындағы соғыста ағасына қолдау көрсету мақсатында 1503 жылы жорық жасады. Бірақ олар жеңіліс тауып шегінді. Көп ұзамай 1504 жылы Ахмед хан қайтыс болады. Оның иелігінде ағасы Махмұд билікті қолына алады. Билікке таласта Ахмедтің баласы Мансур өзін жоғары хан етіп жариялайды. Ахмед хан балалары арасында Моғолстандағы билік үшін тартыс басталады. Сұлтан Саид бастаған Мансурға қарсы билікті қырғыздар, оның ішінде олардың басшысы Махмұд болды. Бұл қақтығыс Чарук Чалок жерінде болғандығы туралы М.Х. Дулати толығымен сипаттаған [8]. Сұлтан Саид және Мұхаммед қырғыз 1514 жылы одақтасып, Абу Бекл билеп отырған Қашғар, Жаркент, Хотан

қалаларын бағындырды. Сары ұйғырларға жасаған жорықтан кейін Мұхаммед қыргыз сұлтан Саидтың билігін мо йындаудан бас тартып, шайбанидтер жағына шығып кетеді. Бірақ Сұлтан Саид Мұхаммед қыргызды тұтқындайды. 1522 жылы Сұлтан Саид қыргыздарға қарсы жаңа жорығында бес жыл түрмеде жатқан Мұхаммедті босатады.

Ахмед хан тұсына орталықтана бастаған қыргыз ұлысының жеріне Сұлтан Саид өзінің баласы Рашид сұлтанды наместник етіп, Али Тугайды ұлыс бегі тағайындайды. Мұхаммед қыргыздардағы билікті қолына на қызмет етуге жіберіледі. Мұхаммед қыргыздардағы билікті қолына алысымен, құпия түрде қазақтармен, Тахар сұлтанмен одақ құрады. Мұны сезген Сұлтан Саид Мұхаммедті қайтадан тұтқынға алып, өзімен бірге Қашқарға алып кетеді. Бірақ бұл жағдай қазақ-қыргыз одағын үзбейді. Хан Қашқарға кетісімен қыргыздар наместниктің билігін мойындамай 1523–24 жж. қазақтармен одақтасы. Қоңқар маңында қыргыздардың 1526 шамамен көп бөлігі Тахир жағына шығады. Рашид сұлтан Қоңқардан Ай Башыға қашып кетеді. Қыргыз – қазақ одағының алдында әлсіздік танытқан Рашид сұлтан Қашқарға кетеді. Осылайша Моғолстанның батыс бөлігі қыргыздар иелігіне көшеді. Сұлтан Саидтың қыргыз – қазақ одағына қарсы жорықтары нәтиже бермейді. Оның баласы Рашид хан қыргыз – қазақ одағына қарсы өзбектермен одағын құрады. 1537 ж. қыргыз-қазақ одағы жылжиды. ұшырап, қыргыз тайпалары Іле Ертіс өзендері аралығына жылжиды. Қазақтар жағы үлкен шығынға ұшырады. 1537 жылы қазақтардың 37 сұлтаны оның ішінде Тағым Тахирдің ағасы да қаза табады. Ыстық – кел маңының наместнигі Рашид ханның баласы Абд аль-Латиф қазақ-қыргыз одағына қарсы жорықтарында қаза табады. Бұл жағдайды естіген Рашид хан өзінің өзбек одақтасы Наурыз Ахмед Ташкент билеушісінен көмек сұрайды. Бес айға созылған дайындықтан соң Ыстық көл маңында қыргыз – қазақ одағының басшысы Бубулай сұлтан (Бұйдаш) өзбек моғол одағының әскерлері кездеседі. Қыргыз-қазақ одағының әскерлерінің 20 күн соңына түсіп Рашид хан Кинлимсе – Каджура деген жерде талқандайды [9].

«Тарих-и-шахи» авторы Махмұд Чорастын хабарлауынша қазақ – қыргыз одағының Қасымның баласы Хакназар тұсында да болғандығын білеміз [10].

XVI ғасырдың екінші жартысында қыргыздар қазақ хандығының Шайбанидтерге қарсы күресіне белсене қатысты. Мавреннахрда 1598–1599 жылы Тәуекел ханның Сыр өңіріндегі қалалар үшін болған күресте қазақ сұлтандарымен қатар қыргыз билеушілері қатынасты.

Есім хан Тұрсын арасындағы XVII ғасырдағы билік үшін тартыста қыргыз тайпаларының 10 мыңдай жасағы Тұрсын ханның әскерінде болды.

Тәуке ханның тұсында Қазақ хандығы қарамағында қыргыздарды Қоқым бай Қарачарин басқарғаны туралы аңызды Ш. Уәлиханов баяндайды. Қазақ-қыргыз билігі олардың материалдық және рухани мәдениетінде, оның ішінде ауыз әдебиетінің мұраларында көрініс тапқан.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бартольд В. В. Киргизы: Исторический очерк. Собр. соч. М., 1963. Т. 2. Ч. 1; Чулошников А. П. Очерки из истории казах-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Оренбург, 1924.; Бернштам А. Н. Историческое прошлое киргизского народа. Фрунзе, 1942.; Джамгерчинов М. Б. Из истории киргизских народностей XVI – первой половины XVIII в. Автореф. дисс. канд. наук. Фрунзе, 1972.; Абусейтова М. Х. Казахстан и Центральная Азия в XVI–XVIII вв. История, политика, дипломатия. – Алматы, 1998.
2. Петров К. Н. Очерки феодальных отношений у киргизов в XV–XVIII вв. – Фрунзе, 1967. – С. 7.
3. Бұл да сонда. – С. 17.
4. Петров К. Н. Этногенез киргизов их движение на Тянь-Шань в XIV–XV вв. // Известия АН Кирг ССР. – Т. II. – Вып. 3. – Фрунзе, 1960. – С. 21.
5. Бұл да сонда. – С. 22.
6. Историческое прошлое киргизского народа. – Фрунзе, 1942. – С. 22.
7. Мұнда «онг» титулы ханзада деген мағынада берілген.
8. Историческое прошлое киргизского народа. – Фрунзе, 1942. – С. 23.
9. Бұл да сонда. – С. 26.
10. Шах Махмуд ибн Мирза Чорас. Хроника / критич. текст пер., комментарии и указатели О. Ф. Акимовича. – М., 1976.

Хан жарлықтары және дипломатиялық байланыстың зерттелу тарихынан

Әбу АЛПАМЫС, РМК,
«Ғылым ордасы»
Сирек кездесетін кітаптар музейінің қызметкері,
тарих магистрі

0354/ГФ «Көне жазба дереккөздеріндегі
далалық дипломатия көріністері (XIII–XVIII ғғ.)
ғылыми зерттеу бағдарламасы»
аясында жарияланып отыр

Дипломатиялық байланыс орнату өнері, оның қыры мен сыры ғасырлар бойы үстемдік еткен билеуші, ұлы әміршілердің әсіре ден қойған мемлекет ісінің басым бағытының бірі болған. Осы маңызды қызмет түріне отан тарихы ғылымында кешеуілдете назар аударылған. Сондықтан, дала төсінде жасаған «көшпелі ел» деп танылған ұлы мемлекеттердің саяси, экономикалық, мәдени сипаттағы тарихы жан-жақты қарастырылғанымен, олардың көршілес елдермен орнатқан дипломатиялық байланысының сыры, оның астарлы ой-түйіндермен жеткізілу жай-жапсары, болған баяны жеке зерттеліп, мәтінтанулық, жазбаша транскрипциялық берілуі Отан тарихының құнды дерегі ретінде бүгінгі күнге дейін елімізде институттық тұрғыда, тіпті, тақырыптық зерттелуі мақсатты түрде нақты қолға алынған емес. Бүгінгі күнге дейінгі ізденістер, мәселен, Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Қытайда билік құрған патшалықтармен алмасқан елшілік хаттардың түп-нұсқасымен қазақ тіліндегі аудармасы жоғарыда аталған бағдарлама аясында ғана зерттелді. Ескерер жайт, «Мәдени мұра» бағдарламасының маңыздылығы, оның аясында ең алдымен күрделі,

басты-басты бағыттағы іргелі зерттеулердің басымдық ауқымы, салмағы айқындалғандығы да анық еді. Дегенмен, дала дипломатиясы өз кайнар өз бастауын сонау адамзаттың қауымға бірлесіп ұйысуының, өздерінің өсіп өнген жерінде тұрмыс салты бөлек, тілі өзге мен тегі жат болып келетін тарихи көршілес ұлыстармен бірде тату, бірде араздығымен қатар қола дәуіріндегі тайпалар тарихында, жазба тарихқа түскен біздің сақ-скиф заманындағы өткеніміз парсы патшасы Дариймен елшілік байланыс алмасудағы, мемлекет саясатын көрсететін астарлы тұспалмен берілген жауаптардың, дипломатиялық қарым-қатынаста ұшқыр оймен тұспалды шебер жауап қайтарудың өзі біршама жайттың баянын ұғындырса керек. Одан бертіңгі тарихта дипломатиялық қарым-қатынас жасасуда көршіліс алып империялар арасына сызат түсірмейтіндей байланыс жасасудың өзі ел билеушілерінің сұңғыла саясаткерлігін де танытып келді.

Ортағасырлық Азияның ең алпауыт билеушілері танылған әміршілердің өзі Европа мен Азия аумағына қанатын жайған, сақтар мен ғұндардың мұрагері, алып қағанат құрған түрік қағанаты билеушілерімен достықта болып, оларға арқа сүйеген. Сол арқылы өз билігінің қауіпсіздігіне кепілдік ала алған. Осы тұстағы түркілердің танымал ұлы тұлғалары Мұқан (Бұқан) және Истеми қағандар еді.

Бастапқыда түркілер Орталық Азияда сауда байланысының дамуы Иран арқылы дүниенің батыс әлімімен экономикалық байланысқа жол аша бастады. Рим империясының аумағына еркін сауда жасау жолы Иранның үстінен өткен. Бұл өз кезегінде ендігі ел аралық байланыс Иранмен тығыз байланыста өрбігендігін көрсетеді. Бұл жерде дипломатиялық байланыстың түйіні құда-андалық жақындасумен бекітілген де жайттар ерте кезден-ақ орын алған. Бұл әулеттік жақындық байланыстардың арасында, мемлекет арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынаста өз дамуына жол ашып отырған. Тарихқа шолу жасасақ, мысалы Истеми қаған Иран билеушісі Нуширван өзіне күйеубала етіп, құдаласқан. Жазба тарихта сақталған деректер, Иранмен ортадағы елшілік байланыста Маньяктің қызметі жөнінде де біршама мағлұматтар береді.

Дегенмен, қазіргі тарихта тәуелсіз Қазақ елінің дипломатиялық миссиясы өзінің зерттелу тарихы Патшалық Ресей және КСРО құрамындағы бодандық тарихымызбен байланысты көрсетілген. Дала дипломатиясы мен дала мемлекеттерінің құқы сөз болатын аса маңызды істер, даулы да болып келетін мәселердің қатарында болған. Мыңжылдықтарға жалғасқан елшілік хат алмасу өнері со-

нау қола дәуірінен, сақ, сармат, ғұн, үйсін, қанды кезеңі, түркілермен бірге ортағасырлар да өз сабақтастығын тауып, «Алтын Орда», «Қазақ хандығы» тұсында өрлей түсіп, хандық билік жойылғанға дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ деп бүгінгі зерттеулер арқылы нақты айта аламыз.

Алдағы ізденістік зерттеу мақсаты хан жарлықтарына – далалық ұлы мемлекеттер дипломатиясының қаншалықты құндылығы мен сарабал саясатқа бейімділігін, бірақ отандық деректанушы, құқықтанушы және тарихшылармен де бүгінге дейін еш зерделенбегендігін ескеріп отыр. Жарлықтарды зерттеу аталған заңдық құжаттарға тек сипаттама ғана беріп қоймай, ертеден бастап алған Қазақ елшілігі тарихының ақтандақты тұстарындағы маңызды мәселелерге қатысты жайттарды сәулендіре түсіруді көздейді.

Тақырыптың зерттеу хронологиясындағы басталар тұсын ерте темір дәуіріндегі мемлекеттік құрылымдардан бастап бүгінге дейін өрбітуді көздеумен қатар, оның игерілуі бойынша, басымдықты билеуші жарлықтарының негізінде қарастырамыз.

Алайда, бүгінде ғылыми айналымға енген, зерттеушілерге кеңінен танымал болып отырғаны Алтын ордалық хан жарлықтарының орыс тіліндегі тәржімесі өткен XVIII ғасырда яғни, 1770–1790 жылдары басылымға шыққан «Байырғы ресей вивлиофикасы», князь Щербатовтың «Ресей тарихы» еңбегі мен «Львов жылнамаларында» жарық көрген [1].

Бұл жарлықтарды тарихи дерек ретінде ғылыми айналымға енгізген, «Алтынорда хандарының орыс діндарларына берген жарлықтарының шынайылығы» тақырыбында 1942 жылы диссертациясын қорғаған шығыстанушы В.В. Григорьев еді. Осы тұстан бастап алғашқы Алтынорда хандарының жарлықтарын зерттеуді жүзеге асырушы алғаш шығыстанушылар болып танылды. Жалпы, «жарлықтану» ізденіс жұмыстарына сүбелі үлес қосқан шығыстанушы И.Н. Березин, И. Вавари, Н.И. Веселовский, А.П. Григорьев, В.В. Радлова, М.А. Усманов сынды ғалымдардың еңбегі ерен. Ресей тарихында XIX–XX ғасырларда маман тарихшылар қатарында К.В. Базилович, А.А. Зимин, А.П. Плигузов, М.Д. Приселков, А.Л. Хорошкевичтер де жарлықтарды зерттеумен біршама айналысты. Жоғарыда аталған тарихшылардың еңбектері жарлықтану мен оны зерттеушілер үшін ерекше қызығушылық туғызары анық. Атап өтер жайт, аталған авторлар хан жарлықтарын іс жүзінде тарихи және филологиялық тұрғыдан қарастырса, кейінгі ғалымдар арасынан ресейлік зерттеуші құқықтану маманы Р.Ю. Почекаев ең алдымен

құқықтық дерек және тарихи құжат ретінде сараптаған. Әсіресе, А.П. Григорьев пен М.А. Усмановтың жарлық құжаттарын кеңестік кезеңмен одан бергі уақыттарда да жалғастыра зерттеген.

Хан жарлықтарына юрисдикциялық сараптағаны бірен-саран ғана болған. Орыстың құқық тарихшысы И.Д. Беляевтің «Хан жарлықтарында аталатын моңғол шенеуніктері жайлы» 1850 жылы мақаласы шыққан [2]. Осы мақалада автор Руське қатысты жарлықтарда кездесетін орда шенеуніктерін анықтаған. Бірақ, аталған жұмыс ат-үсті жазылған, оған қоса, онда кейінірек жасанды деп танылған (Өзбек ханның митрополит Петрге берген жарлығы деген) құжаттар пайдаланылған.

И.Н. Березин 1864 жылы «Жошы ұлысының ішкі құрылымының очеркі» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, өзіне таныс жарлықтар негізінде орданың әкімшілік жүйесін қалпына келтіруге талпыныс жасаған. Бірақта, автор ең алдымен саны жағынан шектеулі ғана құжаттармен жұмыс жасаса, екіншіден орда шенеуніктерінің лауызым, қызметтерін анықтамай (өкінішке орай, қателіктерге бой алдырып) тек, атап қана шыққан. Нәтижесінде бірқатар құқық ескерткішін зерделеген тарихшылар моңғол мемлекеті негізінде құрылған ұлыстардың, оның ішінде Алтын Орда мемлекеті ескерткіштерінің зерттеуіне ден қойғанымен олардың арасында тек, В.А. Рязановский мен Г.В. Вернадскийдің хан жарлықтары жөнінде, еш сараптама жасамай-ақ, заңдық күші бар құқықтық құжат – жарлықтардың болғандығына ғана тоқталған [3].

Осы қатарда, жарлықтардың кейбір аспектілері жөнінде жекелеген зерттеу еңбектері де болған және де олар уақыты бойынша салыстырмалы түрде бұрынырақ жарияланды: зерттеу мерзімі жағынан соңғысы Г.В. Вернадскийдің «Шыңғыс ханның Ұлы Жосынының құрылымы жөнінде» деп аталатын жұмысы 1939 жылы жазылған. А.А. Зиминнің хан жарлықтарына жасаған тарихи шолуы, орысша тәржіме жасалған жарлық құжаттарындағы қайсыбір терминдерге түсіндірме түрінде ғана жарық көрген.

Сонымен қазақ тарихында ерекше орын алар 1943 жылы Ленинградта Ә.Х. Марғұланнның «Жарлықтар мен пайзының тарихи маңызы» кандидаттық диссертациясынан өзге, тақырыпты арнайы тереңірек үніліп зерттеп оның деректік маңызы, тілдік және мәтінтанулық, сыныптық талдау сынды толық та, кешенді сараптық талдау жасалмаған.

Елімізде елбасының бастамасымен зерттелген ғылыми ізденіс бағытында өрістеген зерттеулер қытай, араб-парсы деректерін де

рек көзі ретінде қарастырып, оларды қазақшаға тәржімалап шетел мұрағаттарындағы мәдени мұра құндылықтарын қазақстандық басылымдарда жариялады. Осы тұста бір ескерер жайт, хан жарлықтары құқықтық құжат ретінде біртұтас кешенді зерттелмеді. ҚР БҒМ Ғылым комитетіне қарасты Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институтының ғылыми қызметкерлері К.Л. Есмағанбетов Әбілхайыр хан хаттарын, Б. Еженхан қытайлықтармен елшілік алмасқан хаттарды, Н. Базылхан манчжур, тұңғыс, моңғол тілдеріндегі, Абылай ханның хаттарын Б. Нәсенов, жеке ғалымдар арасынан қытаймен арадағы хаттарды Н. Мұқаметхан, ішінара Алтынорда мен Ноғай ордасы кезіндегі хат-жарлықтарды А. Исин сынды ғалымдар жан-жақты терең ізденіспен «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарған еңбектері атқарылған қыруар еңбектің өнімді жемісін көрсетті. Осы қатарда Қазақ хандары мен қытайдың Цинь әулетімен арадағы хат алмасқан және сол уақыттарда хандардың атынан шығарылған жарлықтардың мәтінін одан әрі тереңірек зерттеу үшін ізденістегі ғалымдарға мол деректер қорын қол жетімді етті.

Зерттеу нысаны және оның нақты дерегі болып отырған XIII–XVIII ғасырлар аралығындағы хан жарлықтарының далалық дипломатияның көрінісін бере алатын бірден-бір деректік көздерде болып отыр. Алға қойған мақсатымыздың талабы жарлықтардың тарихи да, құқықтық, дипломатиялық байланыстың да дерегі болғандықтан, осы деректер негізінде тарихымыздың ақандақ тұсы саналатын, шешімін таппаған мәселелердің де бар екендігіне мән беретін боламыз. Дала дипломатиясында көзделген сұңғылалықпен жүргізілген саясаттағы билеушілердің астарлы билігі, оның билікке көмекші институттарының қызметін, өз алдына қойған талабының үлден шығудағы қызметін анықтауда алға қойған мақсат болды. Зерттеу нысанының бір бағыты далалық ұлы мемлекеттердің көршілес мемлекеттермен өзара дипломатиялық қарым-қатынасын көрсететін жазба мәтінді хат үлгілерін маңызды дереккөзі ретінде және түрлі мақсаттағы одақтық байланыс жасасуын, елшілік хаттар алмасу, кеңсе қызметінің атқарған жұмыстарын зерделеуді көздейді. Жоғарыда аталған мақсат талаптарға жету үшін алдағы ізденіс жұмыстарында төмендегідей келесі міндеттер қойып отыр.

- құжаттардың табиғатын, оның (дала билеушілерінің бұйрық, үкім ретінде шығарған шешімінің нәтижесін) түр-сипатын анықтау.
- далалық (көшпелі) мемлекеттердің тарихи-құжаттық дерегінің басты нысаны саналған жарлықтардың алатын орны мен маңызын.

- жарлықтардың жіктелуімен түрлеріне қарай тақырыпты зерттеушілердің өзіндік бағамын ұсыну және жарлықтарға түп-деректік тарихи құжаттың анықтамасы.
- жарлықтардың мазмұны мен құрылымына салыстырмалы сараптама.

- дала дипломатиясындағы ерекше орын алған құзыретті институттарға қатысты тың мағлұматтар алу.
- жарлықтардың мәселенің түбегейлі шешімін табуға тікелей ықпалы, оның (XIII–XVIII ғғ.) жарлық мәтініндегі көрінісін айқындау болып отыр.

Ескерер жайт, ортағасырларда жарық көрген жарлықтардың тек бірлі-жарымы данасы болмаса, басым бөлігінің дені бүгінгі күнге дейін толық сақталмаған. Хан жарлықтарының көпшілігі белгілі-белгісіз жағдайлармен жойылып кеткен. Біріншіден, жарлықтарды ұстаушы, сақтаушы кезекті хан билікке келгенде, оған дейінгі (жаңа сайланған ханға) шығарылған жарлықтардан тезірек құтылуы көздеген. Себебі, жаңа билеуші өзіне дейінгі үстемдік құрушының жақтаушыларының ізіне түсіп, бастарына қарагүнек орнатқандай жағдайлар орын алғаны түсінікті.

Екіншіден, жоғарды аталғандай, құқықтық қатынастар өз міндетін өтеген жарлықтармен реттеліп отырғандықтан, мемлекеттердің құлдырауынан соң-ақ жеңілдіктер берілген тұтынушылар үшін пайдасыз болып қалғандары да болды. Дегенмен, ішінара Орда хандары мен олардың мұрагерлерімен шығарылған жарлықтар Қазан және Қырым хандықтары билеушілерінің арасында, сол иеліктегі жерді пайдаланушылар арасында ұзақ жылдар бойы рубасылар қолында, ұрпақтан ұрпаққа мұрагерлікпен беріліп сақталып келген. Алтынорда иелігіндегі жерлерге көз тіккен Ресей патшалығының жүргізген саясаты бастапқыда дәстүрмен жалғасқан бұрынғы билеушілермен берілген жарлықтардың күшін бірденнен жоймай, жергілікті билікті өзіне қарату үшін, жеңілдіктерді сол қалпында қалдырған. Хан жарлықтарының жақсы сақталған үлгілері мешіт-медреселер болғанымен, Патшалық Ресейдің жаулап алған иелігіндегі халықты жаппай православие дініне өткізуге деген ұмтылысы кезінде жаппай жойылып та кеткен. Осылайша, кейінгі тарихи жағдайларға байланысты түрлі жағдайларда жарлықтардың пәрмені де, өзі де жоғала берген.

Ғылымның тың жаңалықтарға жол ашатыны тәрізді, бұл елшілік байланыс, Орданың кеңсе қызметі, оның орындалуы бүгінде селжук сұлтаны Санжардың тұсында жарық көрген мемлекеттік кеңсенің

бас хатшысы Мунтежаб ад-Дин Бади эл-Жувейни құрастырған «Атабаг ал-катаба» («Кәтибтердің көтерілу сатысы») деген арнайы нұсқаулық тарихи еңбегі де бар [4].

Осы қатарда, Венеция мұрағаттарынан табылған құжаттардың Еуропа басылымдарында XVIII–XIX ғғ. жарияланған XIV ғасырға тиесілі алтынордалық он құжат сақталған. Бұл құжаттар XX ғасырдың соңында КСРО ғалымдарымен толығырақ зерттелді. Осындай себептермен Түркия архивтарынан XV ғасырда Алтын Орда хандарының түрік сұлтандарына жолдаған бірнеше хаттары табылған. Бұл хаттарда кеңес және түрік ғалымдарымен бірнеше мәрте зерттелген және өз ізденушілерімен зерделене бермек.

Осы аталған хаттар мен хан жарлықтарын бүгінде орыс және кеңес ғалымдарының зерттеулерінде ғылыми айналымға енгізілген алтынордалық құжаттармен қатар, италиян тілінен тәржіме жасалмаған хан жарлықтары әлі де бар екендігі, оның отан тарихындағы жаңа ізденісті жобалар аясында зерттеу жұмысы қолға алу ісі де жүзеге асырылатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Григорьев А.П. «Вышняя троица» в ярлыке золотоордынского хана Монге-Темюра // Востоковедение. Вып. 1. – 1974. – С. 188.
2. Беляев И.Д. О монгольских чиновниках, упоминаемых в ханских ярлыках // Архив историко-юридических сведений, относящихся до России. Кн. I. – М., 1850. – С. 97–110.
3. Вернадский Г.В. О составе Великой Ясы Чингис-хана. В кн. // Вернадский Г.В. История права. – СПб., 1999. – С. 112–148.; «Ярлыки татарских ханов русским митрополитам» // Памятники русского права. Вып. 3: Памятники права периода образования русского централизованного государства. XIV–XV вв. – М., 1955. – С. 463–491.
4. Г. Атаджанов. Сельджукиды и Туркмения в XI–XII вв. – Ашхабад, 1973. – С. 22.

Хан жарлықтары және дипломатиялық байланыстың зерттелу тарихынан

Қайсар НАЗАРБЕК,
Дінтанушы



онғы жылдарында діни жағдайлармен байланысқан экстремизм бүгінгі күні қанатын кең жайып келеді. Алайда бұл экстремизмнің пайда болу сахнасы саяси орта болғандықтан, шын мәнінде діни экстремизм бола алады ма?

«Экстремизм» (extremus, орысша – крайний) сөзін латын тілінен аударғанда «төтенше», «нағыз», «барып тұрған», «шектен шыққан» деген мағыналарды беретіндігін байқаймыз [1].

Экстремизмнің бірінші белгісі адамның надандыққа, керсоқырлыққа негізделген өз көзқарасы, пікірінің орындалуын табанды түрде талап етуі. Мұндай адамдар басқа көпшіліктің қажеттіліктері мен ақиқи жағдайын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді. Олар, жөн білетін, дұрыс бағыт көрсете алатын адамдардың ешқайсысын мойындамайды. Өзіне сын көзімен қарау деген түсінік олар үшін жат. Олардың түсінгінде тек олар ғана тура, басқаның барлығы да адасушылар. Сондықтан да олар басқаларды әділетсіз, әрі қатігез деп айыптауды өзіне міндет санайды, өздерін кіршіксіз, таза Пайғамбардың орнында көреді. Сондықтан, аяғы әртүрлі қактығыстарға алып баратын жалған пікірлер таратып, мәжбүрлеу арқылы осы пікірлерді мойындайтын, шариятқа, заңға қайшы келетін қадамдар жасайды. Экстремистердің пайда болуының екінші себебі, олардың ешбір қажеті болмаса да әр істе шектен тыс шығып кетуге бейім тұруы. Басқаларды да осыған итермелейді. Нәтижесінде адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеуметтік толқулардың тууына себеп болады. Экстремистік көріністің үшінші түрі, сырт көзге

байқалмайтын, адамдарға деген күдік пен сенімсіздіктен туады. Яғни, экстремизм қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығаратын құбылыс ретінде анықталады. Осындай кері әрекеттерді жақтап, теріс көзқарастарды қолданғандар экстремистер болып табылады.

Бүгінде экстремистік қауіптің бой көрсетулері мен оның кертартпа идеяларының таралуы, ең алдымен, ислам дінімен тығыз байланысты деген пайымдаулар басым. Ислам экстремизміне тән өзіндік ерекшеліктердің бірі – белсенді әрі жылдам агрессивиялық қимылдар қолдану арқылы, мейлі ол зорлық-зомбылық болсын, елде «ислам тәртібін» орнату. Яғни, қалыптасқан саяси билікке қарсы тұру жолында экстремистер үкіметке қарсы әдістерді кеңінен қолдануға дейін баруы әбден мүмкін. Ислам экстремизмі «исламизмнің» құрамдас бір бөлігі, немесе бір бағыты деп қарастырсақ болады. Сонымен қатар, діни экстремистік құрылымдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін, көздеген мақсаттары мен ой-жоспарларын негізгі міндеттері болып табылатын олардың идеологиялық тамырларынан көруге болады. Атап айтқанда:

- *Ибн Таймийя* деген атпен танылған Ахмет бин Абдулхалим Харрани (1263–1328 жж.). Көптеген кітаптар жазған. Ханбали мазһабының фикһ және хадис білгірі, шииттер мен көне грек фило-софтарына қарсы еңбектер жазған. Кейін сүннетке қайшы келетін сөздеріне байланысты Мысырда екі рет қамауға алынады. Ибн Таймийя – «Ислам заңдарына толық бағынбай отырған басшыларға (олар иман келтірген болса да) қарсы соғысу, сондай-ақ Исламның негізгі шарттарын орындамаған немесе басқарып отырған мемлекетте оның бұзылуына мүмкіндік берген басшыға қарсы жиһад жариялау шарт» деп есептейді.

- *Мұхаммед ибн Абдулуһһаб* (1699–1791 жж.). Ахмет бин Таймийяның сүннетке қайшы келетін кітаптарын оқып, «Шайх-и Нәжди» деген атпен танымал болған. Оның идеялары Дарийа халқы мен басшылары Мұхаммед бин Сууд тарапынан қолдау тапты. Оның пікірін қабылдаған адамдар «Уаххаби» және «Нәжди» деп аталады. Уаххабилердің бұзық сенімдерінің үш негізі бар: Бірінші, Амал, ғибадат – иманның бөлшегі деп санайды. Бір парызды орындамаған адам кәпір болады дейді. Оны өлтіріп, мал-мүлкін тарату керек дейді. Олар туралы «Фатх-ул-мәжид» кітабының түрлі беттерінде жазылған; Екінші, Пайғамбарлардың (алейһимуссалам) және әулиелердің (қаддасаллаһу та'ала асраһумул азиз) рухынан шапағат сұраған адам, олардың мазарына барып, оларды себеп етіп, дұға еткен адам кәпір болады деп санайды; Үшінші, уаххабилердің

үшінші бұзық сенімдері – мазардың үстіне кесене салуды, кесенелерде намаз оқуды, онда қызмет істейтіндер мен намаз оқығандарға шырақ жағуды, өлгендердің рухына садақа нәзір етуді (атау) жаиз емес (дұрыс емес) деп санауы [2].

- *Ибн әл-Жаузи*, Жамал ад-Дин Әбу-л-Фараж Абд әр-Рахман Әли – ханбалиттік факих, діндар, мухаддис, тарихшы, белгілі бағдаттық уағыздаушы. Өзінің ұзақ өмірінде Ибн әл-Жаузи Бағдаттың діни-саяси өміріне белсене араласты. Дәстүрлік Исламды уағыздаушы жастайынан-ақ үлкен беделге ие болған. 1194 ж. ханбалит уәзірі ибн Жүніс тұтқындалып, оның орнына шиит ибн әл-Кассаба тағайындалған соң, ан-Насрдың саясатын сынаған Ибн әл-Жаузи тұтқынға алынып, Уаситке жер аударылды, түрмеде отырды. Ибн әл-Жаузи қаламынан шыққан 200-ден аса еңбегі бар. Ең бағалысы – 10 томдық «әл-Мунтазам» – Халифат тарихы жайлы шығармасы діншіл Исламның өзінің «жаңашылдыққа» қарсы күресін Ибн әл-Жаузи «Талбис Ібіліс» атты трактатында толық ашып көрсеткен. Кейіннен ол ханбалиттік пікірталас әдебиетінің басты шығармасына айналды. Бұл еңбек, негізінен, автордың пікірінше, Исламға қауіпті «жаңашылдықтардың» кіруіне жол берген мұсылман қоғамының өкілдеріне сын ретінде жазылған. Алайда, трактаттың көп бөлігі соттардың мұсылман қоғамдастығының өміріне «кері әсер етіп» отырған «жағымсыз» үлгідегі тәжірибесі мен теориясына баға беруге бағытталған. Дәл осы мәселеге ол өзінің «Сайд әл-хатир» және «Замм әл-хауа» атты шығармаларын да арнаған. Сондай-ақ, Ибн әл-Жаузи «... Қазіргі мұсылман қоғамдары кәпірлер қоғамы емес, барлық әңгіме мемлекет басшылары және олар ендіріп отырған заңдарда шығар»; армия және мемлекет құрамына өз өкілдерін кіргізу арқылы билікті қолға алу; қоғамды исламдандыру және т.б. экстремистік идеяларын да жүзеге асырған.

- *Хасан әл-Банн* (1908–1948 жж.). 1928 жылы «Мұсылман бауырлар» діни-саяси ассоциациясын құрып, өмірінің ақырына дейін оның жоғарғы тәлімгері болған. Ұйымның негізгі мақсаты – исламдық емес үкіметті жою және әлемдік масштабта «Ұлы Ислам халифаты» деп аталатын билікті құру.

Хасан әл-Баннның көзқарасының қалыптасуына Әбу Хамит әл-Ғазалидің, сондай-ақ Мұхаммед Абдонның, Жамал ад-Дин әл-Ауғанидің, Рашид Ридтің еңбектерінің ықпалы зор болды. Хасан әл-Банн Исламның сүннит бағытына сүйене отырып, әл-Ауғани мен Ридтің панисламизм идеяларын одан әрі өрістетті, яғни Исламның ұлттық сипаты – «Ислам мемлекеті» идеологиясын жасап шығарды:

- Бастауыш: жалпытанымдық және қайырымдылық қызметі, яғни жалпы жұртшылыққа ислам идеясын сіндіру;
- Құрылымдық: топтарға тартылған мүшелерді жауынгерлік (содырлық) күрес әдістеріне үйрету, мужайиттер дайындау;
- Күш көрсету: «Исламдық тәртіп орнату үшін шешуші ұрысқа кірісу».

Жоғарыдағы аталмыш баспалдақтар кезеңімен орындалуы шарт емес, бір уақыттың өзінде үшеуін де жүзеге асыруға болады деген идеясын қалдырған.

Мұсылман бауырлар идеологиясының негізінде панисламизм жатыр. «Ассоциация» Ислам тараған елдерде «Ислам әділеттігіне» сүйенген Құранда және шариятта тұжырымдалған Ислам парыздарын қатаң сақтайтын қоғам құруды өзінің басты мақсаты етіп ұстады. Хасан әл-Банн өлгеннен кейін олардың арасына іріткі түсіп, жеке-жеке топқа бөлініп, «Таяу және Орта Шығыс Мұсылман бауырлар қозғалысы» деп аталатын ұйымдар жұмыс істей бастады. Қазіргі кезде «Мұсылман бауырлар қозғалысы» үш бағытта жұмыс істейді: «Салауаттылар», «Ислам демократтары» және көптеген оң қанағты экстремистік топтар. Исламды қорғау партиясы да осы топқа жатады [3].

- *Хасан аль-Банна* – «Ислам мемлекеті» идеологиясын жасап шығарды: негізгі идеясы «бастауыш» – жалпытанымдық және қайырымдылық қызметі, яғни жалпы жұртшылыққа ислам идеясын сіндіру; «құрылымдық» – топтарға тартылған мүшелерді жауынгерлік (содырлық) күрес әрекеттеріне үйрету, мужайиттер дайындау; «күш көрсету» – исламдық тәртіп орнату үшін шешуші ұрысқа кірісу. Жоғарыда аталған баспалдақтар кезеңімен орындалуы шарт емес, бір уақыттың өзінде үшеуін де жүзеге асыруға болады.

- *Сайид Кутб* – «Қазіргі замандағы мұсылман қоғамдары сонау нағандық кезеңіндегідей. Сол үшін оларды тәрбиелеуден ешқандай пайда жоқ. Жалпыхалықтық көтеріліс емес, тек қана шынайы мұсылмандар қоғамы бастап беретін азамат соғысы шешуші фактор болып есептеледі» деп пайымдайды.

- *Абд-аль-Салам Фарраж* – «Армия және мемлекет құрамына өз өкілдерін кіргізу арқылы билікті қолға алу, қоғамды исламдандыру керек» деп есептейді [4].

Ислам экстремизміне тән өзіндік ерекшеліктердің бірі – белсенді әрі жылдам агрессиялық қимылдар қолдану арқылы, мейлі ол зорлық-зомбылық болсын, елде «ислам тәртібін» орнату. Яғни, қалыптасқан саяси билікке қарсы тұру жолында экстремистер үкіметке қарсы әдістерді кеңінен қолдануға дейін баруы әбден мүмкін.

Бүгінгі күні жаңа діндер өздеріне жаңа мүшелерді тартып қана қоймай, олардың ақыл-ойын қадағалап, бағыттап отырады деген де пікір жоқ емес. Ағылшын профессоры Айлин Барнердің пайымдауынша олардың жаңа мүшені өздеріне тартуда «миды тазартумен» (промывка мозгов) айналысатындарын, немесе «санаға бақылау» жасау сияқты әдістерді қолданатындықтарын теріске шығаруға болмайды [5, 16]. Мұндай діни ортаға түскен адамдардың психологиялық ауруға шалдығуы әбден мүмкін, сөйтіп денсаулығынан айрылып, өзін-өзі сыйлаудан кетеді дейді ағылшын ғалымы [6, 58].

Қазіргі тағда елімізде жаңа деструктивті діндердің біразының ашық жұмыс істеуіне ҚР дін істері жөніндегі агенттігінің сарапта-малары арқасында тиым салынды. «Сайентология шіркеуі», «Иегова куәгерлері» және т.б. ұйымдары тіркеуден шығарылды. Дей тұрғанмен олардың кейбіреулері коммерциялық ұйым ретінде қайта тіркелмеуіне кім кепіл.

ҚР дін істері жөніндегі агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, 2012 жылдың 25 қазанында Қазақстанда қайта тіркеуден өткен 17 конфессия мен деноминацияны құрайтын діни бірлестіктердің және филиалдарының жалпы саны 3088 болды (2011 жылдың 1 қаңтарына 46 конфессияны құрайтын бұрынғы 4551 діни бірлестіктердің ішінен). Олардың ішінде, «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» ислам діни бірлестігі 2228 мешіттен құралған, православие – Қазақстанның православ шіркеуі Митрополиций округ республикалық діни бірлестігі 9 епархия және 261 приходты біріктіреді. Сонымен қатар, православ шеңберінде Армян апостолдық шіркеуі және 8 ескі дәстүрлі шіркеу іс-әрекет жасайды.

Сондай-ақ, Қазақстанда Рим католикалық шіркеуінің 79 субъектісі, 4 иудейлік қауым және 2 буддалық бірлестік іс-әрекет жасайды. Бұрынғы іс-әрекет жасаған 666 протестанттық діни бірлестіктердің 462-сы тіркеуден өтті. 48 дәстүрлі емес ұйымдардың 16 бірлестігі тіркелді [7].

Ал, көршілес Ресейде псевдодіндердің зиянды жағын ескере отырып, жастарды сол діндерден құтқару Комитеті құрылған. Аталған Комитеттің мәліметтеріне сәйкес Ресейдегі діни ұйымдардың ішінде ең қауіптісі деп мыналар көрсетілді: «Біріктіру шіркеуі» (Мунистер), «Сайентология шіркеуі», «Иегова куәгерлері», «Христос шіркеуі», «Кришнаны мойындау Халықаралық қоғамы», «Аум Синрике», «Құдай балалары», «Сагана шіркеуі», «Ақ бауырластық», «Сатори рухани орталығы» және т.б. [8].

Оларды біздің еліміздегі діни экстремизм мәселелеріне тікелей байланысты деуге толық негіз бар.

Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бірлігі мен бүтіндігін сақтау – мемлекеттің ертеңгі дамыған елдер қатарына қосылуының кепілі екендігі мәлім. Дегенмен, кандай да болмасын экстремизм түрі, соның ішінде діни экстремизммен күресу бір ғана мемлекеттің қолынан келмесі анық. Көршілес мемлекеттердің басшылары бұл мәселені бірігіп, қолдарында бар күштерді жұмылдыру арқасында ғана шешуге болатындығын мойындайды. Қазіргі кезеңде әлемде кең етек алып отырған бұл індетті материалдық тұрғыдан ғана емес, адамдар бойындағы адамгершілік сезімдердің тұрпайылануының салдары деп ұғынған жөн. Сондықтан да діни экстремизммен күресте осыны басты назарда ұстауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 206 б.
2. <http://islam.dini.kz>
3. Ислам: энциклопедиялық анықтамалық / құраст.: Б. Аяған, Ж. Ибрагимов, Ж. Абдраманов. – Алматы: Аруна, 2010. – 592 б.
4. Али-заде А. Исламский энциклопедический словарь. – Москва. 2007. – 400 б.
5. Айлин Барнер. Новые религиозные движения. – СПб.: Издательство Русского Христианского гуманитарного института, 1997. – С. 289.
6. Бұл да сонда.
7. ҚР дін істері жөніндегі агентствоның төрағасы Қайрат Лама Шариғтің сұхбатынан // «Қазақстанская правда», 25-қазаны, 2012.
8. Писаренко Д. Почему молодежь выбирает секты // Аргументы и факты, 7 қаңтар, 1997.

Түйіндеме

Приоритеты современного образования в Послании Главы государства

Гульбахар Халикова – научный сотрудник отдела социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

Данная статья посвящена вопросу современного образования в Казахстане. В ней рассматриваются основные направления образовательного процесса, освещенные Президентом РК Н.А. Назарбаевым в Послании «Стратегия “Казахстан-2050”: новый политический курс состоявшегося государства».

Priorities of Contemporary Education as Given in the Presidential Address to the Nation

Gulbakhar Khalikova – Research Fellow, Department of Social and Political Analysis, Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS)

The article deals with the current state of education in Kazakhstan. It also traces the major vectors of its development as they were defined by President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in his Annual Address to the Nation “Kazakhstan 2050 Strategy: a New Political Course for the Established State”.

Условия развития энергетического и транспортного взаимодействия между странами Центральной Азии и Афганистаном
Болат Аюелбаев – заведующий отделом внешней политики и международной безопасности КИСИ при Президенте РК

В статье дан анализ складывающейся ситуации вокруг урегулирования кризисного состояния в Афганистане, оценкам афганской проблемы со стороны лидеров центральноазиатских государств, а также роли международных и региональных структур безопасности и финансовых институтов, задействованных в решении сложной конфликтной обстановки в этой стране.

Conditions for Development of Transport Cooperation between Central Asia and Afghanistan

Bolat Ayelbayev – Head of Department of International Affairs and Security Analysis, KazISS

The article considers the current state of Afghan settlement process and the position of the leaders of the Central Asian states over the issue. It also touches upon the role of

the international and regional security and financial institutions involved into resolution of the troubled situation in Afghanistan.

Центральная Азия и проблемы безопасности в евразийском пространстве

Нурлыхан Адилжанов – докторант ЕНУ им. Л. Гумилева

Глобальные изменения в геополитике и процессы экономической интеграции привели к пересмотру структуры системы обеспечения безопасности в евразийском пространстве. По мнению автора, кроме стран Центральной Азии, акторами региональной безопасности могут служить международные и региональные организации.

Central Asia and Security Issue within the Eurasian Space *Nurlykhan Adilzhanov – PhD Student, Gumilev Eurasian National University (ENU)*

The article traces the changes of geopolitical nature and processes of integration that have resulted into reconsideration of the structure of the security system within the Eurasian space. The author argues that, besides the Central Asian states, the international and regions organizations may become the security actors.

Реформы в области государственной службы Республики Казахстан в контексте перехода к президентско-парламентской форме правления

Камырова Гульжан – кандидат политических наук, декан Казахского инженерно-технологического университета
Куанышова Асель – заместитель заведующего кафедрой социально-гуманитарных наук Казахстанского инженерно-технологического университета, старший преподаватель

В статье рассматриваются вопросы развития государственной службы Республики Казахстан. Выявлены основные направления реализации Конституционной реформы 2007 года в области совершенствования политической системы в целом. Представлен анализ структуры управления, работы государственных органов, а также определены перспективы развития государственной службы РК.

Reformation of Public Administration in Kazakhstan amidst Transformation towards Presidential-Parliamentary Form of Government

Kamyrova Gulzhan – Dean, Kazakh University of Engineering and Technology, Candidate of Political Sciences
Kuanyshova Asel – Deputy Department Head, Department of Social and Human Science, Kazakh University of Engineering and Technology, Senior Lecturer

The article deals with the issues of development of the public administration in Kazakhstan. It considers the principle directions of the constitutional reform of 2007 aimed at further improving of the political system and government as the whole. The article provides the results of the analysis of the structure of government, state power

agents and agencies. The author also speculates of the perspectives of future development of the public administration's configuration of Kazakhstan.

Становление ветвей власти в системе государственного управления Казахстана и проблемы взаимодействия между ними *Лесбек Илбаев – докторант Академии государственного управления при Президенте РК*

В статье рассматриваются вопросы динамики развития государственной власти и управления в Республике Казахстан, разделения и взаимодействия ветвей власти.

Establishment of Branches of State Power in Kazakhstan and their Interrelations

Lesbeck Ilbayev – PhD Student, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan

The article deals with the establishment and development of the state power's configuration and public administration in Kazakhstan. The particular attention is paid to the issue of interrelations between the branches of the state power.

Роль прямых иностранных инвестиций в обеспечении инвестиционной безопасности Казахстана

Меруерт Сейдуманова – научный сотрудник отдела экономических исследований КИСИ при Президенте РК

Целью данной статьи является исследование современного состояния и перспектив привлечения прямых иностранных инвестиций (ПИИ) в экономику Казахстана. Обеспечение инвестиционной безопасности является особо актуальным вопросом для нашей страны. Прямые иностранные инвестиции представляют наиболее востребованную форму капиталовложений, позволяющую осуществлять реализацию крупных и важных проектов и обеспечивающую внедрение новейших технологий в республике. Для стимулирования дальнейшего экономического развития Казахстана по индустриально-инновационному пути необходимо максимальное использование возможностей ПИИ и повышение эффективности процессов их привлечения.

Foreign Direct Investment for Investment Security of Kazakhstan *Meruert Seidumanova – Research Fellow, Department of Economic Analysis, KazISS*

The article deals with the current state and perspectives of Foreign Direct Investment in Kazakhstan in the context of maintenance of its domestic investment security. FDI is the most popular format of investment enabling to implement large and important projects and introduction of the latest technologies. The author argues that in order to stimulate Kazakhstan's industrial and innovative development FDI should be used in their the maximum capacity.

Новые направления по реализации жилищной политики Республики Казахстан: оптимально-эконометрическая модель оценки стоимости жилья

Салтанат Кондыбаева – докторант КазНУ им. аль-Фараби

Жилищное строительство как среднее звено национальной экономики является одним из основных перспективных направлений развития экономики Казахстана. По мнению автора, правильная оценка стоимости жилья является залогом успешной реализации жилищной политики страны.

New Directions for Housing Policy in Kazakhstan: Best Model to Estimate the Cost of Housing

Saltanat Kondybayeva – PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University (KazNU)

Residential construction as the middle tier of the national economy is one of the main promising areas in Kazakhstan. According to the author, appropriate estimate of the cost of housing is a key to successful implementation of the housing policy.

Голодомор 1921–1922 годов и «Тургайское дело»

Курмангали Даркенов – доцент ЕНУ им. Л. Гумилева, кандидат исторических наук

Одним из «белых пятен» в истории Казахстана является голодомор 1921–1922 годов, охвативший пять губерний и один уезд: Оренбургскую, Актыбинскую, Уральскую, Букеевскую, Кустанайскую губернии и Адайский уезд. В статье автор рассматривает причины и последствия голодомора в Казахстане, а также громкий политический процесс, называемый в свое время «Тургайским делом».

Famine of 1921–1922; the “Turgay File”

Kurmangali Darkenov – Associate Professor, Gumilev ENU, Candidate of Science (History)

The author argues that the famine in Kazakhstan in 1921–1922 that affected the provinces of Orenburg, Aktobe, Ural'sk, Bukei, Kustanais'ka Aday has not yet received proper historical studies. In the article, the author examines the causes and consequences of famine in Kazakhstan. The article provides the details of the “Turgay Case”, the politically motivated state trial and its implications.

Реформы по смене алфавита и деятельность казахской интеллигенции

Кульжазира Абикенова – доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук

В настоящей статье автор исследует проблему введения латинского алфавита в Казахстане в начале XX века, анализирует методы внедрения, преимуществ и недостатков латиницы, приводит точку зрения казахской интеллигенции в отношении данной проблемы.

Alphabet Reforms and Kazakh Intellectuals
Kulzhazira Abikenova – Associate Professor, Al-Farabi KazNU, Candidate of Science (History)

In the article, the author examines the issue of introduction of the Latin alphabet in Kazakhstan in the early twentieth century and analyzes the methods of implementation of the reforms. The article also considers the advantages and disadvantages of the Latin alphabet and the views of the Kazakh intelligentsia on the issue.

Из истории этнополитических отношений казахов и киргизов (XIV–XVII вв.)

Эльмира Телеуова – доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук

В статье рассматривается общее политическое, культурное и историческое прошлое казахов и киргизов в контексте этнополитических отношений.

On History of Ethno-Political Relations of the Kazakhs and Kyrgyz (XIV–XVII c.)

Elmira Teleuova – Associate Professor, Al-Farabi KazNU, Candidate of Science (History)

The article discusses the common political, cultural and historical past of the Kazakhs and Kyrgyz in the context of their ethno-political relations.

Указы казахских ханов как источники истории дипломатических отношений

Абу Алпамыс – научный сотрудник Музея редких книг РГУ «Гылым ордасы», магистр истории

Согласно государственной программе «Культурное наследие», была проведена большая работа по выявлению и введению в научный оборот новых источников по истории казахского государства. Одними из таких источников являются указы казахских ханов, которые открывают новые страницы дипломатических отношений Казахского ханства с соседними государствами.

Decrees of the Kazakh Khans as Sources of Historical Studies of Diplomatic Relations

Abu Alpamys – “Gylm Ordasy” Museum of Rare Book, MA (History)

The article describes the work under the “Cultural Heritage” State Program in identifying and bringing into academic circulation a number of new sources on the history of the Kazakh state. Some of these sources, namely the decrees of the Kazakh Khans, are of particular importance for the research of the diplomatic relations of the Kazakh Khanate with the neighboring states.

Понятие религиозного экстремизма и идеологические истоки «исламского» экстремизма

Кайсар Назарбек – религиовед

Статья посвящена одной из важнейших проблем современного общества – «религиозному экстремизму», его пониманию и определению. По мнению автора,